

**ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВ**

**ӨМІР  
ТОЛҒАУЫ -  
КӨҢІЛ  
ТОЛҒАМЫ**

Өмір толғауы –  
көңіл толғауы


| Естәм Зікібаев

Зікібаев Есләм.

Өлендер, толғаулар. Құрастырған акынның жары Рауза Бәкіркызы Алматы, 2021. - 213 бет.

Есләм Зікібаевтың өмірінің әр кездерінде қағаз бетіне түсіп, жарық көрмеген, кейбіреулері бітпей қалған өлең жолдарын ұсынып отырмыз. Өзінің өмір жолындағы кездескен қуанышы, қайғысы, өмір толғамы суреттелген. Ел тағдыры, жер тағдыры оқыған оқырмандарын бей-жай қалдырмайды.

567135



Атам туралы бір ауыз сөз.

Менің атам Есләм Зікібаев белгілі акын, журналист, публицист 1936 жылы 5 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Есіл ауданында Өрнек ауылында дүниеге келген. Он жылдықты 1956 жылы бітіріп, қазіргі Әл-Фараби атындағы университетінің журналистика факультетін 1961 жылы тамамдаған. «Ұлан», «Егемен Қазақстан», «Жетісу» газеттерінде қызмет атқарған. Алғашқы «Ақ қайындар» жинағы 1975 жылы жарық көрді. Атамның өлеңдеріне әйгілі сазгерлер Әсет Бейсеуов, Нұрғиса Тілендиев, Әшір Молдағайынов, Бакытжан Құрманғалиев және т.б. ән жазды. Сонымен қатар, түркіменнің акыны Керім Құрбаннепесов, қырғыз акыны Жәлел Садыков, башқұрт акыны Шариф Бекколдын шығармаларын казак тіліне аударды.

Дүниеден өткеннен кейін «Жыр тағдырым», «Қас қағым сәт» шығармалары «Қазіргі казак поэзиясы» сериясында жарық көрді. 70 жылдық мерей-тойына орай «Армандай ғұмыр», «Өмір бәйге», 2011-2012 жылдар арасында 3 томдық «Таңдамалы өлеңдер жинағында» басылып шықты. 2004 жылы Үкімет қаулысымен Есләм Зікібаевтің аты Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Өрнек орта мектебіне берілді. Петропавл қаласында 2017 жылы акынның атында көше берілді.

Мен атамды тірі кісі ретінде енді ешқашанда көре алмайтын болғандықтан, оның тек жазушы ретінде қандай екенін өлеңдерін оқып танып жүрмін. Атам ойын өлеңдерінде шындықты шынайы суреттеуге тырысқан, сондықтан да, атам өлеңдері сипаттау емес, бірақ та сырласу болған.

*Табиғатта ағың – ақ,  
Қараң – қара,  
Әр нәрсеге елікпе, алаңдама  
Бойда жоқты әкең де бере ала ма  
Өз тағдырың қатысты саған ғана.»*

«Ұлыма» деген өлең арқылы атам ұтына кеңес бергісі келген. «Өмір қнын болса да, ұзақ болса да, тағдырың тек сенің қолыңда, бар керекті бердім бойына»,- деген оймен жазған. Бұл өлең атамның отбасыға махаббатын да, атамның терең ойын көрсетеді.

*Соңғы қоңырау –  
Бір ғажайап дүние екен  
Қуаныш қой –  
Сонда да қиын екен  
Әлде бұл да уақыттың бізге тартқан  
Балауса уақыты мен сыйыма екен.»*

Атам соңғы қоңырауда болған кездегі келген ойлары осы өлең шумақтарының арасында жүр. Барлығына бұл күн ғажайып, бірақ та атам үшін бұл күн одан да қатты жүрегіне тніп, ойға терең батқан.

*Жаным тағы жүреді – ау  
Мың сызып, мың жазамын.  
Тартқан ғана білер – ау  
Ақындардың азабын.»*

Атам өлеңдері өмір туралы, коршаған ортасы, отбасы өлең болып қағаз бетіде қалған. Өзінің өмір қиындықтарымен де сырласқан, жазушы болудың, өмір сүрудің, өлең жазуда азап екедігін балдай тәтті сөздермен сипаттаған.

Бұл өлеңдер, және осы кітапта жазылған өлеңдердің бәрі арқылы атам өзінің жан дүниесын қағаз бетінде қалдырып, оқырмандары мен бөліскісі келген.

--

Есләм Зікібаевтің немерелері.



# **БӨЛІМ**

*Өмір қандай?  
Соқпағы көп бұралаң.*



*Өмір толғауы - көңіл толғамы*

Бірде ашық көңілім, бірде тұман.  
Бір беті мұң өмірім, бір беті ән.  
Кұдай қосқан жарымдай қосақталып,  
Өмір бойы солармен бірге тұрам.

Ұйқың келсе, маужырап күн батпайды.  
Ояу жатсан, албырап таң атпайды.  
Қайшылығы бітпейді бұл ғұмырдың.  
Ашу жеңсе, ақылға қаратпайды.

Қара нөсер тынымсыз жауған мына –  
Ішпеген у, түспеген дау қалды ма?  
Соның бәрі көңілді көрбілте ғып,  
Ұмыттырар құдайды, тәубанды да...

Досы барды камалап дұшпаны жүр.  
Басқа қонған бағың да – ұшпалы гүл.  
Барды, жоқты ұмытып кетердеймін.  
Кұрсауына ап тас тағдыр қысқалы бір.

Берер ме алла әр кезде сұрағанды.  
Көрдім талай жабығып жылағанды.  
Өткен-кеткен заманда естімедім  
Жеттім деген арманға бір адамды.

Бір күні бұлт тірліктің, біркүні нұр...  
Адамның да жер басып тұр-түрі жүр.  
Көз алдымда сағымдай сылаң қағып,  
Жеткізбейді қусаң да түлкі-ғұмыр.

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,  
Жаксылық бар жанымды жүдетпеген.  
Кейінгілер ізіңді қайдан білсін –  
Адам ба адам артына гүл екпеген.

Кейде шалқып, бәсеңдер отым кей күн.  
Жазғанымнан ұрпағым оқыр кейін.  
Адам болып жаралып, адам болып,  
Өтсем фәни жалғаннан өкінбеймін.

Таусылмайды тірлікте толғанысым,  
Күн мен Түндей қайшылық толған ішім.  
Намыс буып, ызамен ыңыранып,  
Жатыр бұғып кеудемде жолбарысым.



Ұйқы қашты мезгілсіз неге менен.  
 Күлкім ащы. боланын елемеген.  
 Өн бойымды мың ине шабақтайды.  
 Шырылдатып каккандай шегеменен.

Көп іздедім інжуді ойға қанбай.  
 Нұрын төктім талайға толған Айдай.  
 Келгенің не өмірге, кеткенің не –  
 Ізсіз өтсең ештеңе болмағандай.

Жатыр күндер алмасып түндерменен...  
 Берерім көп. тек беріп үлгермеген.  
 Ойдағынның бәріне жете алмайсың.  
 Өтеріңді дүниеден білгенменен.

Бойындағы барыңды, нәріңді алған  
 Азын-аулақ жастықтан жалын қалған.  
 Барған сайын қызуы, қызығымен  
 Ыстық тартып барады жарық-жалған.

Бабалардың өмірін жалғасын деп,  
 Келеді арман әзірге алға сүйреп.  
 Шабыт берді бойыма талмасын деп,  
 Канат берді ойыма самғасын деп.

Мөлтілдеген көзде жас, көңілде – мұн...  
 Шарасынан шайкалып төгілгенін  
 Қиналсам да сан көріп, құтағам жоқ.  
 Жездем емес еркелер өмір менін.

Ойсыз өткен күнім мен түнім жарым.  
 Білмей келем тірлікте тыным барын.  
 Кейінгілер ішінен көп жырымның  
 Айтып жүрсе біреуін РИЗАМЫН!

Қимас ғұмыр – кім кетіп, кім келеді.  
 Барыңды алып, жоғыңды кім береді?  
 Әркім шама-шарқынша күн көреді.  
 Айта берсем, Қызыл тіл күрмеледі.

Бірде ашық көңілім, бірде тұман...  
 Бір беті мұн өмірім, бір беті – ән.  
 Өлгенде де солардан жұбым жазбай.  
 МӨНГІЛІК тұғырында бірге тұрам!

### *Өмір күрес*

Өмір-күрес!  
О достым не білісін,  
Бірде жеңсен, бірде жеңілесін.  
Бекем бол, қапы кетсең екі ұдайда  
Жүресің жамандыққа ерімесін.

Өмір күрес!  
Бәз біреу шатады іштен.  
Айлатыны алу қнын кара күшпен.  
Кейде шындық шындыктан ғана шегініп,  
Ақ болып көрінеді арам іштен.

Өмір-күрес!  
Ол кейде білінбейді –  
Таптаса да адамдықтың гүлін мейлі.  
Кей досын ту сыртыннан канжар малып,  
Бетіне жәдігейше күлімдейді.

Өмір күрес!  
Айла мен тәсіл керек.  
Кейде топас көрінер асыл зерек  
Өтіріктің аты озып ондай кезде  
Осалыңды мықтыдан басым демек.

Өмір күрес!  
Жататын қайталанып  
Жасырмаймын, ойымды айтым анық.  
Кейбіреулер түседі сан күреске  
Қарсыластың шамасына қанып атып.

Идірем деп қаншама тірескенмен  
Тасты жерге жайылып гүл өспеген.  
Бабам сірә білмеген есебінді –  
Осал жаумен қол былғап күреспеген.

Пендемін ғой –  
Қасым да, досым да көп  
Таңданба жаңалығын осы ма деп  
Әкем айтқан білсең де озарынды  
Жабылар бәйгесіне қосылма деп.

\*\*\*

Ой да өлді, үміт те, сезім де өлді  
Ақты кара жеңгенін көзім көрді.

Қарсы қойып өзіме өзімді енді  
Тірі жүріп өлген де кезім болды.

О менің арман бағым,арман бағым  
Көкарай көкшалғынды толған бағым  
Сол күйі көз алдыма әкелемін  
Бір кезде шалқып-толқып болған бәрін.

Бүгінде ортайғаным – қартайғаным.  
Сеземін нұрлы жүзден әр тайғанын.  
Жанымның ортайғанын - қартайғанын  
Артыма карап тұрып, санап тұрып.

### ***СЕНІМІМ – СЕРІГІМ***

Құдайға сенем.  
Күн. Айға сенем.  
Сенемін...  
Сенемін неге?  
Іздегемен себебін.  
Қаныма сінген қасиет болар әу баста.  
Сол сенімімнен айнымай әзір келемін.  
Иманым болар.  
Жиғаным болар сол сенім.  
Шамалап әзір көрмедім оның өлшемін.  
Сенімім аман.  
Сері көңілім орынында.  
Әлемде тыныштық.  
Апаттан қағас болса етім.  
Күйінен тайып көрмеген мен бір тепенкөк.  
Жетпей де қалған жерім көп талай жетем деп.  
Сенімнен бір айныған күнім жоқ, сірә.  
Кей-кейде тағдыр түлкі боп алдады екен деп.  
Күймеске күйіп.  
Тонамыз кейде тонбасқа.  
Көк дөнен көңіл бабында әркез болмас та.  
Бәрі бір тірлік тынымсыз ағып барады.  
Тарам да-тарам тартылып алға жол қасқа.  
Тағдырым менің – осы қасқа жолдарда.  
Тәубама келем кемерден асып-толғанда.  
Жанымда жүрер сенімім – әркез серігім.  
Ыстықта – сая.  
Ықтасын – жаурап-тонғанда.  
Баса алмай кейде көңілдің асау желігін.

Безбестен безіп.  
 Жерімес жерде жерідім.  
 Сондай сәттерде тәубамды ұмыттырмайтын  
 Айнымас адал серігім – жалғыз СЕНІМІМ!

### **ЗЫМЫРАП БАРАДЫ ӨМІР**

Жыр жазсам, жырмен бірге мұн келеді.  
 Бұл не мұн. камалаған күнде мені.  
 Күзде гі күніренген күрен белдей  
 Мамырдың майса-мамық гүлдегені.  
 Сыртымсау, іші құрғыр алай-дүлей.  
 Қайранмын, құрдастарым қалай жүр ей?!  
 Көз ілсем анталаған аш бөрідей.  
 Камалап қайырымсыз талайды үрей.

Түкке де түсінбедім, түсінбедім...  
 Көрдім талай ит болып кісі үргенін.  
 Не болып бара жатыр мына дүние.  
 Сыртым сау, ойран-асыр ішім менің.  
 Алдырған бөлтірігін бөрілердей  
 Ызаты, әзірейлі боп көрінердей.  
 Мын емес, мұнмен жалғыз алысканда,  
 Достың да кетті айналып көбі келмей.

Шын жүйрік шаппай қалса тер тілерме.  
 Бар ма осы қуат-қайрат желпінерге?  
 Сұтық түсем сәл ғана серпілем де.  
 Еместей өмірімнің еркі менде.  
 Өрнеге елеңдеген нала көңіл.  
 Өрттей боп алаулаған жанады өңір.  
 Тұлпардай басы қатты тоқтайалмай.  
 Зымырап көз алдымда барады ӨМІР!

\*\*\*

Кеудем толы бұрқаған қуйын, дауыл.  
 Есеп – қисапқа айналған тиын дәуір  
 Еш пендеге шешіліп сыр ашпайсын  
 Бұл не деген тіршілік – күйім де ауыр.  
 Міне осылай, жағдайым қиын, бауыр  
 Желден бе едің тағдырым, селден бе едің  
 Шешек атпай гүлдерім семген бе едің  
 Күн бұлттанса жоғалған көлеңкедей.  
 Алдап кете береді сенгендерім.

Арылмай ма жүрегім шерден менің.  
 Жакын деген жандарым жат па, қатай  
 Көп ісімнің біріне жакпағаны-ай  
 Өзіме де.өзгеге өкпе артпастай  
 Кетсем бе екен бас ауған жакка қарай.  
 Тұрақ таппай қаңбақтай сай, даладан  
 Безер едім. безгенде қайда барам  
 Дүниені кезгенмен, таба алам ба?  
 Артық жерді мен тұрған айналадан.

\*\*\*

Шындық атты шынар бар – ұқтырам деп.  
 Сол шынарша шайқалмай тік турам деп  
 Талайлармен жан кешіп, жағаластым  
 Ойламадым шындыктан мықты бар деп.  
 Шындық – менің ожданым.  
 Ар – намысым  
 Шындық болып сайрайды таңда құсым.  
 Құс мамықта дөнбекшіп жата алмадым  
 Шындық кейде шырылдап қалғаны үшін.

Талай таным ұйқысыз өтті менің  
 Шындық үшін сан мәрте сокқы жедім  
 Шындық үшін жанымды алсан ал да  
 Таза қалдыр арымды деп тіледім.  
 Алда қанша күнім бар-біле алмадым  
 Тіршілікте түгескен кім арманын.  
 Көшер жылдар, керуендесі  
 Солмаса болды тегі  
 Көңілімде шындық атты шынар-бағым.

\*\*\*

Бәрін білсек, өмірде бәрін білсек  
 Балдай шырын – тәттінің дәмін білсек.  
 Удай ащы – запыранын зәрін білсек  
 Тілді үйірер тірліктің нәрін білсек.

Білсек егер ертеңгі күнімізді  
 Толатұғын, солатын гүлімізді  
 Еліктіріп өзіне ертер ме еді  
 Баға жетпес тірліктің құны бізді.

Жұмбақ өмір өзіне тартар ма еді  
 Тартар ма еді тау міндет артар ма еді  
 Білсем ертең фәнидің соңы барын  
 Басталған той ерте таркар ма еді.

\*\*\*

Жазамыз, сызымыз –  
 Жазамыз, сызамыз  
 Білмейтін адамға азаптай бұт нағыз  
 Сөздердің тізбегін қурамыз.  
 Құарасыз, тағыда бұзамыз  
 Сырт көзге көрінбес кестесін  
 Тек қана өзіміз ұғамыз.  
 Өзіміз ұғамыз –  
 Сикырдай сыр барын  
 Әр сөздің артында сын барын.  
 Алдында асулы шын барын.  
 Сол үшін өтеді күндерін.  
 Айларын, жылдарын.  
 Сөз деген құдірет –  
 Келтіріп кестесін тапқанға  
 Алау боп маздайды ақпанда.  
 Жауказын секілді гүл жарған  
 Гүл жарған ақ қарда.  
 Сөз – менің бақыттым.  
 Барым да  
 Сөз – менің ожданым.  
 Арым да.  
 Сөз – менің мұратым, қуатым  
 Демейтін шалдыққан шағымда  
 Әркім-ақ ұғынар себебін.  
 Ақын деп таныса мені елім  
 Сол сөздің сәні үшін, мәні үшін  
 Күрескер сапында келемін.

\*\*\*

Шақырады бір биік  
 Шақырады армандай  
 Сол биікте тұр киік  
 Көздің жауын алғандай.

Сұлуын-ай сұлуын!  
 Сөзімді арбайды  
 Тұруын-ай, тұруын-  
 Ескерткіштен аумайды.

Құралайдың сәніне  
 Бас игендей күллі шын  
 Асқақ қарап бәріне  
 Бір төбеде тұр мүсін.

Асқар таудың шынына  
Қарандаршы, қараңдар  
Жаратқан-ау мұны да  
Қызықсын деп адамдар.

\*\*\*

Қарыздармын жығылған да кезім бар,  
Сүрінген де, білдіргем жоқ сонда да сырымды елге  
Адамдардан азды-көп түгілгенде  
Адал жандар жаныма нұрын құйды.

Жаксы ағалар жанына ап сол күндерде  
Солған жоқсын, сен қайта толдың деді  
Сеніммен қараған отты көздер  
Кеудемдегі жалынды сөндірмеді.

Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде  
Шешек атты, түсіндім мұны мен де.  
Ағалардан алған сол қарыздарды  
Бакыттымын-қайтарсам інілерге.

Акын жаны ойынды түсінемін, ойнама сен  
Талай жасқа келдік қой кісі көріп  
Тен көргенді кем көру достық емес  
Жосығы жоқ – мен қалай кешіремін.

Жылдар өтті зымырап арада сан,  
Өуре болма достыққа жарамасам.  
Кемдік үшін жаратқан жан емеспін  
Тен деп ұқсан, тен тұрып араласам.

Достарым көп қалада, далада сан  
Көресін бірге жүріп араласан  
Акын жаны білгенге гүлден нәзік,  
Гүл қайтып көктемейді жараласан.

\*\*\*

Құлыншақтай күнімде шапқылаған  
Әке, сенің жоктығың батты маған  
Пана болар жан іздеп зыр жүгірдім  
Суығымен айтқанда қатқыл адам  
Жолымда көп кезікті қатқыл адам  
Әке, сенді өзім де ата болдым  
Өмірім мен өнерді қатар өрдім.  
Бірақ сенің орының бөлек екен  
Сен жоктықтан қаншама жапа көрдім.

Запа көрдім, зар шектім, налыдым көп  
Талайларға жанасып танығым кеп  
Жалғыз ауыз сөзіне жетпейді екен  
Еркелетіп айтатын «жарығым» - деп.  
Бірде төмен, бірде өрге жүрдім  
Бүгін айтып кайтемін көргенімнің  
Әке, сенің жоктығың батты маған.

\*\*\*

Көрер көзге азайын деп азбайсын  
Тағдырын сол – тірлігіне мәз кайсын  
Өрде шалқып, төрде шарпып маздайсын  
Көзде қалқып қанкылдаған қаздайсын  
Қосілішін қожигегі қотеріп  
Қанат бітіп, ұшып кете жаздайсын.

\*\*\*

Түсінбеймін –  
Маған осы не болып барады бұл.  
Тозағына салғандай ната-ғұмыр  
Күлуге де құлқым жоқ, жылауға да  
Қоршап алған белгісіз, сұрау ғана  
Көкірегім өртеніп жанады кіл.

Көкірегім жанады кіл өртеніп,  
Өзімді өзім қиынға жүрем тегіп.  
Десем тағы кісімен кісі күні  
Мұны жұрттың қиын-ау түсінуі  
Жасыңды айтып жасытпа асылыңды  
Болмаған соң ой ісіннің кішілігі.

\*\*\*

Оңай ма ойлама дейді.  
Ештеңені де ойлама аза да тұтпа.  
Құанышыңды тойлама  
Бауыздап жатса маңырап белгі бермейтін  
Түк ойламауға, шыдайтын шығар қой ғана.

Тірлік көгімде айналамда бұлт мұнартып  
Ертеңгі күнге қараймын ылғи құмартып  
Ойлама дейді.  
Ойламай қайтіп күн кешем  
Ойсыз қалғаннан қалғып кеткенім мың артық.

Ойлама дейді.  
Ойламай көрдім бір талай



Құлдырамай да, биіке самғап шырқамай  
Мынау өктем үн қайтеді мені, құдай-ау  
Үмітімді үзіп, қиял канатымды қырка ма ай.

Байлауда тұрған белдеуде бесті арманым  
Болжай алмаймын не болатынын алда күн.  
Мұншама снжар езі тірлігімнен түңіліп  
Ештегені ұқпас.  
Ертенгі күнді қарғадым.

Мына тіршілік – қадалған жанға шоқай ма  
Құтыла алмайсың бұлай да, олай да.  
Ақын боп жүректі азапка салған аруана  
Қайда қашсаң да қорқыттың қорі қазулы  
Шығады алдан, құтыла қою онай ма.

Біле-білгенге – тіршілігінде ой көрік  
Бас болғанан соң бұл ойға қалай қой делік  
Жатады бірде қазалы жерде аза боп  
Ал енді бірде желпіндер жанды той болып  
Бәріне соның самарқау, салқын қарасак  
Кетпейміз бе біз де қой болып.

\*\*\*

Ұлтым қазақ басы ашық,  
Алдамаймын  
Оған да әлде күмәннің бар ма,  
Руымды қайтесің, урамысын  
Керек емес орынсыз дау-дамайын  
Шатағы мол шарадай көңіл кесе  
Болар еді шайқалып төгілмесе  
Аспан жерге құлар деп қорқамысын  
Қайран қазақ үш жүзге бөлінбесе,  
Қай тумасын дедің бе?  
Қайсы керек,  
Қайсы жакын озіңе,  
Қайсы бөлек  
Шынымды айтсам,  
Япырай! дер ме екенсің  
Қаңғып жүрген бұл жакта қай сүмелек.  
Неңдей оймен сұрадың?  
Түсінбедім  
Болды ма әлде атқарған ісімде мін.  
Жеті атасын жіліктеп, жіктейтіндей  
Мен сенің сезіктерің кісің бе едім.

\*\*\*

Хабарыңда қапы жоқ, хабарыңда  
Осы ғой сені ерге баларым да.  
Жан жүрегім егіліп жылап отыр  
Тамшы жас болмағанмен жанарымда.

Жылап отыр егіліп жан жүрегім  
Кім айта алар күндердің алғы легін  
Ғұмыр бойы сен жакка карауменен  
Көгендей көздерім де талды менін.

Бұл жүрегім жылай ма, ән сала ма,  
Армандай сені ылғи қарсы ала ма.  
Сүйе білген және де күе білген  
Сенің, қалқам, жолыңда жан садаға.

\*\*\*

Көңіл-көл, бір тұнығы шайқалмаған  
Көп сырым бар жеткізіп айта алмаған  
Балалық – балдәуенім екенсің-ау  
Кезінде соның бәрі байқалмаған.


Өткеннің өкінішін айтар ма адам,  
Кезінде соның бәрі байқалмаған.  
Табиғат, білейін шын мәрттігіңді  
Бір сәтке балалығым қайтар маған.

Қайғысыз, қамсыз жүрген кездерімнің  
Қадірін жігіт болған кезде білдім,  
Жылдардың зымырауын сезбей қаппын  
Жананда еркелеумен жезде – күннің.

Кемедей жағалаудан алыстаған  
Кәзірде көп қызығын қалыс маған.  
Білейін балалықтың баламасын  
Жасасам бұрынғыдай шалыс қадам.

Зулайды қалай – қалай мына күндер,  
Уақыт жоқ бұрынғыдай бұламын дер.  
Озғандарды алайын қуып жетіп  
Болмаса онда шабыттың пырағын бер.

Парағын бер шабыттың талмайтұғын  
Қырандай қияларға самғайтұғын  
Қалшым бар ұлы өмірдің бәйгесінде  
Бір озбасам құмарым қанбайтұғын.



\*\*\*

Сырға жырды, жырға сырды костым да,  
Шындарымды, мұн – зарымды костым да.  
Ақ қағазға, ақ түсіріп ем, ақ көңілім  
Кетті айналып күнгірт кара кошкылға.

Көңілім де, өмірім де күп-күрен  
Жүрек шіркін осыншалық күпті ме ен  
Жүріп-жүріп сезімнің де, о ғажап  
Түрі-түсі болатынын ұқтым мен.

Өмір-өмір... Ақан судай, не дерсін  
Басымыздан өтті дәурен – нелер сын.  
Қара тасқа қайрап салсан қайтпайтын  
Қайрат сынса, қайтіп қалай жетерсін?!

Өтті бәрі, артта қалды сері күн.  
Сан соқтырып сансратты сенімім.  
Іздегенмен енді қайтіп таппайсын  
Жас көңілдің алабұртқан желігін.

Жұмбақ ғұмыр білмеймін не дерімді.  
Кімге сенбей, кімдерге сенерімді.  
Өзіме өзім қараймын – қайран қатам сыртым сұту,  
Жүрегім неге мұнды?!

Маған ғана уақыттың зіл салмағы  
Түскені ме – жанымды мұн шалғаны?  
Кірпік ілмей жатамын ой қамалап  
Көңіл ояу, көзімді жұмсам – дағы.

\*\*\*

Айналайындар-ай,  
Іздейді мені бәр-бәрі –  
Баталары да, жігіттері де, шалдары.  
Апа қарындас, жеңгелер мен шешелер  
Елі іздегеннің бар ма екен, сірә арманы.

Жүдеп жүр едім,  
Түлеп қалдым-ау қайтадан.  
Көңілімді бір алапат сезім шайқаған.  
Тіл шіркіннің де жете бермейтін жері көп  
Ойымды қалай өрнектеп сөзбен айта алам.

Қайран көңіл-ай баса алмай жүрген желігін  
Сезім сел болса, тоқтата қояр сені кім.

Жасарып алдым, масайып қалдым бакыттан  
 Іздейді екен ғой.  
 Іздейді екен ғой ел Ұлын.

\*\*\*

Өмір қандай?  
 Сокпағы көп бұралан  
 Көңіл қандай  
 Әрнәрсеге кіл алаң  
 Ал бакыттын ұстатпайды сұраған.  
 Құдайыннан құлдык ұрып сұраған  
 Бакытына, бакытына жете алмайды сірә, адам.  
 Талайларды көрдім өксіп жылаған.

\*\*\*

Мен туған жер.  
 Мен өскен жер баяғы  
 Жота-қырлар.  
 Дөнес белдер баяғы  
 Ақ кайындар.  
 Жасыл терек шыршалар...  
 Жапырағын көктем сайын жаяды.  
 Анау терек көрген болар атамды.  
 Бәлкім арғы бабамнан да бата алды.  
 Өткен-кеткен тағым етіп тұрады –  
 Қасиетті кара ағаш деп атанды.  
 Жаз келгенінде Апа алаканындай аялы  
 Төбеннен төсеп жасыл желегін жаяды.  
 Өткізді екен пана ғып салқын саянды  
 Халқымның қанша Қозысы менен Баяны.

\*\*\*

Алпыс-тағы жасы ғой деп бір ердің  
 Ел алдында болмасын деп жігер-құм  
 Біле тұра шама-шарқын акынның  
 Көп көпшікті тастап-тастап жібердім.

«Обал шығар «ішкен-жегенді» ақтамау  
 Мен актадым, басқалар да мактады-ау.  
 Арасына косып едім бір шындық  
 Соның өзі ағакеме жакпада-ау.

Жүргенің де, тұрғаныңда да мактан ғып  
 Суды сөздей, сөзді судай-ақ  
 Көзді жұмып шырайына шындықтың  
 Қыза-қыза ұлы деуге шак қалдық...

Жүйрік мінсе басатұғын такымға  
Сезім деген қызық-ақ қой акында  
Өз бойынның өлшей алар өресін  
Артық болмас еді-ау, аз-маз ақыл да.

– Акнык! - деп, желден жүйрік акын деп  
Елге өнеге болатындай әкім деп  
Бір биікке шығарып ап қолпаштап  
Түсіре алмай қиналдык – ау ақыр кеп.

Арнау сөзде алдау қандай көп еді  
Кім айта алар тойда тоқтау – төрені.  
Өкініші-сол сөздерге шын сеніп  
Қоспаларын ұға алмай-ақ өледі.

\*\*\*

Жазасын ғой.  
Жазасын ғой.  
Жаз, қалам  
Акындарға алау керек маздаған.  
Сол алаудан өрт шығарып аластай  
Сабыр да артық болсам еді-ау аздаған  
60 жасқа толу дағы сын екен  
Көп сөз айттық.  
Жүзден бірі-ақ шын екен  
Той таркады дұылдатып жер-көкті  
Шуылдатып бәрімізді ел кетті  
Ал ағамыз көп шапанға кешегі  
Қалай сиып жүр екен?!

\*\*\*

Кеш ұғып...  
Па дүние есіріп  
Күнәсіздің үміт отын өшіріп  
Күнәһардың зұлымдығын кешіріп  
Қым-қиғаш боп жатқан мынау тірліктің  
Қор боламыз қасрет – мұңын кеш ұғып.

Құлдық ұрып.  
Құдайды алып ауызға.  
Сиярдаймыз бәріміз бір қауызға  
Момақандардың несібесін тартып жеп  
Жол ашамыз жалмауызбен жауызға.

Сүттей таза пәк әлем  
Пәк әлемге пәк сезіммен қарап ем

Қас қылғандай қасакана бір жауыз  
Ақтың бәрін бояп кетті карамен.

Бояп кетті қозалдымда бәр-бәрін  
Аялаған ақдүниенің арманын  
Жігерім – құм.  
Түк келмеді қолымнан  
Ең болмаса жолын бөгей атмадым.

Па дүние есіріп  
Зұлымдықпен белдесе алмай шешініп  
Күнәсіздің арман отын өшіріп.  
Қамшы сабы секілдеген ғұмырдың  
Қор боламыз тез отеріп кеш ұғып.

\*\*\*

Аш бөрідей жыр дегенім жыр емес, азанам  
Үйренген бас қайғыға, қазаға да  
Дүние жылап тұрғанда күңіреніп  
Күйі келіп турар ма сорлы ақынға

Зарын, мұнын аркалап шешелердің.  
Еңсем түсіп ауылдан кеше келдім  
– Бейбіт өткен елу жыл еркіндікпен  
Көгергені осы ма көсегемнің?

Дейді бәрі біле алмай не дерімді  
Қиналдым-ау жүрегім неге егілді?  
Кінәлі деп айтам ба аузым барып  
Жауды женген кешегі ер елімді.

Естіп жүрміз онсыз да, оқып жүрміз  
Көп кеудеде ұялап отыр жын-құз.  
Кім үшін окка ұшқан.  
Тапканы не? - деп кейде көкіп жүрміз.

Дүниеге әкелген кіісі қылып  
Тәңірімнің де тұрғандай мысы құрып  
Өткенімді бүгінмен салыстырсам  
Аш бөрідей кетеді ішім ұлып.

\*\*\*

Он сомым бар – ойладым Он сом ғой! - деп  
Ол да бір елендетер өлшем ғой! - деп  
Қызыл-жасыл киюге құмар қызым.  
Қуанар-ау сатып ап берсем көйлек.

Жүз сомым бар – ойладым Жүз сом ғой! - деп  
 Сұтуларға көзімді сүзсем ғой! - деп  
 Еркелеген біреуін ертіп алып,  
 Дариясында шаттықтың жүзсем ғой деп.

Мың сомым бар – мың сомның күші де ерен  
 Талайларды басардай мысыменен.  
 Қаттаңдағы мың сомның желі-буы  
 Сойлестірмес кез келген кісіменен.

Соның бәрі кеше еді, кеше ғана  
 Кесірлікті құдайым кеше ала ма  
 Аз ақшаның буына мас болатын  
 Есер іні коп еді, есер аға...

Көрдін бе жан көрмеген құдыретті  
 Он сом түгіл он мыңның құны кетті  
 Айлығыңа бір көйлек ала алмайсын  
 Миллионменен ойнайды күніге епті.

Шырк айналып дүние шала бүлінді.  
 Айырбастайсын ақшаға бақ, арыңды.  
 Бір туатын ғасырда данаңда да  
 Салыстырсаң құны жоқ бата құрлы.

Жыртығымыз жамаумен бүтінделіп  
 Жүрек әзір соғып тұр лүпілдеген  
 Мылтықсыз соғыс қашан бітеді деп  
 Көзі талды қартардың күтуменен.

Бір мың емес, кәзірде жүз мыңым бар  
 Жүз мыңым бар – шайлығым, тұздығым бар  
 Миллионер болсаң да жарымайды  
 Қамап алған секілді аты ғана  
 Жаратты екен қай күні бізді мұңдар.

Араласқан бірі мұң, бірі қайғы  
 Күндер қалай тоқтамай зымырайды.  
 Орысымды «айналып – толғандың» - деп  
 Қорлағаны кеше ғой Ыбырайды.

\*\*\*

Батамын мен сұтулықтың айта алар кім өлшемін  
 Біреу көлін мактайды, біреу шөлін.  
 Туған елің болмаса Ту ғып ұстар  
 Қадіріңді басқа кім білер сенін.

Өз елімде сұлтанмын, өз жерімде  
Айтсам өтер ойларым, сөздерім де  
Ақынмын деп кеудемді канша ұрғанмен  
Еркелігім жарасар өзге кімге.

Елге барса ақ көңіл Ана көріп  
Қайта түлеп, шығамын бала болып.  
Кісімсінген қалпыңнан демде өзгеріп,  
Ақындығым әп сәтте қалады өліп.

Жасы еркелеп, үлкені еркелетіп  
Ағам, жеңгем той болса ерте кетіп,  
Құшағына қатын ел алған сәтте  
Қалғаныма қысылам ерте жетіп.

Суық ұрып солдырған ерте гүлін  
Көңілім-сынық домбра, шертеді мұн  
Жетім қозы секілді тез отатар,  
Шүкір бүгін ауылдың ерке ұлымын.

Тона білген және де жана білген  
Тек жақсылық тілеген жан-арымен  
Елге келем бәрін де тез ұмытар  
Ақын емес, Баяғы баламын мен.

\*\*\*

Беу Мағжан-ай  
Беу Мағжан-ай,  
Беу Мағжан-ай,  
Ұрпақтарын ер жетіп  
Сырларыңды тербетіп  
Аруағыңды қайта оятып алғаны-ай,  
Арман-арман – арман-ай,  
Ой тербетіп теңіздейін тұңғыық  
От жырларың көңілдерге нұр құйып  
Туған қала Қызылжардың төрінде  
Асқақ тұлған тас тұғырда тұр биік,  
Жауыздар-ай,  
Көре алмайды соны әлі  
Қызғаныштан бір күйіп, бір жанады  
Ұлысын ғой, елемейсін бірін де  
Руқынның өзі олардан жоғары,  
Көңілін шер, көкірегін мұз қарып  
Сыбағасыз қалған жандай сызданып  
Өле алмай жүр ақ өліммен арсыздар  
Аруағыңның аскақтығын қызғанып.



Беу Мағжан-ай  
 Қазағымның аңқылдаған ақ жаны-ай  
 Қазағымның аңқылдаған ақ жаны-ай  
 Тағдырына таласумен келеді  
 Күн мен түндей араласқан бак – жан-ай.  
 Қызылжардың как төрінде тас мүсін  
 Көрсетердей Ұлылықтың хас күшін.  
 Аскак карап ертеңіне тұр әне  
 Сол тұрысы кастың мысын басты шын.  
 О, ғаламат.  
 Қандай қайсар өр еді.  
 Өмірі де.  
 Өнері де.  
 Өлеңі....  
 Қайсарлығы қанжар болып қадалды  
 Ерге дұшпан ездер қандай көп еді.

\*\*\*

Жаксы күнін, жаксылығын көрсін көп  
 Жүрген жері той-думанға толсын деп.  
 Қойған сынды атыңызды анаңыз  
 Өмірі де ұзақрак болсын деп.

Сол тілегі әз Ананын ақталып.  
 Ер жігіттің ақыл қонып, бак дарып.  
 Өмекеңдей Ағаыз бар дегенді  
 Сөз келгенде айтамыз кіл мақтанып.

Тумысынан айнымайтын бір елі.  
 Өскен жігіт-өз елінің түлегі  
 Қартайғанша бұзбасын тек соғуын  
 Өз ағаның Ел деп соккан жүрегі.

Аса алатын асуыңды құз деме.  
 Дейді – «қазақ бакты сыртан іздеме»  
 Тіп-тік қалпы жүрсеніз тек болғаны  
 Келген шақта тоқсанға ма, жүзге ме?

Асқар таудың жұрт білмейтін сыры көп  
 Айта алмаймыз көп жаксының бірі деп  
 Қуантумен дүйім елді жүріңіз  
 Сексенде де, тоқсанда да ірі боп.

\*\*\*

Қаласы бар, жазира даласы бар  
 Әкесі бар, жаны риза анасы бар

Ұлын, қызын ұшырып ұясынан  
Осылай бір шалқуға бәрі асығар.

Жүректерде сәуле мен шырақ тұнып  
Көкірегінен мәуелі гүл аттырып  
Ата-аналар балаға бақ тілейді  
Күліп тұрып, шаттықтан жылап тұрып.

Ата жолы – халықтың Ұлы анасын  
Қастерлейік, оны ешкім сынамасын  
Бакыты үшін баланың біз жылайық  
Тек балалар біз үшін жыламасын.

\*\*\*

*Мұқағалиға*

Көкірегіннің түбіне хаттап зман.  
Кім бар сені қазақта жаттамаған?  
Жырыңды оқып келгенде, тебіреніп  
Жақынымдай көрінер жат та маған.

Қара өленнің адуын дауылындай.  
Дауыл соғып тербейді тауымды удай.  
Сен арқылы келгенде жастың бәрі  
Көрінеді жырдағы бауырымдай.

Жаралғаннан тау-таудың гүлі бөлсек  
Болған емес біреуі біріне тен  
Таудан алған бастауын тас бұлақтай  
Арыны басылмаған құдрет ен.

Өсірген нелер дана, келді алып  
Елде саған қудайдай сенері анық  
Көп толқындар, жарысқан көп толқындар  
Бара жатыр бастауын сенен алып.

\*\*\*

Күн тұман, көңілімде сондай бүгін  
Төнерегімді торлайды мұң  
Тұмшалап, төнерегімді торлайды мұң...  
Білмеймін сорлайды кім, қорғайды кім.

Бұзынғыр – көрсетпейді көкжиекті  
Кім тербер тебіреніп жоқ жүректі  
Біреуді біреу арбап, айла асырып,  
Артист болып кеттік тегіс, көп жыл өтті.

Туа сап сендік шемен, көсемдерге  
Мөз болдык «көсемдерге» көш ергенде  
Қайран қап қайырладық жайындардай  
Сол сенім «көсемдермен» коса өлгенде.

Бас сынды, жең ішінде қол да сынды,  
Сынықтан алған қызы арда сынды.  
Келеміз көтере алмай еңсемізді  
Кеудеге құйып алған қорғасынды.

Ойымыз кісендеуді, қолда-шідер  
Сарбаз көп, сардарлар жоқ қолбасы дер.  
Елім деп ертсеңі үшін егілгенде  
Бойына ішкен асын зорға сінер.

Еренбіз іріленіп-ісінгенде  
Шеберміз кісі алдында кішіргенде.  
Тегі кім, теңі кімдеп таңданасыз  
Еңсесін ел – жұртының түсіргенге.

\*\*\*

Душпаным қамаласа, досым күндеп,  
Жарықта жол таба алмай жосылдым көп  
Тірліктің таусылмайтын шырғатаны  
Шырмайды, тосылдым көп, тосылдым көп.  
Арманым айдан асып шын-асуға  
Ағайын бірін-бірі сынасуға  
Жан қысар дос табу қиын бүгін,  
Қиын бүгін сенісіп, сыр ашу да.  
Бір шоқып, сауысқандай екі қарап  
Тағатын тауысқандай жетім балаң.

\*\*\*

Ілінсе-ақ көзім жас күнім түске кірелі  
Кіреді кілең қызғалдақ қыздар – гүл өңі.  
Алыстап кеткен армандай асыл кездер-ай  
Ақ сағым қырдың арғы жағында ылғи жүреді.  
Арман-ай, арман...  
Асқақ бір белен-белестен  
Жаныңды желпіп алдыңнан саумал леп ескен.  
Ауылдың сырты мамырда майса көк шалғын  
Елуден ассам да елтіткен ғажап елес пе ең.

\*\*\*

Дабра – думан,  
У менен шудан безініп.

Көтертпей бойым, мәңгіріп, еңсем езіліп  
 Тыныш жер іздеп қаңғырып кеткім келеді  
 Өзімді өзім керексіз жандай сезініп  
 Шағылып тауым, сағым да талай сынады.  
 Онаша қалғым келетін кездерім болады  
 Жаналықтың бәрін тылсымнан сезіп  
 Жер әлемді жүрекпен көрер көздерім болады.  
 Азаптану ма тірлік ғұмырдың мұраты.  
 Өлгенде көрер пейіштің барлық рахатын.

\*\*\*

Ақ бөкен ем Аркадан ауып келген  
 Еш нәрседен айтса да хауиптенбес  
 Айналайын Астана  
 Бар керегін көңілдің тауып берген  
 Бір нәрсеге көңілім толмай отыр  
 Ұшар болсан қанатын қандай отыр  
 Құрсау салған құрама шыны – аяқтай  
 Ырым-жырым ұйқасын болмай отыр  
 Нәсер-шабыт кеудемде жауып отыр  
 Көңілімде әркімді хауіп отыр  
 Арыныма егерде ілеспесен  
 Шетке жеккен пар аттай шауып отыр.

\*\*\*

*Сәбит Мұқановқа*

Тар кезең – айналасы тұнған аран  
 Санаулы оң сөзіңді тыңдар адам.  
 Екі көздің біріне біреуі жау  
 Бір шоқып төнерекке мың қараған.  
 Шыдаған жонын тосып сынға да адам  
 Біреуі-ақ қалып жатыр мыннан аман  
 Сырты сау, ішінде ірің қайран Сәбең  
 Сұқтанып оқ атпады кімдер оған.  
 Қалпымен құтай сүйер халқын аман  
 Алып үрген шындықтың шартын аман  
 Құлашын кенге жайып  
 Қай түсі елге де айып, ерге де айып  
 Жұлдызы өңірінде жарқыраған  
 Отырды оң жағнда Кербәбаев  
 От болып дене маздап  
 Қазақтың намысы үшін  
 Сөйледі қайран Сәбең өле жаздап  
 Адастың ашық күнде, сан адастың  
 Астына барып қайттын дар ағаштын.

\*\*\*

*Тұманбай Молдағалиевқа*

Тұмаға! Тобымыз ғой бір аға  
 Бірге жүріп бөліну жарамайды сірә де.  
 Не керек, көңіл керек бұл адамға  
 Бірден құлап түседі, құлағанда  
 Құдайдың құлы әманда кім болса да  
 Сәске түсі өмірдің екіндісі кеші не  
 Бәрі-бәрі салады өмірімді есіме  
 Қамшы сабындейтіндей қысқа болатыны бар  
 Бұл фәнниге басында келдім екен несіне.

\*\*\*

*Қасым Қайсенов*

Мынандай олпы-салпы денесімен  
 Ерлік жасап танардай ел есінен  
 Аман-сау келген жаудың ортасынан  
 Бір міні жаксы көрген інілерін  
 Риза қып сыпыртады енесінен  
 Бұл Қасым – жас-кәріге мәлім Қасым  
 Өткерген сендер үшін жарым жасын  
 Сап-сары екенсін деп жаңа ғана  
 Ренжітіп алған бір қарындасын.

\*\*\*

*Шота Уалихановқа*

Ойға түс, биікке шық, жота нағыз  
 Балалап көбейген кіл боталы аңыз  
 Мың сомның қайырымы болмайды деп  
 Қамығып қайғырманыз, Шота ағамыз

Байы кім деген тұста, батыры кім  
 Еске алмай туыстықтың шақырымын  
 Алмастай әділдіктің алдаспанын  
 Қолынан – беріп ұста, іскер інім

Әділет ақ жолынан адаспайды  
 Адасса шекті дей бер алаш қайғы  
 Шөкең менен Дүкешті бірдей көріп  
 Бұлтақтау Директорға жараспайды.

Сөзімнің ақ-қарасын айырып көр  
 Алдыңда жатар сонда жайылып тор

Шөкеннің 1000 теңгесін шығынсынан  
Ая да, өз қалтаннан қайырып бер.

Тірілікте те – арман асу. Жота нағыз  
Өмірлік Хан. Ұрпағы – Шокан аңыз  
Төренің тектілігін төмендетіп  
Қайтесін аласарып Шота ағамыз.

Бұл ғұмыр алдамшы бір ғайып па екен  
Хан айныса, жәй жерде тойып кеткен.  
Мен дағы бүгежектеп бұғып қалам  
Ай нып сөйлеу қараға айып па екен

Ойда нұр, қашан бойда жыр семгелі  
Бұл інін тоннып қалмай бүрсеңдеді.  
Хан тұқымы ұсынған тәбәрік деп  
Төріме іліп қойдым 1000 теңгені.

\*\*\*

Мен шаршадым –  
Шаршай ма тегін адам.  
Заман тыныш –  
Шүкіршілік. Елім аман  
Сол бола тұрса да тіршіліктің  
Тепеніне ілесіп, кәрі емен  
Жүру қандай қиынын білсең етті –  
Алға тартып айта алмай бір себепті  
Озып кетпей.  
Немесе қалып қалмай  
Қанша жерге жетесің арып – талмай  
Есек жорға жаныңды титықтатып,  
Барар жерін белгісіз – анықталмай  
Өзінді-өзін қажайсын жана ұққандай.

\*\*\*

Таудың ұлы едім деп тасымадым  
Қырда өстім, оған тағы да жасымадым  
Соны ғана Алатау тербетеді  
Қыранға ұқсап шыға алса басына кім.

\*\*\*

Сәби күннен кеудемде ұялаған  
Бір дыбыс бар, жоғалып кетер деп ем.  
Әлі өзіммен келеді бірге жасап  
Үміттенген екенмін бекерге мен.

Күшейе ме жыл жылжып өткен сайын  
Тамшылатып ашы тер төкен сайын.  
Мені ұмытып кетпесін дегендей-ақ  
Белгі беріп қояды көктем сайын.

Сол бір дыбыс – өмірім, жан серігім  
Көкрегімнің маздатқан жалын – лебін.  
Сол бір дыбыс – серігі өмірімнің  
Сол бір дыбыс – сенімі көңілімнің  
Алаңдаймын айрылып қалам ба деп.

\*\*\*

Бәрі есімде –  
Жап-жас болып қарай көр, пәленсін! - де.  
Күздің сол бір бұтынғыр таны есімде  
Майдандағы көкемнен хат кешігіп  
Сынсып салған жеңгемнің әні есімде.

Бәрі есімде –  
Ұмыттырған жоқ оны жылдар маған.  
Бала күнде бағытын кім барлаған.  
Қаршадайдан көндіктік қорлықтарға  
Бұл күндерде айтуға тіл бармаған.

\*\*\*

Шалқар дала – шетсіз, шексіз көлбеген –  
Көз алдымда жатыр сұтық көлденен.  
Бозаң тартқан бетегенін бедері  
Аруана секілді бір шөлдеген –  
Құр жаны бар өлмеген.

Қырық күн шілде – мый қайнатқан күн ыстық.  
Бас сауғалар жері де жоқ тыныс қып  
Шешек атқан қызғалдақтың жапырағы жайкалып  
Таң нұрыменен мөлдіресе күміс шық  
Солмас еді-ау гүл үстіп.

Осынау жерден әрі-бері жылда өтем  
(менде, сірә, болған емес жасыратын сыр бөтен)  
Осынау жерден өзен ақса ақ Ертістей айдынды  
Ғажайыптан орнар еді-ау гүл мекен –  
Болашағы қандай әсем нұрлы екен!

Осылайша ұшқыр княз күндерге өтіп алдағы  
Кен өлкенің болашағын барады.  
Жер жұмағы – миюалы бақ іздеп

Асан ата қанша дүниені шарлады –  
Қай қнырға бармады.

\*\*\*

О, тұған жер, қасиетім, қиелім-ау,  
Жидекті қыр, тұп-тұнық Шнелі бау  
Алатау. Каратауды көріп келіп  
Бір өзіне басымды немін-ау.  
Талай ел, талай жерді араладым  
О, тұған жер – армандай жерұйығым  
Немін-ау басымды тек өзіне  
Мақтай жүріп Жайықты, Еділменен  
Біріне де дәл сендей берілмеген.  
Көріп келіп Алтайды. Атырауды  
Түкпірі аз мен бармаған бұл өңірдің.

\*\*\*

Сұрама көңіл күйімді,  
Хал-жайын қалай демегін.  
Өмірге тартар снымды  
Өндіре алмай келемін.  
Кеудемді орап жалынға,  
Алау боп жанып келемін.  
Бойымдағы отты барында  
Басқаға берсем деп едім.

\*\*\*

Мен өзіме сенбеймін  
Қорқынышты жасырам.  
Кейде аққан сеңдеймін  
Толқып барып басылам.  
Неге жалған айтайын  
Неге алдаймын адамды.  
Бәрін қазір байқадым  
Сабақ болды маған бір.  
Қалам алдым қолыма  
Алғыр акын болсам деп.  
Адамдардың жолына  
Бақыт болып қонсам деп.

### *Достар*

Айналамда болса да келер қызық  
Достарды ылғи іздеймін елегізіп.



Ең алдымен соларға көңілімнің  
Лала гүлін балауса берем үзіп.

Достар, достар-жанымның шамшырағы  
Солар күлсе көңілім аршылады.  
Запа шексем, тағдырдың таяғын жеп  
Сендерге ашам сырымды жанға аспаған.

\*\*\*

Адам өзгереді екен.  
Тірі жүрген соң бәрін де көз көреді екен  
Адамшылықтың ақ жолын сәтте ұмытып  
Пендешілікке сөз береді екен  
Көкірегіне май,  
Көзіне шел бітеді екен.  
Жел бітеді екен.  
Кесірлік кергітеді екен  
Өзі құдай, құдайын естен шығарып  
Жолын тосып,  
Есігін ел күтеді екен.  
Өзін ол тіпті айырықша бағалайды екен  
Бұқара басқа.  
Ағасын жағалайды екен  
Аяз би болып әліне карамай ма екен  
Кім үшін отыр,  
Алды-артын шамалай ма екен.  
Көкірегіне-май,  
Көзіне шел байланғанда  
Жері – аспан.  
Аспаны жерге айналғанда  
Ойы омалып отырып қатады ма екен  
Ұмыттып бәрін ер қайда, ел қай маңда.

23. XI.1998

\*\*\*

Жақсыны көктен де іздеу, жерден де іздеу  
Тәуірдің жазасындай келген бізге  
Кеш, қалқам, түн ішінде пол жудырып  
Өзінді мазаласам беймезгілде  
Ұйқы жок, көз ілмеймін түн ішінде  
Ағанның береке жок жүрісінде  
Қыздарым, кейде тыным көрмей  
Жүресіңдер беймаза біз үшін де.  
Менде ұйқы жок, ал сендер шешесіңдер сөзжұмбақ  
Өрнәрсені түн бойы ермек болды сөзжұмбақ  
Боласыңдар сонымен ойды ойдан өткізіп.

Адамның ғибараттай әр күн ерен  
 Қазактың аға інілар салтыменен  
 Есентай бата құсап жүгіресін  
 Әйгілі профессор қалпынменен.

\*\*\*

Қарасам өткен кеткенге  
 Сәбит те тұған көктемде  
 Қаныш та тұған көктемде  
 Көктем боп жайнап кеткен бе?

\*\*\*

Жүрген жерім өртеніп табанымда  
 Ит жармасып жүр екен балағымда....

### *Мұқағали*

Әй иттер-ай, әләңе қарадың ба  
 Көңіл-көзі мұнартқан нала-мұңға  
 Онсыз-сағы мүжіліп келе жатқан  
 Нең бар еді акынның балағында  
 Нең бар еді, жакышып, жатын да өліп  
 Жатқан жоқпа көрерін ақыр көріп.

\*\*\*

Күнде бір кеніш қазбасам,  
 Күде бір олең жазбасам  
 Маздайтын жерде маздамай  
 Маздамас жерде маздасам  
 Акындығымнан не пайда  
 Күн көрсем деген тек айла.

Сүйетін кезде сүймесем  
 Күйетін жерде күймесем  
 Әрі де – сәрі күн кешем  
 Болмашығада да алданам  
 Айтылмай кетсе сол арман  
 Өзіне деген арман – ән.

\*\*\*

Алмастырып күз бе еді, көктем бе еді  
 Ештеңе қызықтырмай көптеп мені  
 Жүретін бәлкім менің тағдырыма  
 Сөзімнің серпілісі доп келмеді.

Өзіңмен ең алғаш кезіккенде.  
 Дәл осылай боларын сезіп пе ем мен.  
 Өзіңді іздеп жаныма тыным бермей  
 Жандаймын дүниін кезіп келген.  
 Сабылтып түндерімді,ткүндерімді  
 Кім көрінбей, көзіме кім көрінді  
 Білмей кеппін жанымда жүргеніңді.

\*\*\*

Дүние мың құбылып өзгермей ме –  
 Қажымын тұлдыры жоқ сөзден кейде  
 Ініге былайғы елдің жасап жүрген  
 Қамқорлығын болған соң көз көрмейді ме?

Тірліктің қысты талай тезі мені  
 Көреді, көріп барып сезінеді  
 Ет жүрек елжірейді, езіледі  
 Көреді, көріп бәрін сезінеді.

\*\*\*

Бүгін бітер ісімді  
 Қалдырмауға ертенге жұмсап бағам күшімді  
 Біреу мұны асығыстық деп ұқты  
 Енді біреу албырттық деп түсінді.

Не деуге де әркімнің өз құқы бар  
 Біреу ұтар, біреу бәлкім ұтылар.  
 Қайткенде де уақыт атты құдыреттін  
 Еш пенде жоқ құрығынан құтылар.

\*\*\*

Бас да жұмыр  
 Жүрек жұмыр  
 Жер жұмыр  
 Жұмыр жерге көленкесін бер ғұмыр  
 Жұмыр жердің шеккен азап-тозағы  
 Көз алдыма көлбең қағып келді бір  
 Көз алдымда тұрды бір кез көлбеңдеп.

О ғаламап.  
 Тірілерден өлген көп  
 Жұмыр бастар айтып жатқан секілді  
 Жұмыр жердің қасыретін көр деп кеп  
 Жер жаралы.  
 Адам адам болғалы  
 Біткен емес толғағы.

\*\*\*

Сөйлеп жатыр шешендер кеңірдектеп.  
 Айтыс тартыс қалайша тегін кетпек?  
 Сөз шарпыса ол бойың қызады екен  
 Сүртіп қоям маңдайдан терімді ептеп.  
 Мұнша шешен, құдай-ау, мұнша көсем.  
 Қайдан қайдан жиналған –  
 Мың сан екен жариялық, еркіндік екі жаға  
 Қайығымды қай шетке бұрсам екем.  
 Елпен қағып, әрнеге сырттан еріп,  
 Еркімізді елеурең жұртқа беріп.  
 Барымызды үш жүзге бөле тартып.  
 Өзімізді өзіміз құртқан едік.

\*\*\*

Айта алмаймын канша күнім бар алда  
 Сенім солып, сәуле азайып санамда  
 Жүрген кезде бөгле жанды кайтемін  
 Түсінбесс іштен шыққан балаң да  
 Дауыл соғып, сәл-сәл ғана тынғандай  
 Адам түгіл тасты бұзар тіл қандай  
 Әрі-сәрі күндер қажып қажытты  
 Қалсам екен жынданбай.  
 Түсінбейді, түсінбейді мені ешкім  
 Түсінбейді бір-бірін талай адам  
 Қайсы бірін ондайдың санай атам.  
 Кейде ойлаймын дүние тонкерілмей  
 Жүреді деп жер басып қалай адам.  
 Іріп жатса ынтымағын, бірлігін  
 Кімге мұрат сенің ғұмыр тірлігін  
 Жакын деген адамдар да бүгінде  
 Түсінбейтін боп барады бір-бірін.  
 Аға ғой деп жөн жолына ермейді.  
 Сене тұрып шын сөзіне сенбейді  
 Көре тұрып әділеті көрмейді  
 Жөні осы деп ағаға іні ермейді  
 Жөні осы деп аға жолын бермейді.  
 Енді, балам, шыркамаймыз біз үдеп  
 Өміріміз жазы өтіп, күзі кеп  
 Жасай алмай жүрсен қызымет  
 Қалған шақта, қасиетте әкенді.

\*\*\*

Ауыр азап-хауіп – дерт меңдеп алған  
 Көп жаксыдан кеш қалған, кезде қалған  
 Ерлегі арман – ежелгі елдегі арман.

Ақылы асқан тамам жұрт, тамам елден  
 Осындай өмірге дана келген.  
 Түн-түндігін талқандап жара кірген  
 Нұр сәулесін маздатып ала келген  
 Оны дағы Халықтай Ана әкелген  
 Өзендерін, көлдерін жағалап әр  
 Қалаға бар, дән өскен далаға бар.  
 Сөйлейді сырын бүкпей саған олар  
 Армансыз ойы-қырып аралап ап  
 Әр тасы, әр бұтасы тебіреніп  
 Кешегі жас, бүгінгі қартына бар –  
 Ұмытқан жоқ ерліктің салтын олар,  
 Өмірлері өлеңге өріс болған  
 Табиғаттай таланты тұмалар.

\*\*\*

Білмеймін көп жайларды білсем деген  
 Кім сенген, тәтті үмітке кім сенбеген  
 Аптапта жан сауғалар көленке іздеп,  
 Аязда кездерім бар бүрсеңдеген.  
 Тұрмайды бір қалыпта өмір неге –  
 Медеу ғой өзгермесе көңілге де  
 Жап-жаңа шөкім бұттсыз ашық еді  
 Кенеттен күнгірт тарты көгім неге  
 Деген де кездерім бар.  
 Жасырам ба тіршілік-ұлан – дария, асыл арна.  
 Кейде пәс көрінеді Алатау да  
 Бөленген бауры гүлге, басы қарға.  
 Әркімнің арна тартқан жол басы бар,  
 Адамды адамдық пен қолдасын ар.

\*\*\*

Дейтін әкем бірақта түсінбегем  
 Ас қалатын адамнан ішілмеген.  
 Түйір наның теңейді күшін немен  
 Деп ойлаушы ем әр уақыт ішімнен мен

Жасым сонда төртте ме, бесте ме еді  
 Білмейтінмін парықтап ештенені.  
 Әке – шешем күн ұзақ қырда жүріп  
 Қос басына әйтеуір кеш келеді

Диканшының жер жыртқан бола ма әлі  
 Білдірмейді, таң қалам соған әлі  
 Кеш сайын бір көжелік масақ теріп,  
 Өздерінше мәз болып оралады.

Бірде келді, көздері ісіп – кепкен  
Еңселері еңейіп түсіп кеткен.  
Жаксылықтың сәулесі сағымданып  
Арман – құстай ғайыпқа ұшып кеткен

Әкемнің де қабағы кату бүгін  
Шешемнің де қабағы кату бүгін  
Тілдеспейді өзара күндегідей  
Алғандай-ақ жоғалтып татулығын.

\*\*\*

Ұстаз қаншама осы бір сөздің ұтылығы.  
Қаншама осы сөздің жылылығы  
Жеткізіп айта алмай жүр құдіретін  
Шатқылған шартараптың жыры мұны.

Акын да, көкірегі кен ғұлама да  
Ұстазға тағзым етпей тұра ала ма  
Ойлаған Ұрпақ камын ұлағатпен  
Ұқсайды ол ақ тілеулі Ұлы анаға.

\*\*\*

Ойыннан емес, ойлардан ауыр жаралдым  
Жыр менен сырға қайғыдан, мұннан нәр алдым  
Төрткүл дүние түнеріп тұнып тұрғанда  
Елдің бетіне елеуреп қалай қарармын  
Содан да шығар – тағдырым ауыр зіл батпан  
Дүние тегіс тұрғандай қиын жұмбақтап  
Көлгірсіп күлген көленкемдігі жандарға  
Жанымды жайып,  
Жайдары күймен тіл қатқам.  
Сезіне жүріп дүниенің мынау тарлығын  
Көп өнештедім, даусым бітіп, талды үнім.  
Қайта құру ма, қайта қыру ма?  
Білмедім.  
Тыңдадым татай татықсығандардың зар – мұңын  
Асылын кімдер, масылын кімдер, ардағын?..  
Түгендеп, түстеп біреуін айта алмадым  
Қанатын қиып қыранның  
Өрелеп қойдың аталарымыздың арманын.

\*\*\*

Асып та кетті үш айдан  
Жыр болып кірер түс – арман  
Ұмытып кетіп ұясын  
Күй кешіп жүрем пұшайман

Сандатып жүріп көшемен  
Бес өлең жаздым кеше мен  
Жанбырдан сонғы даладай  
Көгеріп қалды көсегем.

Бастыра алмайтын мың салып  
Оралды қайта жыр – шабыт  
Жазылып қалды тағы бір  
Отырған денем құрыстап.

Ризамын, алла, ризамын  
Білемін келер жыр занын.  
Шабытын берсе тәңірім.  
Жазуға, шүкір, мырзамын.

\*\*\*

Дауыл сокса шақ қалып төгілуге  
Көл тұрады шайқалып көңілімде  
Күнірт тартып айналам тұрмас мына  
Сезінгендей күй кешем құрсауда да  
Дарига-ай, канатымның болмағаны-ай  
Арманның озып алдын кім ораған  
Кездерім бар жылаған жыламаған...  
Кездерім бар сұраған, сұрамаған...  
Пенде шіркін тірлікте тоймайды екен  
Алдын озып арманның кім ораған  
Ойға кетсең отырып онашалау  
Бір күніннен бір күнің жанашалау  
Ертенменен ойымда биктетіп  
Арғы күнге деймін-ақ қарасам-ау  
Самаладай айналам, толған арай  
Кеше шыққан биігім қораштанып  
Өрлігіне көңілімнің толмағаны-ай .

\*\*\*

Сандуғаш екен ішінде жүрген сағымның  
Түсіме кірген бозата таңы шағылды  
Бұл күнде отпын, алауы өрттей жалынмын  
Мейман боп келіп, кетіп ем елге бауыр боп  
Көрмеу де елді барады қазір ауыр боп  
Кешегі жаркыл жүректерді ыстық сағымдым  
Сәні бар жердің кашан да әсем әні бар  
Кіршіксіз жанды кіршіксіз таза жан ұғар  
Алғы беткейге қарайды отты жандары  
Дегендей – арман биіктен ғана табылар  
Жаксыға жаксы негіздер – сөздің жаны бар.

Тау тауға ғана иілер, және табынар  
Арада аз күн көріспей қалса бір-бірін  
Жоғалтып алып тапқандай қайта сағынар.

\*\*\*

Өмір – күрес, біреуді жақтағансын  
Көңіліңнің кімге айтып ақ-карасын  
Ұқтырасын, сонына итін салып  
Жібереді, қалай тек ақталасын  
Заны солай, жақын да, жат та қасын  
Жастық болып болып иіліп жатпаған соң  
Иттің де иесі бар, киесі бар  
Жетіп жатыр әйтеуір бақталасын.

\*\*\*

Біреулерге сын айттым.  
Біреулерге сыр айттым.  
Біреулерлі қуантым.  
Біреулерді мұңайтым  
Өтіріктің өрісі – қысқа, дей жүріп  
Өтірігін маған да  
Жұқтырыпты суайт күн.  
Алдамшы едім не деген.  
Жалғаншы едім не деген  
Көлдір сөзге күініп  
Алақанға түкіріп  
Шықтым айдын теңізге  
Желкені жоқ кемемен.  
Кім бар желеп – жебеген.  
Мақтамасты мақтадым,  
Жақтасасты жақтадым  
Даттамасты дағтадым  
Бәрән-бәрін кеш ұқтым  
Шегінер жол таппадым.  
Жәдігөйді көрмеппін  
Құрып жүрген қапанын.

\*\*\*

Өзіңе арнап тағдырдың жыр кесегін  
Түсімде де өзінсің тілдесерім  
Қызғанамын басқадан рас сені  
Қызғанбасам сүйе де білмес едім.  
Жалғыз сені сүймін Розым деп  
Бакытым да байлығым бір өзін деп  
Нәзіктіктің символы әлемдегі  
Жасырмаймын, көрінбес гүл өзін боп.



\*\*\*

Неткен сұту, неткен көрік айнала  
Күнде кара, апта кара, ай кара...  
Өр төсінде қаптап шықан бес түлік  
Қыратқа өрлеп бара жатыр жай ғана

Дала сұту, аспан сұту, күн сұту...  
Санау қиын – миллион сұту. Мың сұту.  
Өзің айтшы, айтшы достым, саралап  
Осылардың бәрінен де кім сұту?

Асқар тау ма, күнмен тілдескен.  
Гүл ме әлде жауқазындай қырда өскен.  
Әлде соның ең сұтуы өзен бе  
Айбарымен тас қопарып, құм кешкен.

Жок, жок, достым! Бар сұтулық еңбекте  
Оған әсте сұтулығың тең кеп пе?  
Ал, жастар ғой әсемдіктің кепілі  
Құдыретімен танытатын жер – көкке.

\*\*\*

Өкініш пе бұл өзі, жанды арбаған,  
Қалай ғана кезінде аңғармағам.  
Мүсәпірдей әйтеуір тал қармаған  
Сені ойлаумен түн бойы кірпік ілмей  
Атыратын болдым-ау таңдарды әман.

Кінәласам қайтейін, кінәласып,  
Кім жөн тапты, белгісіз, кім адасып?  
Көз көрмейтін таулардан бір-ақ асып  
Кетін қатқам, содан да кірпігіме  
Сені ойласам түседі құнара шық

Кеттін асып қиямет бұлыт-таудан  
Қалдым зар боп лебіне тыныстаудан  
Басымыздан бақ та ауған, ырыс та ауған  
Ойлап тұрсам ешқандай себебі жоқ  
Бәрі соның жалғыз-ақ ұғыспаудан.

Мәуелеген көңілдің көк терегі –  
Сен бар кезде қасымда көктем еді.  
Түсінбелін сен мені, мен де сені  
Басқа кінәм жоқ, қатқам, сөкпе мені.  
Бар айыбым – сөзімнің өтпегені.

*Мәңгі алау басында*

Бас иіп. Тағзым етіп ерге ерен –  
 Бұл жерге сен келесің, мен де келем.  
 Маздаған мәңгі алауды көрген сайын  
 Жанымды әлдилейді тербеп өлен.

Қашан келмесең басында гүл турады  
 Алаудың нұрымен сап құлпырады.  
 Жалынның жап – жатанап саусақтары  
 Сол гүлді ұстасам деп ұмтылады.

Көп көзден қыз рені қысылғандай  
 Қызыл гүл құбылтады түсін қапдай.  
 Бейне бір елін сүйген ерлеріне  
 Нәп-нәзік саусақтарын ұсынғандай.

*Арман қанаты...*

Кең әлемді шарлаған құстай бір дем  
 Қанатым жоқ – қияндап ұшпаймын мен.  
 Сонда-дағы тылсымның қан тамырын  
 Қалт жібермей сәт сайын ұстай білем.  
 Жер-жаһан құшағыма сыйып демде  
 Ғарыштан көз саламын сүйікті Елге.

Ғажайып аңыздағы ақ ныктар  
 Барған емес мен барған бәліктерге.  
 Сокканда шарықтаудың сағаты дәл –  
 Құдырет күллі әлемде дара тұрар.  
 Қиял жетпес қияға жеткіздік  
 Адамның арманының қанаты бар.

*Ақын жаны...*

Ойыңды түсінемін, ойнама сен  
 Татай жасқа келдік қой кісі көріп  
 Тең көргенді кем көру достық емес  
 Жосығы жоқ – мен қалай кешіремін.

Жылдар өтті зымырап арада сан.  
 Әуре болма достыққа жарамасам.

Кемдік үшін жаралған жан емеспін  
Тең деп ұқсан, тең тұрып араласам.

Достарым көп қалада, далада сан  
Көресің бірге жүріп араласан  
Ақын жаны білгенге гүлден нәзік,  
Гүл қайтып көктемейді жараласан.

\*\*\*

Осынау жұрттың бәрі Абай болып кеткен бе?  
Танымай жүрміз талайды-ақ ісін-кепкенде  
Қыранынмын деп қырып кетеді жуысан  
Құран түгілі ұқсамай жатып кептерге.  
Ылдиан өрге доматар тасы тепкенде  
Жаным-ау жұрттың бәрі Абай болып кеткен бе?  
Төбеге шығып, төменде жүрген тек мен бе?  
Делебем қызбай шыдыдым екен қанша  
Артынан кіл бір жүйріктер қуып жеткенде.  
Қас жүйріктердей ауыздығымен атысқан  
Қуырып жерді желменен жылдам жарысқан.  
Сөзін тыңдасам, екiнiң-бiрi арыстан  
Арыны асау ауыздықпенен атысқан.

\*\*\*

Егемен дейміз, ел дейміз  
Сезімге тыным бермейміз  
Ауырлықтарды көтерген  
Қайыспас кара жердейміз  
Кенірдекті кең кернейміз  
Ешкімге кезек бермейміз.

\*\*\*

Адам-тағдыр ғажайып жол шегеді  
Соны іледі ұяда көрсе нені  
Талантынның тұғыры қай деңгейде  
Бәрі құжат – қағазбен өлшенеді.  
Нашарсың ба түк тұмас, оңдысың ба  
Бәрі бір құжатыннан көрінеді  
Онсыз не бар, белгісіз болмысын да.  
Қаһармансын, әлдешын қайраткерсін  
Мыңды алдында жамсатып айдап көрсін  
Тек құжатын анықтар айғақ дерсін.

\*\*\*

Адамдар қартаяды,  
Күзі жетіп, сарғыш тартқан жапырақтай.

Жүзінен әр тайады  
Құлазып құба-жон атыраптай.

Қыз бен жігіт кешегі дәурені өтіп  
Айырылады көктемгі гүл – әрінен.  
Дүниені жіберер әуелетіп  
Ай астында шырқаған бір әнімен

Табіғат та, адам да қартаяды.  
Бәрін солай жаратқан өмір – дана.  
Қартаймай тек есейіп маркайады  
Көңіл ғана...

\*\*\*

Боран ұйқып соғып тұр кештен бері.  
Бұл – ақпанның алғашқы сес бергені.  
Атам әзір әбіржу көрінбеді  
Бастан талай бұл күйді кешкен бе еді.  
Боран ұйтқып соғып тұр, боран ұйтқып  
Жан-жағынан қымтыйды қораны ұйтқып.  
Адамның да, анның да бөрісі бар  
Ториды кеп, мұндай да бола ма иттік.  
Көкем бірақ беймаза кіріп-шығып  
Отырта алмай тізесін тыныш бүгіп  
Күй кешуде беймаза – дүниенің  
Бәрі жатқан секілді іріп-шіріп.

\*\*\*

Ой да олді, үміт те, сезім де олді  
Ақты қара женгенін көзім көрді.  
Қарсы қойып өзіме өзімді енді  
Тірі жүріп өлген де кезім болды.

О менің арман бағым, арман бағым  
Көкарай көкшалғынды толған бағым  
Сол күйі көз алдыма әкелемін  
Бір кезде шаткып-толкып болған бәрін

Бүгінде ортайғаным қартайғаным.  
Сеземін нұрлы жүзден әр тайғанын.  
Жанымның ортайғанын-қартайғанын  
Артыма қарап тұрып, санап тұрып.

\*\*\*

Бір акынға бір акын  
Жалғағанда арманы мен мұратын

Билетер деп ойлап елім өзіне  
 Еншілеген бір атып.  
 Сенім ортақ, тас княга өрлейді ер  
 Өмір алда, бар тілегім төрлей бер  
 Ініне де ықлас пен бакытты  
 Бергенен соң, бөлмей бер.  
 Бөліп- жарса ер жігіттен бак кайтар  
 Таба сөзін жакын да айтар, жат та айтар  
 Екі адамды ауырсынар, Уа мүке  
 Менде-ак жүре берсін –дағы ак байтал.

### *Жол...*

Мына бір жол – армандай алыстарға,  
 Тұсыстар мен таныстарға...  
 Алып шыққан мені алғаш еліктірген  
 Қиялымды желпінтіп, желіктіріп,  
 Жол болсын деп еді әкем сонда  
 Тор құнанның тізгінін беріп тұрып.  
 Қай княга тартады арман-ағым  
 Содан бері канша жер шарламадым.  
 Қай жол менен қай жолды жалғамадым.

\*\*\*

Желге де, селге де.  
 Жерге де, елге де...  
 Бей-жай қарайтындар болады.  
 Секілді тірліктің бір күндік қонағы.  
 Дүниіні дерт шатып,  
 Өлемді өрт алып жатса да  
 Бәрінен алшак тұрады  
 Өзін жат санап.  
 Жок, мен олардан әсте сырт қалмаймын,  
 Жарықпен бірге атар таңдаймын  
 Өлемнің жүрегі сыздаса,  
 Алдымен өлетін жандаймын.

\*\*\*

### *Анашым*

Көкірегімнің қоймасын казып терен,  
 Өзін жайлы күнде өлең жазып келем.  
 Кайтейіін, оған да мен жазықты емен.  
 Өзін жайлы каншама ұты акын да  
 Өлмейтіндей қалдырды жыр артын да.

Бірақ, бірі шығар-ау ойламаған –  
 Сол сапарды жеттім деп мұратыма.  
 Көкірегімнің қоймасын казып терен.  
 Өлі татай... Талай жыр жазып берем.

\*\*\*

Қиялға,  
 Қиянға самғаған,  
 Алыста  
 Ғарышта салған ән  
 Қос қыран жерлесім биікті таңдаған.  
 Шабыттан, шабыстан танбаған  
 Дүниеге жеткізген жананы  
 Жасапаз советтің адамы.  
 Ер туған ұлы елдің бағына.  
 Аспанда жүр кезіп тағы да.  
 Қияға  
 Қияға самғаған  
 Қырандай биікті таңдаған  
 Қосұлан ғарышты жүр кезіп  
 Шағала шабыттан танбаған.  
 Дүниеге жеткізер жананы  
 Алыпқа тән әрбір қадамы.  
 Көтсрген елінің мерейін  
 Жасампаз Советін адамы  
 Жол ашып болашақ бағына,  
 Арайлы арманның танына  
 Мактанам, қос құрбым дос құрбым  
 Ғарышты жүр кезіп тағы да.

\*\*\*

Жарыс – жарыс, әр-әркімде – ақ көп үміт  
 Арнасынан асып... Кейде төгіліп  
 Жататұғын кездері бар, бірақ сол  
 Бәйге ендігі қойған шығар бөлініп.

Кесегі жоқ шіркін қанай майда еді  
 Өсері жоқ бірлік қандай майда еді.  
 Толып жатыр арамызда  
 Тумай тұрып бөліскендер бәйгені.

\*\*\*

Қазақта екі адамның бірі ақын  
 Арыс десе, мен міне деп тұратын.  
 Өнер сайыс, өлен сайыс кезінде  
 Шаршы топқа шымрқанып шығатын.

Қазақтардың бәрі әнші, бәрі акын.  
Түн түнскте алау болып жанатын.  
Белдесте де шыдатпайды пендені.  
Бас бәйгені шапай дәйім алатын.

Көре тұра сескенбеген хауіпті.  
Ежелден – ақ өнер көрген сауықты  
«Алты бақан», «Ақ сүйек», «Қыз қуулар»...  
Сондықтан да бізден тұрақ тауыпты.

\*\*\*

Көңіл шалқып көкке өрлеп  
Нұр да, жыр да көктеп кеп  
Құаныштан кеткендей  
Көктем, көктем, көктем деп.  
Дала деген көкпен – көп  
Гүдер алуан – көктеп көп.  
Содан ба, осы жыл кезіп  
Атапты ел көктем деп.

Толтырып сай – саланы  
Бал бұлақтар ағады  
Киіндірді бұл көктем  
Алуан түспен даланы.  
Құстар келді мың түрлі  
Өлкем ғажап құлпырды  
Көктем шабыт әкелді  
Көкірекке жыр тұнды.

Келіп көктем айлары  
Ойым, қырым жайнады.  
Күндіз-түні қырларда  
Енбек қызып кайынады.  
Кел, қырымды көре кет.  
Көктем деген керемет.  
Тіршілікті түгелдей  
Жасандырды, не керек.

\*\*\*

Мен адаммын – шуағындай көктемнің,  
Кей сәттерде ақ нұр болып төгілем.  
Көп күнімді із-түзсіз – ақ өткердім  
Содан кейде атасалау көрінем.

Мен адаммын – бір басымда канша арман  
Жер бетінде тарап жатқан жолдардай

Көкірегім күн тербетіп, ән салған.  
Ал өмірім – жазылмаған томдардай.

\*\*\*

Уақыттың жүгін көтерген  
Қайымас қайсар кара нар  
Сіздерді жырлап өтем мен  
Пайғамбарыма пара – пар.  
Аман жүріңдерші Ағалар  
Әулием десем жарасар  
Қауқиған кәрі кара шал  
Әмбе нем десем жарасар.

### *Аңсау*

Күз де келді, қаз қайты қанқылдаған  
Мұңға шомып тұрғандай дарқан далам  
Көңілімдегі күннің де нұры азайып  
Жаным тонып, секілді салқындаған.

Айналаның реңі де алтындаған  
Солғын тартып кеткендей салқын далам  
Жапырағын жанымның үсік шалып  
Үнсіз алды төнерек ән тыңдаған.

Алтын рең айналам шуақ тартып  
Жаныма сыр құймайды қуанар түк  
Жаздың жасыл жайлауы тарқап кеткен  
Көтерсе-ші еңсемді бір ән шалқып.

Тындай-тындай көңілісіз күз ырғағын.  
Тырналардың қош айтып сызылғанын...  
Қарашы жан – күйімнің бұзылғанын  
Елегізіп қыс бойы сағынам-ау  
Сары масаның мазасыз ызындарын.

Күз де өтер-ау, алдым – қыс азынаған  
Мұңды әуенін жаныма жазып алам  
Оратмасын білсе де енді қайтып  
Аңсап жүреді екен-ау жазын Адам.

\*\*\*

Мен де алпысқа таяп қалдым.  
Жаратты Алла кімді мінсіз, бүтін ғып.



Алды – артыма караймын да, басылам  
Көкірегіме ұяласа күпірлік.

Дей-дей жүріп кейде әлі де ортамын  
Асып кетіп төгілердей қорқамын.  
Адамдардын аш көздігі бітпейді  
Алжастырмай өзін басшы бол, тәнір.

Табудай-ақ таптым білем кірелеп  
Оны-дағы жатыр бірақ кім елеп  
Бір-ақ күнде көзден ғайып бәрі де  
Төсегімнен кете алмадым түрегеп.

Пенделік-ай, енді ойласам таң қалам  
Бок дүниеге елтімеген бар ма адам  
Ақыл – естің көзіне шел бітіп  
Өзәзілдей қалай – қалай арбаған.

Қор болардай біреулерден қалсам көп  
Болмашыға күйіп, зуре – сарсаң боп,  
Алғандардан атам кем бе, әлде анам  
Тіпті соның алдын орай алсам деп...

Аянбадым, салдым мен де барымды  
Шыдап бактым, сынап бактым бағымды.  
Жыртпас жерде жырттым талай тауымды  
Тым кеш ұқтым, қакты уакыт шанымды  
Бүлдіріппін, сындырыппын сағымды.

\*\*\*

Арғынмын, арғын ішінде – Атығаймын  
Кеудемде ән-жыр тұнған жатыр айдын  
Адам болсам, адаммын сол арқылы  
Онсыз сірә түке де татымаймын.

Шалкытып ән салам ба, жыр жызым ба  
Күшім тасып, ағынға қарсы ағам ба  
Өрлік бар қаршадайдан қанға сіңген  
Жанға сіңген ерлік те бар санада.

Биікке көтерілмей шыркап үнім,  
Жыр тағының қауызына сиған кез бар бір тарының  
Жанатайдың алтыншы ұрпағымын  
Бабалардың өмірі, өнегесі  
Бағдаршамдай мен үшін, кіл тағлым!

\*\*\*

Түсім суық болғанмен жаным шуақ  
 Шаппай бер деп бәйгемді шалқақтамай  
 Жүрген жанмын өнерде бағын сынап.  
 Көбелектей қонақтап гүлден гүлге  
 Көзсіз де емен ұшатын бірден бірге.

\*\*\*

Ауылға келеді рас жылда барғым.  
 Жанымды босатпайды жырғаған мұн.  
 Ой-орман, сезім селдей, шыға алмаймын  
 Ішінен шырмытылып шырғаланның.

Перзенттің ел алдында міндеті көп,  
 Тілеуін жүрем содан күнде тілеп.  
 Қиыны – алып-ұшып жеткеніңде  
 Токтарсын аттын басын кімге тіреп.

Бауырға, ағайынға келем деумен  
 Ет көңіл елегізіп елеңдеумен  
 Жүремін күн ұзаққа жолға карап  
 Кеткендей қуат кеміп менен дәрмен.

Билік жоқ бұрынғыдай кәрі анамда  
 Былайғы ел жатырмамай, жаратар ма  
 Көңілдің кісідегі кілті аспанда  
 Жаныма түспес пе екен кара таңба

Күйзелісім – кім қалаай ұғар мені  
 Күтпейді ай астында бұран бөлі  
 Белгісіздік – дәл содан жаман бар ма  
 Себеп көп – қайсын айтамын алаңдарға  
 Қысылып қалам ба деп сағып сынып  
 Өрісі жасқанасың балаңнан да.

Ел – Ана, Аспан – Ана.  
 Жер – Су – Ана.  
 Адамға, хайуанға да тең сыбаға  
 Бірауық соғып кетер перзентіңе  
 Алланың өзі берген енші ғана.

Енші ғана Алланың өзі берген.  
 Жебемесе кетеді төзім ерден  
 Соның бәрін түтелеп түгеседі  
 Өзәзіл ібілістің сөзіне ерген.

Кайсібір әумесердің қылғанындай  
 Қатерлі қастық қылмас құл да мұндай  
 Байлығын Ел – ананын қор етеді  
 Акымақ патшалардың ұлдарындай.

Акымақ патшалардың ұлдарындай.  
 Қаскөйлік – қатың елге қылғаны ұдай.  
 Хан түгіл қараларға қонған ақыл  
 Амал не – ксіі бейбаққа жүр дарымай.

Шөккен тау, тартылған көл – дариялар,  
 Бүгін көрсе... Ертең кім тани алар.  
 Ұрпақпенен жалғасып әрі барар.  
 Шалажансар тірліктің дәні қалар

Жер бетінің қаптаған жырлары –  
 Секілді соқыр көздің жылағаны.  
 Су аққан бұлақтардың арнасымен  
 Жыландай сусылдаған құм ағады.

Ақылдың айнасындай жан ағысы  
 Адам барынша тірліктің саналысы  
 Өз өзін өртке салған, дертке шалған  
 Ісіне көрген жанның жанады іші.

Таныс тірлік – амал не шалыс қылық  
 Қарайсын барды, жоқты салыстырып  
 Тасырлар тасты тасқа шағыстырып  
 Ортасынан алапат от шығарып  
 Бірді бірге қояды шабыстырып.

Ықпайды мұжықтан да, ұтықтан да  
 Қан жоса басқан ізі бүлік таңба  
 Хайуан болса бір сәрі хайуан дер ек  
 Адам адам екенін ұмытқан ба

Қасыретті қан жоса Қара даққа  
 Қара бір сәт шерлі күн, жаралы апта.  
 Жаралы ой шерлі күй, жаралы жыр  
 Күлі әлемнің кіндігі Қарабах па.

Беу Адам, тойғаннан ба –  
 Есіресін қор болған есіл арман, есіл есін  
 Жер – суды, орман тауды саудаға сап  
 Қорлайсын құдай берген несібесін.

Адамның солдырғандай гүл - санасын  
Түсер ме тіршілікке мұншама сын  
Көз соқыр, құлақ керен, жүрек жабық  
Күніреніп кімге алай мұң шағасын.

Тірліктің асу – асу белені көп  
Жан дерті дүниенің келеді үдеп  
Мерт болған біреу үшін шермендеге  
Данқтың да, атактын да керсегі жоқ.

\*\*\*

Көк жиектен көтерілді таң әні –  
Түн пернесін ілестіріп барады.  
Жұп жазбаған екі жасты тербетіп  
Аймалайды жаздың жібек самалы.

Силады жас құрбысына гүл ұзіп –  
Ай жүзіне қарайды әлем қызығып.  
Көңілдерде шарықтай нұр балқып  
Көңілдерде күмбірлейді жүз үміт.

### ***Бір тойың бар***

*(Төлеген Айбергеновке)*

Достықты соншалықты биік көріп,  
Басыңды иіп келіп  
Жыр арнапсың, шіркіп – ай, талайларға  
Жүрегіннің жалынын құйып беріп,  
Барыңды іркіп қалмай, үйіп – төгіп.

Уақыт қалай сені ерте асықтырған,  
Асып қырдап, жылдарға ғашық қылған,  
Мұң айтасын, кейде елді мұңайтасын  
Дертін бе екен енсенді басып тұрған,  
Уақыт сені әйтеуір асықтырған.

Ет жүрегін елжіреп егілгенде,  
Осы шығар сағыну дедім мен де.  
Ақ көңілмен атансыз ақ тарылу –  
Күлі адамға қалтықсыз сенуден де,  
Досқа шындап берілуі – берілгенде.

Жаралып па ен, жаным-ау, сағыныштан,  
Сағыныштан, көктемнен сағым ұшқан.

Енді өзінді аңсайды акын елін –  
Сені тауып тегі ажал жаңылысқан.  
Болмаса ол аяусыз кәрі мыстан.

Сен айтқандай – азынап оқ бораған  
Шақта да өлең керусені тоқтамаған.  
Сондықтан да үміткер мына жұртын –  
Оралардай жолына көп қараған.  
Естілмесе сол деп біз жатаған ән.

Бір тойын бар – құтуде жұртын әлі.  
Қанбай қалған шөліркеп шын құмары.  
Бола қалса сірә да таркатпайды.  
Сол думанға жетсек деп ынтығады.  
Жұртын барда сол тойда сен де барсын  
Той таркамай қалайша жыр тынады.

\*\*\*

Арым деп ұқты. барым деп ұқты тірлікті.  
Қуаныш. күлкі тербетер болды түндікті.  
Ұл мені алақанға салып аялап  
Көтерді биік кешегі жесір мұңлықты.  
Көтерді биік – кеше ғой мұны кім құтті  
Өткерді бастап зұлымдықты да, сұмдықты.  
Ойлайды әр кез бәріне шыдар. Ана ғой  
Дүниеде егер бар болса сондай бір мықты.  
Дүниеде егер бар болса сондай бір мықты  
Қылыштан да ықпай айтатын тура шындықты.  
Ол Ана ғой, ол дана ғой ғажайып.  
Басқан ізіне жайқалып әсем гүл бітті.  
Ана ғой – оның гүл бітті басқан ізіне.  
Шатқыса көңіл көктемі. жазы, күзі не  
Мерейі өсті мерейлі жандар ішінде  
Алаудай аппак нұр кірді жарқын жүзіне.

\*\*\*

Сөктін не, сөкпедін не  
Жөн деп ұқты ол бәрі бір өз дегенін  
Нысанға «тигізді, көздегенін  
Қатысымның барлығы құпия емес

Баққаным – сөз.  
Тұмар қып таққаным – сөз  
Айта қалсам жақынға. жатқа бір сөз  
Сол арқылы бар сырым көңілімнің  
Білдіремін, тумар қып таққаным-сөз.

Сол үшін саханада ойнағандай  
 Өзіне ыстық әркімнің өз дегені.  
 Дүние – байлық біреудің көздегені.  
 Кырық құбылып күн сайын өзгереді.

Суға батып, отқа да жанып көрген.  
 Өз бабалар жөн сөзге парых берген.  
 Найза мен оқ алмаған ел есесін  
 Талай жерде тура сөз алып келген.

\*\*\*

Ғажайып, таны да ерен Алматының  
 Бергендей саматымен жанға тыным.  
 Қарашы тау төсінен тоты құстың.  
 Әлемге әсем әнін салатуғын.

Таскындап танмен бірге жыр келеді.  
 Тұрғандай қошаметтеп күнде мені.  
 Кетеді құшағыма симай бір сәт  
 Қырканың қызыл-жасыл гүл дегені.

Мінекей, көрші, досым, осындайда  
 Жаныңа жігер жатып қосылмайма  
 Қиятым араласып бар әлемді –  
 Кей уақыт жіберемін косып айғай.

Біздің елде әрдайым мереке күн –  
 Бұл жігіт артық айтты-ау деме тегін  
 Құттықтап ұздік спорт сандақтарын  
 Қиялдың тал бесгін тербетеміз.

Аттарын ата десең бұл қалайық  
 Ешкімнен ақыл – кеңес сұрамаймын  
 Бар біздің Гүлшат сынды мергеніміз  
 Көзінен көздеп атқан құралайдың...

\*\*\*

Тағы да қоштастық бір түнмен,  
 Тағы да арайлы таң атты.  
 Айнаның бетіндей сүртілген  
 Жайып сап тұр барша алапты.

Келемін аулыма асығып,  
 Көктемгі жыл құсы селілді  
 Сағымы мойныма асылып  
 Сыбырлап кетеді не сырды.

Жағалай жайқалған көк егін,  
Тұр дала манаурап, мұнартып,  
Таусылмас байлықты көремін  
Қараймын көз алмай құмартып...

Асығам, таппайды жан тағат,  
Не деген көркем ең шар тарап,  
Жер ана – бейне бір «көк өгіз»  
Тұр бәрін тек өзі аркалап....

Барымды баяндап не етейін,  
Онсыз да аян ғой жан сырым  
Кеудеме қадап ап кетейін  
Бидайдың жалғыз бас талшығын.

О, дала, не деген кең едің,  
Не деген шексіз көсілген  
Ауылыма жете алмай келемін,  
Ұғар тек басынан кешірген.

Асығам, ауылда анам бар,  
Сағындым мейірімді құшағын,  
Бөкен боп жортамын, қарандар  
Қанатты құс болып ұшамын.

Тұған жер жанары секілді  
Ғажайып көп көлдер, көк көлдер,  
Ауылма тұрата бетімді –  
Жоныңнан жобалап өткел бер.

\*\*\*

Ұрпақтар, немерем бе, шөберем бе –  
Сендер жайлы бір лебіз жоқ өлең де.  
Сендер жайлы не жақсы, не жамандық  
Айтылмайды келгенде жеме-жемге.

Сендермен жасаймыз сан ғасырмыз.  
Қыран-қанат қатайсын, талмасын деп,  
Бабалар өтті өмірді алға сүйіреп,  
Армандарын қалдырды аманат қып,  
Келешек ғасырлармен жалғасын деп.

Бабалар қиын-қиын жолдар өтті –  
Бірлесіп татулығын қорғап етті  
Ел басына күн туса есіл ерлер  
Өмірлерін өлең қып толғап өтті.

Бабалар қиын-қиын жолдар өтті  
Бірлігін, татулығын қорған етті.  
Ұрпақтарға жетсін деп ғасыр даусы  
Өмірлерін олеңмен толғау етті.

\*\*\*

Таң қандай, бүгін таңда дала қандай  
Балаға бар бақытын балағандай.  
Осынау сәбилердің күлкісіне, ойышына  
Күллі әлем қуанышпен қарағандай.

Әсем-ау бал мінезді көңілділік  
Силапты сұлулығын төгілдіріп.  
Күледі күнәдан пәк екі сәби  
Тұрған соң өздеріндей өмір күліп

Күн сайын оянады төсегінен  
Байқасам биіктеймін, өсемін мен.  
Әр күнім әкеледі жыл табысын  
Бүгінім өлшенбей ме кешегімен.

Қаласам артық казам кетпенменен  
Жерге байлық ырысын сепкен де мен.  
Жүрсем де қой соңында бақытымын –  
Естілер асқак әнім көкке өрлеген.

Қолдаушым дем беретін қайда да өлең –  
Қаласам тас копарам қайламенен  
Уа әлемдік достарым айтшы көне,  
Кім бар бұрын жол шегу айға менен.

\*\*\*

Бебеуле,  
Сарна, кобыз, сарна, сарна  
Егіліп, өксік атып анда-санда  
Жүрегім жеңілдесін, қырық жамау  
Айығып бар дертімнен қалмасам да

Беубеуле,  
Сарна, кобыз, егіліп бақ  
Күн кешпе бұға түбін жеңіл ықтап  
Қасарып дауылдарға қарсы қара  
Бір күні-ақ шықпас үнің көміліп қап.



*Кермек дүние...*

Рас шығар жалғанның жалғандығы  
 Ар-намыстың адра қалған күні  
 Жалған айтып жарын да, жан досын да.  
 Біле тұра біреуін алдар бірі.

Тірімін деп жүргенің, ірімін деп,  
 Өкелетін секілді күніге індет  
 Ағайынның арасын дерт жайлайды.  
 Екі көздің біреуін бірі күндеген.

Шатылмайтын жерде адам шатылады  
 Сынылмайтын жерде адам сыналады.  
 Алға шығып айлакер ақымағы,  
 Акымак боп қалады ақыл-ары

Рас болса, жалғандығы рас шығар,  
 Күнде тайып тікеннен гүл аз шығар  
 Кенірдекке кептелген кермек дүние-  
 Бір тәттіге келетін мың ашы бар.

\*\*\*

Алдамшы ғұмыр –  
 Алдамшы үлкен, кіші де,  
 Алдамшы бәрі-өзі де, сөзі, ісі де  
 Сылдыры көп те,  
 Тұлдыры кемдеу жандардың  
 Үніліп көрші, үніліп көрші ішіне.

Ұқпайды нәрін,  
 Құптайды бәрін сонда да  
 Бас шұтқи беру әріден қалған жол ғана  
 Мықтылар күлсе қосылып бірге күледі  
 Ойланбай барар баққа да,  
 Бәлкім сорға да.

Көтеріп қолын,  
 Тұрса да іштен қосылмай сенің досындай.  
 Күлгені қандай –  
 Көңілдің бейне хошындай  
 Аярылығы бар аяздай жанды қаритын,  
 Жарамсақтығы-жан берісетін досындай.

Келісе бермес,  
 Тірлік те мынау керенау

Ұқпайды бірін –  
Шығарып жүрміз неге дау  
Сиынып жүрген құдайдың бары шын боса  
Біз тілек еткен жақсылықты да берер-ау.

\*\*\*

Өне бойымды темір торменен құрсаулап  
Еңсемді езіп көтертпей қойды зіл салмақ  
Құс көңіл көкке талпынғанымнан босанып  
Ұша алмай жүрмін, ұша алмай жүрмін бір самғап.

Бұлынғыр өмір, жартылай арман, жарты үміт  
Шығармай қойды шығайын десем шарқ ұрып.  
Құдай-ау неге байыз таппайды боз көңіл  
Өзіңді өзін олқы сезесін бар тұрып.

\*\*\*

Көктем!  
Аспаға өрнек салған құс қанаты  
Көңілімнің пырақ болып ұшқан аты  
Келесін жас жүрекке сезім болып  
Шым-шымдап кәрі бойға күш таратып.

Іздерім бар жер бетін шимайлаған,  
Кездерім бар жаныма сый байлаған  
Күндерім бар сонардан құр қайтатын.  
Бір еншісін еншіме кимай ғалам.

Көктемім бар кеудемде гүл өсірген.  
Сәт сағаты шықпайтын бір есмнен.  
Өткенім бар және де өкіндірген  
Құралақан қалдырып үлесімнен.

Кей барларым жоқтан сәл жоғарылау,  
Салқын тартқан жүрегім, тола қырау.  
Бүгін дос боп жүрген жан қылдан тайсан  
Қайта айналып өзіне болады жау.

Пенде түгіл адамға жақпайды алла  
Жақса дәйім бетіннен қақпайлар ма  
Баска-баска, жарын да жақсынды емес.  
Жаманыңды іздейді бақ тайғанда.

\*\*\*

Сараласан ойға салып бәрін біз,  
Тегін жан жок, әрқайсымыз дарынбыз.

Қар үстінде жанатұғын маздакпыз.  
Алаулаған, Жалаулаған жалынбыз.

Ән керек пе, ән салмайтын бір жан жоқ.  
Жыр керек пе, айтшы не бар жырдан көп.  
Біреуіміз Абаймыз деп алшаңдап.  
Біреуіміз бұлтақтаймыз Біржан боп.

Қаныш болып, Мұхтар болып жүреміз –  
Білсін халық, қандай жанбыз міне біз.  
Бәз біреудің сүрінгенін таң көріп  
Жерден алтын тапқандай-ақ күлеміз

Тіршіліктің қаракеті бітпеген  
Бүгінгі ісін келер күнді күтпеген.  
УАқыт бөлер жүйрік пенен жабыны  
Мен әзірге біреуін де діттемен.

Ән салмайтын бір жан жоқ.  
Жыр керек пе, айтшы не бар жырдан көп  
Біреуіміз Абаймыз деп алшаңдап  
Біреуіміз бұлтақтаймыз Біржан боп.

\*\*\*

*Сабыт пен Ғабит туралы*

Қаншалық пенде ойлағанменен алды – артын  
Тағдыр салар тағдырын таңдар кім  
Отқа да жанып, суға да кете жаздап та  
Өзгермей қалды даналарға тән паң қалпың.

Маңдайда – бағы, жарқырата жүрер ері еді  
Ұрпағын ертен ұлағат қылып айтар көп  
Мына бір ұшқын Ғабеннен қапты дегенді  
Суық аймақтың суын қайнатын, отынмен.

Тілден терең – тұңғыйық теңіз жоқ деген  
Егіз туған жандардай, егіз көктеп  
Ел мерейін көтерген қатар жүріп  
Өнерге де өлместей егіз боп кеп.

\*\*\*

Көкжиегінен келе жатқанда таң атып  
Дүниені тегіс үнімен тербеп оятып.  
Диктордың даусы естілген сәтте тебіреніп  
Дейтұғын едік О Бакыт!

Алмасып күйі дәуірдің дүірі әнменен  
Хабар жететін дүние ғаламнан бәрінен.  
Таңменен тұрып тататын сәресімдей-ақ  
Тіршілігіміздің тірегі көрем әлі мен.

Мөп-мөлдір болып қана қалғандай талға шын  
Әсем өмір-ай, бәсен көңіл-ай таңға асық  
Жанды жадыратар хабар шынына  
Келе берсе екен, келе берсе екен жалғасып.

80 жыл міне кәрі жасымның серігі  
Қалықтап ұшып жететін еркін ел үні  
Сол үндерменен жақсылықтарға жалғасып  
Нығая берсін едімнің ерен сенімі.

\*\*\*

Жыл келді жаңа, таны атты қайсар қантардың  
Қуаныш қонды басына шырша – әр талдың  
Жыл келді бакыт, махаббат болып әр үйге  
Алдағы күннің арманын соған артармын

Жыл келді, міне, өрнегін салып ақ қарға  
Замана жүгін, заңғарға биік тартты алға  
Өткенді де ойлап мерейің өсіп қалады –  
Торқалы тойда, осынау шаттық шақтарда.

Дей қалсақ егер өткен жыл бізге не берді  
Халқымыз шаттық, байлыққа не бір кенелді  
Дикандар біздің дариясын дәннің шалқытты  
Өсірді шындап құрыш білекті ерлерді.

Төрт түлік мал мен астыққа толы бай дала  
Қызу іс болды, қызық іс болды қайда да  
Өткен бәйгіге белесі болды ғасырдың  
Адамның ойы самғады ару Айға да.

Айналам шаттық, айналам толы ырыс – бак  
Той күні дәйім шалқымақ бізде жыр ұстап  
Жаңа жыл!  
Әр үйге жеткіз қуаныш, шаттық мол ырыс

\*\*\*

Мынау ма, мына жүрген асыл жігіт  
Қазақтың қарапайым кеншісі ғой  
Жұлдызды алған деме қайда жүріп  
Од – біздегі еңбектің еншісі ғой.

Бәрін де шығайыншы таныстырып.  
Қалай мен осы тойда жүрем тегін.  
Білмесең міне досым, алыс жүріп  
Еңбеккер диканшысы Тың өлкенін

Көтермей айтсамдағы нақ табысын  
Көрінбес казак көзге қораш бүгін  
Жиналған меймандарға мақтанышым –  
Көрсетем бай өлкемнің мол астығын.

Кезігіп тұрмыз міне жеңгеменен  
Алсаңыз той бақатын қағыстыры де ерен  
Еңбегі елге машық – ерден де ерен  
Сауыншымен отырмын таныстырып.

Қарындасқа неге көп қалаласың  
Басканы ұмытқандай маңайдағы  
Еңбегін көрсен көзбен таң қаларсың  
Мақташы құрметтейтін бар аймағы

Бұлшық еті ойнаған жігіт көріп  
Кезіктім деп айтарсың бұл қайсымен  
Кен жерімен казактың жүріп келем  
Таныстыңыз ембілік мұнайшымен

Таныстырдым нелер бір өрендерді  
О достым көп қой бізде тамаша адам  
Ән сатайық құрметпен ер еңбегін  
Қалмайық той қызығы тамашадан.

\*\*\*

Бір күнің өтсе, қысқарады бір күн ғұмырым  
Заңдылық бәрі, ескеріп жатыр мұны кім  
Біледі оны, атасарып қалды бір елі  
Кешегі биік тұғырын.

Кекілін кнйп, тұлымын тарап ұлынын  
Біріктіре алмай шашылған ойдың сынығын  
Е ртеңді ансап, шалдығып – шаршап жылыстап  
Өтеді жайлап ғұмырың.

Қолыңды созып аспанда айға жетем деп  
Сәбидей ғұмыр кешесін кейде сезсеңде  
Байлық та, бақ та... Бәрі де, бір күндік  
Ойлай алмайсың басыннан ұшып кетер деп

Ойлай алмайсың басымнан ұшып кетер деп  
 Кәрілік – сайтан жылыстап бір күн жетер деп.  
 Қартаймаймын деп, әр таймайды деп жүзінен  
 Әуреленгенің қалды бәрі бекер боп.

\*\*\*

О, Құдырет! Мен сені танымадым  
 Танымадым – шын сырым, барым-арым  
 Қалай ғана өзгерткен мына ғұмыр  
 Достық! деуші ең – снынып табынарым

Достық! Деуші ең, қалтықсыз сенетін ең.  
 Бәрі тапшы. Ол кезде не жетіп еді.  
 Үйімізден нан келсе жарты күлше  
 Сонын жартысын өзіңе беретін ең.

Уақыт солай, амалсыз төзесін де  
 Достық жайлы сен айтқан сөз есімде  
 Қиын күнде қинатмай бөліскенбіз  
 Интернаттың жарты аяқ көжесін де.

Балғын шақтың білеміз сол бағасын  
 Өйткені ойлап еріксіз толғанасын  
 Тос ұрысқан досыңды былай қойып  
 Сәлемді де сазданып зорға аласың.

Иә, достым, мен сені танымадым  
 Елден ерек кеткендей жолың дара  
 Сені көріп кетеді көңіл нала.  
 Кәзірде ғой бәрі де жетіп жатыр  
 Жетпесе тек – жетпейтін көңіл ғана.

Мінезін де, құлқын да,  
 Бәрі басқа осы сенде жүректің бары рас па  
 Бізді қойып, бүгінде бара қалсаң  
 Тұған анаң өзінді танымас та.

\*\*\*

Уақыт қас тұлпар, сала алған жетіп кім құрық,  
 Аласапран дүние астан-да – кестен, қым-қуыт  
 Қас қағым сәтте дауыл сапырған теңіздей  
 Кімдерді тындап, пір тұтарыңды кімді ұғып  
 Біле алмай кейде мүсәпір күйге түсесін  
 Сәт тілеп басқап онтайлы көрер қадамын  
 Әлденелерді алатындай – ақ бүлдіріп.  
 Көңілде – мұң шер...

Таусылмайтындай ойда арман  
 Алданып әркез ішіп – егенге тойғаннан  
 Көзді ғана емес, көкіректі кейде шел басып  
 Масайып слес, «жасарып» қайтамыз тойлардан  
 Содан да ма екен ашық теңізде адасып  
 Бағдар іздейміз ашқарак, аран ойлардан.  
 Асылы мынау текетірескен тірлікте  
 Артық жоқ па екен ойды да, тойды да қойғаннан.

\*\*\*

Бүгінде беретін аз, алатын көп.  
 Андыздап озатын да аз, шабатын көп.  
 Зыр қағып жүр азғана зиялы топ  
 Болмаса жоғарыдан жан адам жоқ  
 Жатқандай күйіп – пісіп Шал акын деп  
 Санамызды інemen, шегемен де.  
 Шабактайды ой, жауап жоқ не дегенге  
 Сол санамыз былықтан аарылды ма  
 Ана-мына шылықтан егемен бе?!  
 Биік аймақ, болмаса атаса аймақ  
 Бар ма, жоқ па? Кетеміз балаша ойлап  
 Жоғалғанды тапқандар қайда бүгін  
 Суық жакқа бармай ма жанасар бак?  
 (Алақайлап шапқандар Қарасайлап)  
 Көп айтқанмен ұрағай ұрандарды.  
 Түрік қалды жайына, Тұран қалды  
 Терістіктің азғана қазақтары  
 Көкірегінде тербеп жүр бір арманды  
 Өтең арман, кім елеп, кім алғарды.  
 Көкке ұшсам деп қакқанмен қанатын көп.  
 Соктыра алмай уакытпен сағатын дөп  
 Бір ауданнан жүр әлі атай алмай  
 Мағжан деп, Сәбит, Ғабит, Шал акын деп  
 Сарыарқа, Сайын аймақ, шіркін далам  
 Акыннан сыр тыңдаған, жыр тыңдаған  
 Жүрегім шегірткедей шыр – пыр қағам  
 Аудандарда, ауылдарда, көшелерде  
 Сірескен Петр, Павл, Сергеевтер  
 Сұр қардай сүбесі әлі жыртылмаған  
 Секілді бұл қазақта ұл тумаған –  
 Ойлар маза бермейді бір күн маған.

21.XI.1998

\*\*\*

Құлыншак күн кешегі құтыншак күн  
 Жардан, құздан секірген ұрыншак күн

Сол күдердің ләзатын сезінбеген  
Бір ұрпақтың келеді мұнын шақкым

Мұң дейміз, сол әншейін мұң ғана ма,  
Тірлікте мұннан адам құр қала ма.  
Келеді көз алдыма, сәбиіне  
Бір үзім нан таба алмай....  
Көз жасы көкірегіне тұнған ана

Оралып оймен шолып алыс күнге  
Ол күндер біз болмасак таныс кімге  
Жүргенін мақтан көріп айтушы едік  
Сәбидің жаланаяқ қар үстінде.

Дүрлігіп қанға бөгіп жатқанда ел,  
Үстіне киер лыпа тапқан ба еді  
Ақыл – есі сау баланың  
Жүргені жалаң – аяқ мақтан ба еді.  
Бүгінгі тоқшылығым былай қалып  
Кетеді миым шыр айналып.

\*\*\*

Тағдырдың топаны да, өрті де сын  
Кейде кеш, кейде оны да кеш ұғасың  
Өткізер соның бәрін жүрегінен  
Бар дерттен ақындықтың дерті басым

Аямай асылының елден бірін  
Үзіп ап көкірегінің берген гүлін  
Қуанар ақын сорлы қуанса да,  
Егіліп жыласа да елден бұрын

Арты қыл қулығынның, басы дардай.  
Сөйлемес шабыттанып, тасып алмай.  
Қор болған дәл қасында жары отырып  
Біреуге ғашық болса жасыра алмай.

\*\*\*

Талдырды, теректерді теңселдіріп  
Соғады жел, тегеруінің көрсен біліп  
Солтүстіктің түтеген ақ бораны  
Тітіренер қораға келсең кіріп.  
Жылы үйден тысқа шыққан бейшараның  
Сол заматқа қашады құты кетіп  
Көлдерді, өзендерді, бұлақтарлы  
Аралап жел, армансыз сыр ақтарды.



Ілесіп ілбімейтін топқа кілен  
 Алға шығып жүрмесен анда – санда  
 Ілесуден ауыр дерт жоқ та білем  
 Қуаныш кайғыменен  
 Тең басып таразының екі басын  
 Бітпейді, тірлік деген талас ұғым  
 Тапқан кейде, тапаған жарасымын  
 Мен де ұлмын жарасы мың  
 Соғыстың сормандайлау баласымын.  
 Бітпейді, тірлік деген талас ұғым  
 Тірліктен тапқан қалай жарасымын  
 Іліп ізет қылған жаксы інінің  
 Ауыз толтырып айттар ағасымын.

\*\*\*

Бүгінгі күн жер қандай, аспан қандай  
 Жарасымы жарасқан жастар қандай  
 Ұлыстың ұлы күні - Науырызда  
 Жана ғұмыр жарқырап басталғандай.

Екеуің де екі үйлің бак гүлі едің  
 Жарастықтан көңілдің таптық емін.  
 Өмірлерің өзгерсін көктем болып  
 Жалғандар ата – ананың ақ тілегін.

Көрмей өсіп тірліктің тапшы күнін.  
 Ертенменен астасып жатсын үнін.  
 Үйіп-төгіп тәңірім бере берсін  
 Жас жұбайларға тілеген жаксылығын.

\*\*\*

*М.Әуезовке арнау*

Япырай катал еді өлім неткен  
 Қалды ғой солғын тартып көңіл – көктем  
 Кім ойлаған Мұканың өзі өлер деп  
 Абайды өлмейтіндей өмірлі еткен.  
 Құдапты бір батыры ойдын алып –  
 Осы бір сөз барады бойды қарып.

Мұқанды қара жерге көмбейді ешкім  
 Қадірлеп зердесіне қойды халық.  
 Деп ешкім сөкпес бізді – тұнжыраусын  
 Бүгін казак жыламай, кім жыласын  
 Өмірмен қош айтысты  
 Артына қалдырды да жыр мұрасын.

\*\*\*

Өмір деген бір қуаныш, бір қайғы  
 Аккан судай зырлайды кеп, зырлайды  
 Бәрі өтпелі адалдықпен бар жұртқа сенгенен бе  
 Өмір кейде салады сергелденге  
 Содан барып көңіл шіркін қалады елден кейде  
 Жүрсен – дағы қамсыз қара басып  
 Өмір бақи ішкенің арам астай  
 Жайын түгіл жап деген жақыныңда  
 Боласың енді қайтып қарамастай.

\*\*\*

*Бек Тоғысбаевке*

Текті атаның баласы да текті ғой  
 Ұлы атаға тартып туар депті ғой  
 Қошаметтеп қол соғамыз бәріміз  
 Қиналғанда айта қалса Бек бір ой.  
 Ортамызда бір асқар тау Бек деген.  
 Серілікте Бекке жігіт жетпеген  
 Не сұлулар Бек інімді бір көрсе  
 Айналшақтап төңірегінен кетпеген.  
 Асқактатып салған әні – ария  
 Көңілінде бүкпесі жоқ, жария  
 Дарқандығы Іле өзені секілді  
 Сарқылмайтын ұлан ғасыр дария.  
 Бектікпенен, Бек, жалпақ жұртқа ұнады  
 Маңдайының жанып туған шырағы.  
 Екі айтқызбай ағалардың сөздерін  
 Көл – дария ғып жауап беріп тұрады.  
 Қашан көрсен маңғаз қалпы, паң қалпы  
 Өрлігіне, ерлігіне таң қалып  
 Ортамызды әнге, сәнге толтырып,  
 Ұшқандай-ақ төбемізден қаз қалқып  
 Жүреді өзі –  
 Салмақ салмай жанға артық.  
 Ей, бауырлар, осы біздің Бек деген  
 Жетем десе, биігі оқ жетпеген.  
 Жігіттіктен жүдеу тартып шеттеген  
 Бір күні жоқ өзін өзі шектеген  
 Сері де өзі, дарқан да өзі, бір өзі  
 Атымтайға тартып туған мінезі  
 Бір міні жоқ, айтыңдаршы кім өзі –  
 Ал, мен білсем Алатаудай айбарлы  
 Отырыста айдарлы –  
 Жыны – тойдың құйып тойдың гүлі өзі.

\*\*\*

Қыран отыр княда  
 Комдап қойып ұшатындай қанатын  
 Көзге түртсе түк көрместей қара түп  
 Бөтен емес, бөгет болса қыран ба  
 Құс патшасы – ол, қимылынан сыр аңда  
 Жымыңдаған жұлдыздарды бетке алып.

Көз ұшынан ғайып болады, кетті анық.  
 Түпсіз сонау шынырауға, шығанға.  
 Ғайып болды, кетті, сіңіп тылсымға  
 Қыран барар барса мұндай бір сынға  
 Шырқар кезі келген сәтте сәт тілеп  
 Таңды күтіп тұрсын ба?

\*\*\*

Тау өзені асау өзен тасыған өткел бермей,  
 Ағысы атан жүгін бөктергендей  
 Сабасына мұз құрсап Әзер сиып  
 Жатыр екен жуасып көктем келмей.

Бір – ақ күнде жағаны талқан қылып  
 Көрсеті оғаш мінез, тарпаң қылық  
 Шеткі үйлердің шарбағын селдіретті  
 Әкетендей шорағай, шортан ұтып.

Асау бейне, құбылған қыз білек жүр  
 Асау ағын кобеден мұзды іреп жүр  
 Бір сен келіп бір, сенді жетелеп жүр  
 Бір сен келіп бір сенді сүзгілеп жүр.

Мидай болып ағы да, карасы да  
 Тыныштықтан айырған дала сірә  
 Асау озең түп бойы тыншып  
 Түсе алмай жүр қайтадан сабасына.

\*\*\*

Ежелден еңселі биік іргелі елмін  
 Күн болып көкірегім күлген елмін.  
 Тербетіп тар құрсағын өз ананың  
 Тіліммен дүниге бірге келдім.

Тілімде – ерлігім де, елдігім де,  
 Тілімде – теңдігім де, кемдігім де.  
 Барлығын байтақ жұртқа өйгілеген  
 Абаймын. Мыржақыппын мен бүгінде

Тіліммен дүниеге бірге келдім.  
Рахмет, азабын да бірге көрдім  
Басқаға бас болуы екі талай  
Өзекжарды өз тілін білмегеннің.

\*\*\*

Қызығым, әлде қайғым көп пе көрген  
Біреуін – аз, біреуін – көп дегеннен  
Келер, кетер қоғамға пайда да жоқ  
Зиян да жоқ... Бәрі де өткен, өлген...

Аяздында арканың қар жамылып,  
Арманымды ақпанда жарға жығып,  
Жұмыр жердей тынымсыз дөңгелейді  
Көктей солып, көктемей қалған үміт.

Есті жиып өскенде сәл бойымыз  
Өйткені, өлген бәрі де бата кезде,  
Қиындық... Ештеңе жоқ одан өзге  
Ғашық болған күндерім қара көзге.

\*\*\*

### *Поэзия*

Еңбек, зейнет жатады бір-бірімен алмасып,  
Он минутта құділап, он минута тауға шық  
Сен мен үшін зейнетсің, бейнеттесің өлең – жыр  
Сондықтан да өзіммен бірге жасап, өлем бір

Бесік жыры – туғанда-ақ бастауымды алғаным  
Сенсің менің ерлік пен көктем жайлы арманым  
Көрінесің сен маған махаббатпен егіз боп  
Махаббаттан да менің алыс кеткен жоқ.

Сәби шақта сен маған ана болып көріндің  
Ал, қазірде шын сүйген жарым болып берілдің  
Қартайғанда қызым боп аятайсың сен мені  
Өлсем мәңгі қаласын ескерткіштей елдегі.

Жанымнан шыға алмас болып слестейсің кейде сен  
Бақ құсысың ақылды қонатұғын кел десем  
Ұшқан кезде – қанатым, жауға шапсам – болатым  
Бәрі сенсің өлең – жыр тыныштықтан өзгенің  
Сеніменен әйтеуір жалғыздықты сезбедім.

*Алаулайды ақ қарда*

Мен еркінмін –  
 Елім еркін өйткені.  
 Жерім еркін, сенім еркін өйткені...  
 Санам еркін азат болған құрсаудан.  
 Көңілім де еркіндіктен нұр сауған.  
 Намысым да еркін енді, шүкірлік.  
 Мұздай темір құрсаңған.  
 Мына жалпак ғаламда.  
 Көңіл-кептер атаңда.  
 Адам біткен бағынышты Адамға.  
 Еркіндігін болмаса егер санаңда.  
 Қоғамыңды макта.  
 Мейлің жаманда...  
 Бос сөз болып қала берер бәрі онда.  
 Өн бе, түс пе?  
 Ұқпағандай әлі біз, жасымыз бен кәріміз...  
 Жанымызды құрсаулаған құса ғып,  
 Желтоқсанның жарқылынан күш алып,  
 Қамал бұзар қаһарманға ұқсадық.  
 Намыс үшін пида шыбын жанымыз,  
 Арыстанша Айға атылдық бәріміз!  
 Сарсаң ойлар санамызды сандатқан  
 Сап болғандай –  
 Көп күттірген таң да атқан.  
 Күн де келді оңымызды.  
 Солымызды аңдатқан...  
 Жанымызда кек қалды.  
 Жүректерде шемең болып қан қатқан.  
 Өмір бойы аңсаған,  
 Шар болаттай шамырқанған, шаршаған.  
 Еркіндіктің лебін жұптай тамсана.  
 Мәңгілікке көзін жұмды қанша адам?!  
 Еркіндіктегі ОН ЖЫЛЫМ –  
 ОН ҒАСЫРҒА татырлық!  
 Еркін жазған ОН ЖЫРЫМ –  
 ОН ЖАСЫНҒА татырлық!  
 Төбемізге НАМЫС ТУЫН шатыр ғып,  
 Өз бабалар аруағын шақырдық.  
 Жаксылықтың болғай, Тәңірім, ақыры құт.  
 Ер снссесін ел көгіне көтердік:  
 «Міне, осы, - деп, – батырлық!»  
 Ез дей ме жұрт.  
 Әлде мені ер дей ме.  
 Қай биікте, орыным қай деңгейде?

Ойлар, ойлар...  
 Жанға маза бермей ме.  
 Қиындықты қайсарлықпен жең дей ме.  
 Өзіме де жұмбақтаймын кей-кейде.  
 – Оян, казак! – деді ағалар, ояндық.  
 Арыстардын айтканынан ой алдық.  
 Мәңгі мүлгіп күн кешуге бола ма.  
 Үйде отырып босағада қалдық та.  
 Үйде отырып тонадық.  
 Өрлігіңді, ерлігіңді танытсаң.  
 Ертсең де болар құт!  
 Ерлер, ерлер!..  
 Тас шайнаған, құм жұтқан.  
 Шынды көріп, сұмды көріп...  
 Мыңды ұққан.  
 Сөзімдерін сертке байлап,  
 Өзін өзі өртке айдап.  
 Құрсау бұзған – құтылам деп құлдықтан.  
 Ерлігіне, өрлігіне ел табынар.  
 Боздақтарын боз далам да сағынар.  
 Қанымызда біздердің  
 Қайраттардың, Ләззаттардың... жаны бар.  
 Беу ағайын, қалғып кетсе, намысыңды жанып ал.  
 Қыршын кеткен ұл –  
 Қызынның өрлігінен тағылым ал!  
 Желтоқсан ба, қантар әлде ақпан ба.  
 Қыран қиял қанаттарын қаққанда.  
 Оянады қалғып кеткен бақтар да.  
 Оянады манаураған ақ таң да.  
 Қыршындардың жүрегі  
 Мұзда маздап... Алаулайды ақ қарда!

### *Шындықтан ұлы атасы*

Елдігін айтса-дағы.  
 Ел еместей – қайран казак әлі де келеді өспей.  
 Бір қазанға сыймайтын екі бастай.  
 Той болса, тарқамайтын төбелеспей.

Мәктанып аға демей өз ағасын.  
 Киікшіңге шаптырмай сөз арасын.  
 Жүген-құрық тимеген жүйріктей боп,  
 Шаппасан, топтан қайтіп оза аласың?

Ісіп-кепкен өзінің буларына,  
 Жетіп жатыр сұмдары, қулары да...  
 От тастамай, май құймай дұға мына,  
 Намысқа шабатындай ұтан болса,  
 Мақтанар ҚАЗАҚ болып туғанына.

Делебесі делбеңдеп қозатұғын.  
 Өнменде, өңешінді соз, акыным!  
 Бәрібір сен емессің озатұғын, –  
 Дермісін: «Қалай елге сөз айтасын.  
 Өзіне жетпей жатып өз ақылын?»  
 Қайтемін, менің де арман-мұратым көп,  
 Демессің «айтты мұны кім ақыл» деп.

Асуым бардай еді шығатын көп –  
 Көтермей-ақ қойыңдар шынға сүйреп.  
 Өлгенде айтып жүрсендер жетіп жатыр  
 Шындықтың ұлы атасы – шын АҚЫН деп.  
 Безер болсан, без өзін  
 (Біік мансабы үшін тілді мансұқ етіп жүргендерге)  
 Өзін кара, сөзін кара! Не дейді?

Таспен мықтап бекітіп ап көмейді,  
 Алшысынан түсіргендей кенейді,  
 Анам тілін, бабам тілін шенейді,  
 Едігедей елін «желеп-жебейді».

Қайран Елім, нені естідін, не көріп?!  
 Ездік жөніп, намыс құрып, кек өліп...  
 Ұл тудым деп қалжа жеген әз ана,  
 «Көсегесі көгеріп» жүргенінше, кетпеді екен неге өліп?!

Ана тілім – арманым, ақ тілегім,  
 Өзімнен де өзіңді көп тіледім.  
 Тілім өлсе, тірлігіме мәз болып,  
 Қара жерді қалай басып жүремін?

Тілім – анам, қасиетім, ардағым,  
 Ардағымның жүрегіне салма мұн.  
 Тілім – батам, болашағым, бақытым,  
 Қалай ғана бақытымды қарғадың?

Тілім – арым, тілім – барым, берекем,  
 Тілім – ойым, думан-тойым, меркем.  
 Тілсіз қалса – қасіретті бір тобыр,  
 Ел бола атса Ел – ТІЛМЕН ғана Ел екен!

Уақыт жылжып, келгенде Ел шетіне,  
Ашы таяк тиді талай етіме.  
Мансабына масайғандар мастанып,  
Түкіргендей Анасының бетіне.

Халық дейтін – қасиетті Ұлы Анам,  
Қара жылдар қасіретке шыдаған.  
Бәрін көрген, зәрін көрген уақыттын,  
Ал мынаған, не дер екен мынаған?

Халық дейтін – қасиетті Ұлы Анам,  
Ұлы Анам да тіл аманда дін аман.  
Қабырғаға батқан мұңға шыдаған,  
Қабырда да сатқан ұлға жылаған.

Дүниеге ер де келді, ез келді,  
Бар болған соң, бәрін соның көз көрді.  
Көрмеді тек, – көргенінен өлгені  
Артық еді АНА тілден безгенді.

Без, без өзін... Безер болсан, беже бер.  
Екіжүзді аярлықты сезеді ел.  
Ерлік қалар – қалса халық есінде,  
Іт өліммен қасиетсіз ез олер.

Сен безгеннен қызыл тілім кесілмес,  
Тіл тағдыры аярлықпен шешілмес.  
Атаң-анаң өртеп өтер өзегін,  
Ал ұрпағың олгенде де кешірімес!

Сен безгенен Ана тілім арымас,  
Алаулаған арманы асқак, жаны жас.  
Өз қағынан жеріп қашқан құтандай  
Тілің сатып, мансап алған жарымас.

\*\*\*

Ақынның сыры да – шын, шыны да – шын,  
Ағайын, айта көрме жырына сын.  
Жастықта байқамаған көп жайларды  
Жас келіп, қартайғанда ұғынасын.

Көңіліміз көктемдей күншуақты,  
Өміріміз, шүкірлік, гүл сияқты.  
Жиырмада жыр деп соққан екі жүрек,  
Алпыста да соғуы бір сияқты.



Қатар жүрген сары нар, кара нардай,  
Арман елі бір жерден табады арна-ай.  
Келеміз қос інгенмен қосақталып,  
Үзіліп басқа жакқа қарай алмай.

Жүз-атыс, жетпейміз бе, жетеміз бе,  
Көреміз не жазылса шекемізге.  
Кіндігі ажырамас екі егіздей  
Ерте-кеш бұл өмірден өтеміз де.

Қасында сыйласын да, кимасың да,  
Қинаса, жанды бірге кинасын да.  
Жетерміз аман-есен біраз жерге  
Ғайни мен Розаның бұйдасында.

Барады өмір зулап – Есіл ағын,  
Білмейсің кейде не жок, несі барын.  
Өмірде, өнерде де тете жүрген  
Сол баяғы бата дос Естәмін.

\*\*\*

Мүлгідік үнсіз жатып та, тіке тұрып та,  
Керенау тірлік сылтау іздедік сыныққа.  
Сұрама сырды, ішім біледі ит өлген.  
Жақ аштырмайды, ауызым берік құтыпта!  
Абылайлардың, ағыбайлардың ұрпағы,  
Көкірегім – кеніш, жаны байлардың ұрпағы.  
Кемістік көрген кедейден тудық деп жүрдік.  
Шалғайымызға жармасар деумен кім тағы,  
Тегімізді танып жармасса болды – құртады.  
Арғы атам менің...  
Айтпаймын, айтсам сенбестей, ойымыз – олқы.  
Бойымыз-шаршы – келді өспей!  
Құт-құтан едік Бас болмайтұғын жнылып,  
Бас бола қалсақ – миымызға қан құйылып,  
Қор болатындай тағы да,  
Тағызым еттік сыйынып мінген ТАҒЫНА.

### *Серт*

Тіршілігімнің айтылып жатса бар әні,  
Мерейім тасып, айызым да іштей канады.  
Байлығым да бар, бақытым дағы бар әлі,  
Тәнірден әке неге тілейді баланы.

Енбегім ешке кетпесін, бағы жансын деп.  
 Көзім тіріде ескерткішім боп қалсын деп.  
 Қыран боп ұшсын, күйкентай-ғұмыр кешпесін.  
 Мен бара алмаған думан-тойларға барсын деп...

Болжай алар кім бағының жанар, жанбасын.  
 Белдесер, тіпті сындырар қолын, жамбасын...  
 Бәрін де көрсін, бәріне көнсін, тағдыр ол –  
 Өмір сірәда кешіре алмайтын жігітке  
 Арына түссе, өшіре алмайтын таңбасын.

Азамат жүгін аркалап, мойынға алғасын,  
 Сүйреп келеміз тағдырдың тіркеп арбасын.  
 Екі көзіңнің біреуі бірін күндейді.  
 Еркек болған соң, бәрі де бәрі – арга сын.

Қалқан ғып ұстап даланың жусан-камысын.  
 Қоян боп ғұмыр кешпедім шыбын жан үшін.  
 Желге де селге ықпадым, қорқып бұқпадым.  
 Көтеріп биік өтсем деп елдің намысын.

Жазылар сынса, сыздаса белім, жамбасым,  
 Арыма тағдыр салмасын кара таңбасын.  
 Көбсітсем-ау деп жүргем жок елде жан басын.  
 Намысын қорғап өтсінші-ақ мерт боп хан басым.  
 Еркектікті әкеп еншіме Тәңірім таңғасын!

\*\*\*

Тән азабы ауыр ма, жан азабы? –  
 Осы ой менің жанымды қажағалы  
 жылдар өтті қаншама, бір жауабын  
 таппай келе жатырмын, ғажабы, әлі.  
 Ерік беріп жандағы сезімдерге,  
 Ет жүрегім елжіреп-сізілгенде,  
 Мына жүрген Мен ғой деп еңселеніп,  
 Көрсете алмай келемін өзімді елге.

Талай қырсық кес-кестеп жолымда да,  
 Қабырғамды күйреттім, қолымды да...  
 Тегіс жерде тәйкемнен түсе берер  
 Қалын ба еді соншалық сорым мына.  
 Тән азабы қинай ма, жан азабы,  
 Жакын ба әлде алыс па тажал әлі? –  
 Қала берер мәңгілік санадағы  
 Шешімі жок жұмбақтай ғажап әрі.

Шешімі жоқ жұмбақтай ғажап әрі –  
 Көңілімді көп сауат мазалады.  
 Айналам бәрі ақылды, бірақ кімдер  
 Көңілімнің құрысын жаза алады?  
 Адастырған көп сауат, зәуде бірін  
 Шешсем-аумен өтеді әуре күнім.  
 Бұл фәнидің сырларын ұғына алмай,  
 Басылып қалмаса екен тау көңілім.

\*\*\*

Мен өлем, сен де өлсін, ол да өледі –  
 Таусылып тіршіліктің өрлер өрі.  
 Ұмытылып тірліктегі кем істерім,  
 Мәпелеп қоясыңдар көрге мені.

Ұмытылып ғұмырда кем істерім,  
 Алысканым, біреумен керіскенім.  
 Жүргендей бір міні жоқ періштемін,  
 Шығады жақсылығым тегіс менін.

Бәрі де ұмыт болады көз жұмған соң,  
 Женілгенім, ұмыт боп женістерім,  
 Айшықталып шығады кен істерім,  
 Өзіме өзім ғашық боп...

Ой, Алла-ай, бір міні жоқ періштемін.  
 Осы жұрт қалай білмей келген мені,  
 Көрінбей көзге қораш кем істерім,  
 Жақсылығым шығады тегіс менін.

Мен өлем, сен де өлесін, ол да өледі,  
 Аялап қоясыңдар көрге мені.  
 Ескен жел, тасқын селдер тоқтамайды,  
 Тоқтамайды тірліктің дөңгелегі.

\*\*\*

Кешір, Тәңірім, қиғаштау болса сөзім кей,  
 Төзім бар ма екен мендегі темір төзімдей.  
 Пенде біткеннің бәрін де жақын дос көріп,  
 Жауымнан-дағы жақсылық күтем өзімдей.  
 Адамның көңілі не деген көзсіз, тәйтік бұл,  
 Балаларыма да, немерелеріме де айтып сыр,  
 Тамырын алыс Аркада деген ұғымды  
 Құлақтарына құйып, ұғындырамын айтып кіл.  
 Едіге-көңілге ел деген, шіркін, ел-ақ қой,  
 Қазактың жері көзді қарықтырар кен-ақ қой.


Жаман, жаксы деп бөлектеп-бөліп жатпайтын  
 Сезім де, шіркін, сері-ак қой.  
 Еліме, бәлкім, азырақ беріп, көп алдым.  
 Ыстыкқа күйіп, суықта жаурап тоңармын.  
 Ауылыма бір барып қайтқанда бір жасап.  
 Қайта тұғандай күш-қуат алып оралдым.  
 Көніл-ак қайын, тірі жүрген соң, жан-емен.  
 Жүресін ілбіп жүректегі көп жарамен.  
 Қонсы қонбасам дейсін де пәле-жаламен.  
 Қалтаң қағасын, қорғаушын сол бір кәрі өлен.  
 Сары төсекте, кімге жетердей құзырың.  
 Тіршілік – тәтті, көре тұрсам-ау қызығын.  
 Ойлайтынын да егемен деген ел қамы.  
 Тоймайтынын да қара өлен сол бір күн ұзын.  
 Кей-кейде жөніп, кей-кейде тіпті жөніліп.  
 Сергелден ғұмыр, құрдық-ау салдық, серілік.  
 Кезінде, шіркін, не біліп, жаттық нені ұғып,  
 Елігіп досқа жүрдік пе босқа ерігіп.  
 Қайран күндер-ай сөгіліп кеткен сені ығып!..  
 Бара жатқандай шегініп.

\*\*\*

Ата салт қажытып әбден жол жырақ.  
 Бейтаныс үйде тоқтайсың келіп қалжырап.  
 Түн қатып жүрген мынау өңірде бір жан жоқ.  
 Төнерек түгел ұйқыға кеткен маужырап.  
 Туралай келіп тірейсін-дағы ат басын.  
 Мазасын алып қағасын тағы  
 Турасын сонсоң, «Құдайы қонақ едік»! - деп.  
 Батырдай қайтқан осы үйдің жауын жеңіп кеп.  
 Жұайын-дағы қосады бір сөз төтеннен  
 Ырқына сенің еліктеп.  
 Келгенше қонақ, келген соң енді ол қысылып.  
 Бәйек боп жатыр қазанды оттан түсіріп.  
 Дастарқан жасап, бар дәмін саған ұсынып.  
 Атаның жолы – далаға сірә қонбайсың.  
 Осы бір үйдің тұрсан да жәйін түсініп.  
 Атанар шақта тағы да сені қимайды.  
 Ойлайды турып қошамет жәйлі, сыр жәйлі.  
 Бір көрген біліс, бабадан қалған мирас бұл.  
 Құдайы қонақ, бұйымтай айт! - деп қинайды.  
 Айылын тіптен жимайды.  
 Бабалар баста қалдырған жол ғып артына.  
 Дарқандық солай дарыпты мына халқыма.  
 Тілеймін мен де ұрпағым берік болсын деп  
 Атаның осы салтына.

# **БӨЛІМ**

*Күз келді.  
Тірліктің әрі де жоғалды.*



\*\*\*

Көктемде, жазда дүние думан – қызған шақ  
 Тұрады көңілім, тұрады биік құзды ансап  
 Сол сәттерде мен сүйіктімді алып тау кезем  
 Дарынды далам береді тынбай бізге ән сап.  
 Сондан да менің төрт құбылам тегіс ән болып,  
 Жаныма жайсаң құяды, ғажап сән – көрік.

Жаһанға жалпақ ғашық көзбенен карап  
 Кеткен-ау дүие шіркін тегіс әрленіп.  
 Ғажайып бейне таусылмас ойда, қырда да  
 Шет-шексіз ойдың мекені ме екен бұл дала  
 Шарқ ұрған шабыт қырындай катып княға  
 Қинайды-ау тіптен қона алмай тұғыры жырға...

\*\*\*

Талдырды, теректерді теңселдіріп  
 Соғады жел, тегеруінін көрсен біліп  
 Солтүстіктің түтеген ақ бораны  
 Тітіренер қораға келсен кіріп.  
 Жылы үйден тысқа шыққан бейшараның  
 Сол заматта қашады құты кетіп  
 Көлдерді, өзендерді, бұлақтарлы  
 Аралап жел, армансыз сыр ақтарды.  
 Ілесіп ілбімейтін топқа кілең  
 Алға шығып жүрмесен анда – санда  
 Ілесуден ауыр дерт жоқ та білем  
 Қуаныш қайғыменен.  
 Тең басып таразының екі басын  
 Бітпейді, тірлік деген талас ұғым  
 Тапқан кейде, тапаған жарасымын  
 Мен деген жарасы мың  
 Соғыстың сормандайлау баласымын.  
 Бітпейді, тірлік деген талас ұғым  
 Тірліктен тапқан қалай жарасымын  
 Ііліп ізет қылған жақсы інінін  
 Ауыз толтырып айттар ағасымын.

### *Қасымға*

«Құя алман үгітілген балшық өлең,  
 Көңілде көл жасамаң тамшыменен.  
 Серінің семсеріндей сертке таққан  
 Өлеңнің өткірін алшы менен.»...

Дедін де астың биік жыр асуын.  
Өленнен жасап не бір мұра асылын.  
Ел үшін өстің өрен акын болып.  
Бакытын ойламаған құр басыңнын.

Өмірдің мейманы боп аз ғана күн.  
Жатындай жанып өттің абзат акын.  
Бұрқаған қысы жүрді Оралынның.  
Жырында талмай талмай какты қаз канатын.

Жырладың алтын ұя – өз өлкеңді.  
Жырладың тау-кияны, өзен көлді...  
Жырладың кара касты қарындасты.  
Кетпедің босқа тастап көленкеңді.

Әлі де сол баяғы бір Қасымсын.  
Бір өзің танығанға бір ғасырсын.  
Отырсам өлең жазып ақышымсын.  
Жәйшылықта жолдасам, сырласымсын

\*\*\*

*Ш. Елеукенов арнау*

Шудасын жуып тер деген  
Желмая қайда желмеген  
Қамшы сабындай ғұмырда  
70-ке кімдер келмеген

70-ке кімдер келмеген  
Ақ үйге кімдер енбеген  
Өзіңізге ұқсатып бәр-бәрін  
Тойлап жатқан жоқ ел деген

Жнылып бүгін бәр-бәрін  
Көңілін сізге жалғаса  
Көтеріп тұрғандай алысқа  
Ісі қазақтың ардағы

Асылмен ойын зерлеген  
Жанына тыным бермеген  
Мансаптан кетіп тік тұрған  
Сіздей-ақ болсын ер деген

Алшысынан түскен кенетен  
Жетпіс жер орта демейін  
Бірақ сексенге сері боп



Жетерінізге сенемін  
 Жаксылықпенен жаны нұр  
 Пайғамбар жасына келсе де  
 Сіз бізге ұстазсыз бәрі бір.

\*\*\*

Шерназдан Рүстемовичке!  
 Журналистикадан сезбесе – дағы зады түк –  
 Бұйрықтарменен әрі де – бері қағытып.  
 Көкмайса белді екпінімен шанытып.  
 Жазалап жатар жазықсыз біздей бейбақты  
 Жердің астынан жік болып шықандай Салыков.  
 Жұмыстан дағы тік қайтып жүрмін. тік барып.  
 Мен бұрын – сонды көрмеген ғажап шықты алып  
 Жала сөзге де кеткендей тіптен құт дарып.  
 Редакторыңыздың тағдыры екі талайда.  
 Қол үшін беріп. алмасаныздар құтқарып.  
 Тап бұл сапардан аман қалуым ғайып –ты.  
 Шындықтың қазір табаны мұзға тайыпты  
 Ойынан алып жамауда небір айыпты.  
 Өтірік сөздер тамырын терең жайыпты  
 Жазаланыздар жазалы болсам. болмаса....  
 Қорғап қалыңыздар Есләм ЗІКІБАЕВты.

\*\*\*

*Мұхтар Әуезовке*

Соны. Мұха. сезіндің елден бұрын. білемін  
 Асыл ойдың аялап, терген гүлін  
 Сұқсырларға дөп тисе сөзін – оғын  
 Ол да сенің екі атпас мергендігің.

Айта берсек. ерлігің ерен екен  
 Көкірегің – кен. көңілің зерек екен  
 Ғасырының биігің көтеруге  
 Бір ғасырға бір Мұхтар керек екен.

\*\*\*

*Әнші (Роза Бағлановаға)*

Әншіні бұлбұл құсқа теңемеген  
 Акын жоқ.  
 Сол теңеуге сене берем.  
 Дегенмен көп бұлбұлдың біреуі де  
 Әнші деп айта алмаймын сенен ерен.  
 Сызылтып бала күннен қаршадайын

Шыркадын.  
 Ұйып қалды барша ағайын.  
 Теңіздер толқынынан тына қалды  
 Сыбдырын қоя қойды арша.қайың...

Ұқпадым.  
 Ән боп өзің жаралдың ба,  
 Тербедің айлы кеште таң алдында.  
 Шым-шымдап жүректөрге жетіп жаттын.  
 Шипагер лебі болып самалдың да.

Әнші емес.  
 Мен өзіңді ән деп ұқтым.  
 Үніне қол соқпады таң болып кім!  
 Кеудеме ұялаттын сәби шақтан  
 Осы деп құдыреті сән-көріктің.

Тоғысып тоқсан торап жыл өткенде,  
 Көнілді қарттық жетіп жүдеткенде.  
 Ойлаймын сеннің жарқын «Ақ Самараң»  
 Құяр деп жастық лебің жүректерге.  
 Әншінің бұлбұл құсқа теңемеген.

Акын жоқ.  
 Сол теңеуге сене берем.  
 Ойлаймын.  
 Көп бұлбұлдың біреуі де  
 Әнші болып көрген жоқ сенен ерен.

\*\*\*

Сырыңды назың деп ұғар  
 Болсам да әзілге құмар  
 Ішімде ешкім білмеген  
 Жанымның әжімдері бар.

Жанымның әжімдері бар.  
 Құпия әзірге бұлар  
 Өзімнен өзгеге естілмес  
 Жатынды саз үндері бар.

Шуақтай саз үндері бар.  
 Қуаттай наз үндері бар.  
 Бәрі бір жазыла қоймайтын  
 Жанымның әжімдері бар.

\*\*\*

*Аттанарда*

Бұрылып жаутан – жаутан қарай берем.  
 Барады артта нәзік бұлақ калып.  
 Енді мен аяулымды қалай көрем.  
 Отырам қай уақытта сыр ақтарып.  
 Қай кезде, қашан енді қалатады  
 Сағыныш белгісіндей найза кірпік...  
 Жанымды осы бір ой жаралады.  
 Барады алдағы үміт жайлап үркіп.  
 Оқушы, сөкпе мені жылауық деп.  
 Біреудей мен де өзімше қатат – ақпын.  
 Мен болып көрсен, егер бірауық кеп.  
 Шын сырын ұғар едің махаббаттың.  
 Отырып ән айтармын кейде налып.  
 Барады іште көп сыр таркатылмай.  
 Сағынып жүрем оны жадыма алып.  
 Шырынның, кәдуілгі Фархатындай.

\*\*\*

Тай-құтындай тебіскен.  
 Сәл нәрсеге керіскен.  
 Сәтте қайта келіскен  
 Бір біріне сеніскен.  
 Алмастарын алысып  
 Берместерін беріскен  
 Біреуіне бірі қорған  
 Аға болған, іні болған  
 Жәкен. Сәкен қатар жүрсе парасатын  
 Есағана ұқтырғаны жарасатын.

\*\*\*

Өмір, өмір... Кім көріпті мұндайды  
 Алмасады бір қуаныш, бір қайғы  
 Күнде алмасқан ойлы – қырлы дүние  
 Жанды ауыртып жүрегіңді тырнайды.  
 Жүрек сөзі бал балалық, бар ақсыға ғашық күн  
 Сөздеріңмен жігерімді тасыттын.  
 Таңда отырып бір жыр жазсам, алдымен  
 Соны өзіне жеткізгенше асықтым.

Жапалақтай пана көріп жар асып  
 Күн кешпедің ғарыштардан әрі астың  
 Қас жүйріктей бәйге күтіп, таң астың  
 Сөзін сөйлеп келдің алты алаштың  
 Дауылдарда дамыл алып көрмедің.

Салдын әсем бар кезеннің өрнегін  
Елдің камын, жердің камын кашан да  
Елмен бірге тебіреніп сөйлейсін.

Жерін аңсап бозбайтұғын бозінген  
Секілденіп, кездерде де көзілген  
Ата жастан асып кеткен кезде де  
Бірге жүрген, секілдіммін өзінмен.  
Өкелгендей сөзің жанға әр күн ем  
Қуатыма қуат қосып, берді дем  
Өзіңменен атырдым кей таңды мен  
Сенің тойың – менің тойым алдымен.

\*\*\*

Мен өзіңнен безгенде қайда барам,  
Сенен асқан асылды қайдан атам?  
Күн нұрынсыз гүл көктеп айнамаған –  
Басқа бақыт табам ба айналадан.

Басқа бақыт табам ба айналадан,  
Іздермін қай қаладан, қай даладан  
Өз-өзіне алатын азап тілек  
Мазасыз болармысың қайран адам.

Жігіттіктің желғабаз – желігінде,  
Жүрегімді басқаға телідім бе?  
Төрт аяқты тұлпар да сүріненді –  
Болмаса ауыстырам сені кімге.

Алақұйын асаулық қалған менен  
Қайда қоям жанымды жабырқаған.  
Нұр жүзіннен, қалқам-ай бәрін табам,  
Сезім табам, от табам, жалын табам.

Жныңға да, тойға да барғанменен,  
Алақұйын асаулық қалған менен.  
Айырбастап шындықты жалғанменен  
Алға сүреп келеді арман деген.

\*\*\*

Олар екеу еді,  
Өнерге жастарынан етене еді  
Ай астында тербеліп салған әні  
Алты қырдан әрі асып кетер еді.  
Түн сейіліп барады сырғып туман  
Жанды баурап ғажап ән сырды ұқтырған

Көкжиегі көңілдің көтеріліп  
 Жан кірердей далада мүлгіп тұрған.  
 Тағы да бір кезігіп таяу күнде  
 Талай-талай қыр астық жаяу бірге  
 Тауды тербеп, даланы әлдилеген  
 Құлақ түрдім сиқырлы аяулы үнге.

\*\*\*

Алма ғайып дүние, алма ғайып  
 Көңілімді тұра айтсам бар ма айып  
 Бүгінгі кеш қайтадан оралмайды  
 Өткізіп ап қолыңды қалам жайып.

Самалмысын желпіген, шуақысын  
 Өн бойымда нәр қуяр қуатпысын  
 Карсылас деп айтуға бармайды аузым  
 Менің пірім жебеушім сиятысын.

Қайтып сені қарындас жамандайын  
 Аяныма еріп ал, шабытанайын  
 Қырға шығып қызғалдақ терем десең  
 Қазір бастап кетуге аған дайын.

\*\*\*

Тышқанды көрсен, ініне кірмей құрт  
 Біреу күліп жатқанда, біреу жылап  
 Біреу тұрып шаттанды, біреу құлап...  
 Қолтығынан көтеріп, демесін боп  
 Қолтығымыздан келмеді сүйеу бірақ...  
 Ашықта бар, бұлта жоқ көлеңкедей  
 Кім боп бара жатырмыз осы біздер  
 Жаксы жүрсе бәрі елдің досымыз дер  
 Досымыз дер көңілдің хошын іздер.

\*\*\*

Бүгін түлкі – арыстан арғы тегі.  
 Арамза адамдарға мал бітеді.  
 Жайсанды жел өтіне айдап салып  
 Айламен үйде отырып жан күйеді.  
 Бұлынғыр өмір тұман, көңіл тұман  
 Тұманның шыға алмайды көбі ыркынан  
 Ойымыз кісендеулі, қолда шідер  
 Сарбаз көп, сардар аз қолбасы дер  
 Егіліп ертеңіңді ойлағанда  
 Бойына ішкен асың зорға сінер  
 Еренбіз іріміз деп ісінгенде

Шеберміз кісі алдында кішіргенде  
 Тегі кім, теңі кім де таңданамыз  
 Елдігін елдігінің түсіргенге.

\*\*\*

Білмедім – басынғаны, тасынғаны...  
 Балам да қайран қалды-ау қасымдағы  
 Аспан төсін тілгілеп ашық күні  
 Жанымды осып өтті жасындары  
 Бой мұздап, сәтта қайта ысынардай.  
 Жер боп қалды-ау табандап мысым алла-ай  
 Отырмын түгіне де түсіне алмай.  
 Мықтының қатесі де, жөні де жөн.  
 Қиял көп, адасқандай соны кезім.  
 Құйрығын ұстатпаған қызыл түлкі,  
 Барады күліп – алдап өмір өзен.  
 От басып әркімдермен билеген қыз.  
 Секілді әлі талай «сый көрерміз»  
 Тірлікте бірде жылап, бірде құлап  
 Ес кіріп, тік жүруді де үйренерміз.

\*\*\*

Ортаймаса да ой әлі  
 Өзіме өзім сенімді  
 Емеспін, жалғап қояды  
 Тозығы жеткен жерімді.  
 Жүйке ме, тағы немене...  
 Жұқарған дей ме, жұқарған...  
 Еле енді, мейлі елеме  
 Жасырамызда тарихтан  
 Жастығымызды жұт алған.

\*\*\*

Тете өскен төртеу едік бір ауылдан  
 Кеудемізде жастықтың жыры ағылған  
 Бейкүнә балалықтың балдай үні  
 Күмбірлеп кетпейді әлі құлағымнан.  
 Балдәурен балалықтың бұлағынан  
 Жаксы көрдік, өмірде жаман көрдік  
 Жылдар өтті бұт күнге аман келдік  
 Бүгінде де тұрамыз бір қалада  
 Ыраздыктан тірі адам құр қала ма?

\*\*\*

Ізде мені, мен де сені іздейін  
 Көктеміне айта асыққан күз дейін.

Үміт бітсе, тірліктің де біткені.  
 Ізде мені, ізде мені, жарығым.  
 Іздеушің жоқ болса өмірдің нәрі мұң  
 Жер бетінде жүргенімді есен-сау  
 Талып жеткен даусымнан танығын.  
 Кеудеңдегі өшпесе от жарығың  
 Алау ет те ізде мені, жарығым.  
 Көремісің кең дүниенің тарлығын  
 Білемісің сенсіз көңіл жарымын.

\*\*\*

Тірліктің босағасын аттаған соң  
 Жанашыр дос, жакын да... табасың  
 Ақынмын деп кеуде ұрма, ақын болсаң  
 Жазғаныңды ел құрандай жаттап алсын.

Ел таныса, байпаңдап – бапталарсын  
 Жырларыңды іздеп ел жаттаған соң  
 Бүгінгінің бәрі де құр фәнилік  
 Асылың аңыздай боп артта қалсын

Тірлігің – қашқан түлкі, бұлаңдады  
 Белгісіз, қу көп... Кімді кім алдайды  
 Жалған дүние, құлысын қу тірліктің  
 Ертенге кім барады, күмән бәрі.

Өмір заңы – әкемді, анамды алса  
 Көбінде әлі көңілім алаң қанша.  
 Білерім – Абай, Қасым бола атмасым  
 Ақыл айта атмасым Аманханша!

Тірліктің босағасын аттаған соң  
 Сор табасың, жетерлік бак табарсың.  
 Бак қуам деп барыңды таптаған соң  
 Ар алдында неңді айтып ақталасың?!  
 Өмір күрес, шешінген судан таймас  
 Табылады тағы да бакталасың.

\*\*\*

Күз

Сары – ала күз!  
 Айналанда сары аптап.  
 Молшылығын сапырғандай табақтап.  
 Ну ормандар еске алып бар – жоғын  
 Жапырағын жатқан сынды парактап.

Сары – ала күз!  
 Алай-пылай десек те,  
 Өз анадай – жолын кып, кесе өтпе  
 Жаз – келіннің жаркыратып жиганын  
 Қарт әжедей алып жатыр есепке

Сары ала күз!  
 Салмқты да сабырлы.  
 Құт – берсе-бәрі өзінен табылды.  
 Екі басын таразының тең ұстап  
 Көрсеткендей жоғың менен барынды.

Күз келді.  
 Зіл батпан еңсеңді басқандай.  
 Қатықтап жүзбейді аспанда Ай.  
 Жамырап туатын жұлдыздар  
 Жылтырақ мекеніне кашқандай.

Тынымсыз соғады ызғарып  
 Төбеңде қорғасын – сызды бұлт  
 Дүние ансайды  
 Күн көзін  
 Жаурынын алсам деп қыздырып.

Күзкелді –  
 Тірліктің әрі де жоғалды.  
 Көктем мен жаз өтті көгалды.  
 Кәрі жер сүйегі сырқырап  
 Амалсыз ақ тонмен орайды.

\*\*\*

Мен берілсем  
 Берілемін жаныммен, тәнімменен  
 Ожданыммен, ақ қардай арымменен  
 Табиғатым сол үшін тілейтіндей  
 Қалтарыссыз, қалдыксыз бәріменен

Сүйе қалсам,  
 Сүйемін өле – өлгенше  
 Күл болған жер қайта көгергенше  
 Дүниеде жан жоқтай махаббаттын  
 Азабына – тозағына төзер менше.

Солаймын, нақ солаймын әр істе де  
 Пенделіктен, әрине, қалыс деме  
 Жан емеспін түсірген көңілге шық.



Және өзіме тілемен тегін несіп  
Жанып жүрем күл болып кететіндей.

Көрген емен жартылай өмір кешіп  
Жетегінде желпініп сан елестің.  
Тезіне сап қинайды өмір кей күн  
Сонда-дағы шашылып – төгілмеймін.  
Жан – тәнінмен жек көру қандай қнын  
Амалым жоқ, онда да бөлінбеймін.

Кайтейін –  
Ардай сырым көңілдегі,  
Қаншама рет қабырғам сөгілгелі  
Бәрі бір де барым сол, ағайындар,  
Тұтас қылып жаратқан өмір мені.

\*\*\*

Айналайын, ернің шырыны бат  
Сол шырыңға жітіттің жаны қумар  
Менің саған ғашық боп жүргенімді  
Бұл дүниеде өзімдей кім ұғынар.

Айсам деген көкейде сөзі бар сан  
Алабұртқан жүректе сезім қанша  
Ақық, жаһұт дегенін бәрі тас қой  
Аямаймын ол тұрмақ өзімді алсан.

\*\*\*

Өмір қызық бір күні бір күнінен,  
Шаршы топқа тартынбай кірдім үнемі.  
Айналамның бәрі дос, бәрі бауыр –  
Сонда да кімді танып, кімді білем.  
Кейбіреулер ағайын, ілік көріп,  
Сәлемдесіп жатады күліп келіп.  
Кейбіркулер ішіне сырын бүгіп  
Өз-өзімен кетеді күдіктеніп.  
Қырда жортқан құландай.

\*\*\*

Жасаған жан емесем сыртан байлау,  
Бүйте берсе шашымнан түк қалмайды-ау  
Әлде бұл көріліктің құрығы ма,  
Ол болса құтқармайды-ау, құтқармайды-ау.  
Ақ кемесей айдында жүрген де арман  
Махаббат па, Махаббат бізден қалған.  
Ессіз еді, батырдай көзсіз еді

Отпен ойнап, секірген күз бен жардан.  
 Мезгілді қыс демегем, күз демегем  
 Сүюден басқа бақыт іздемегем  
 Сенің балдай лебіңнен емделер ем.

\*\*\*

Сені көрдім  
 Сен анасын. Ак канат періштесін  
 Биіктесін. жазықта. еністесін...  
 Сені көрдім.  
 Тағдыр ма таланыма  
 Кезіктірген ак нұрлы арайыма  
 Көзінде мұң –  
 Бір жансын жанын жұмбақ  
 Алар екем өзіңді қалай ұға.  
 Көрдім сені –  
 Жанарын төмен екен  
 Қайтгіп саған, карағым, көмек етем.  
 Жаз күніндей жайнаған нұр жүзінді  
 Қалай ғана, қай күні көрер екем.  
 Білмеймін бе,  
 Әлде осы білмеймін бе  
 Мұң ұялап тұрады кіл өнінде  
 Қасырсттің торлаған бұлтына ұксап  
 Камалған қандай шер жүрегінде.

\*\*\*

Өз даусым, бар өйтеуір өз үнім  
 Жетер-жетпес бәр-бәріне төзімім  
 Қанша жерге кетер екен сөз, үнім  
 Қанша жерге жетер екен төзімім  
 Таныса тек болғаны өз ұтын.

\*\*\*

Аз топ едік кәрісі бар жасы бар  
 Көңіліміз тау сындай тасыған.  
 Кеңіректеп отыр едік кекіріп  
 Түріміз жоқ Еркіндікіне асығар.

Сол бір топтан үш-төрт адам бөлініп  
 Кететіндей, қалды не күн көрініп.  
 Ақын көңіл мәпелеуді сүйетін  
 Қалды-ау сәтте бал шарабы төгіліп.

Қиын екен көріп, біліп, аңғарған  
 Жайымыз бар іштей тынып, таң қалған.

Бала-шаға ештеңе емес әрине  
Ұят болды-ау ортадағы шалдардан.

Аз топ едік кәрісі бар, жасы бар  
Демейміз ғой Еркін бізді асырар.  
Сонда – дағы су сепкендей басты-ау бір  
Талант тұнған көңілімізді тасынған.

\*\*\*

Өлең де өнер.  
Өнер де өнер дегенмен.  
Сол өнерді қууменен келем мен.  
Қиындығы – бетпак шөлден су іздеп.  
Қауға тарту секілді екен тереннен.  
Іздегенін жасырынбай тұра ма.  
Ондай кезде кезіккен бір тумаға.

\*\*\*

Япырай тентек едің-ау  
Кешегі бала күнінде  
Шырықты бұзып едің-ау  
Жігіт бопсың ғой бүгінде.

Тенегімен көршінің  
Қатушы ең жиі шекісіп  
Болмашы жерде қызынып.  
Қайдағы дауға кірісіп.

Қызыкқа бәрі жапырлайды.  
Бірақ мұны шақырмайды.  
Енді ұқты, ең мықты қуаныш екен.  
Жалғыз қалу қиын екен.

\*\*\*

Туыс қайда, дос қайда, бауыр қайда.  
Бірге асатын бәрімен тауың қайда.  
Тіршілікте кезігіп қалтарыстар  
Соларды іздеп жүрегін  
Бұл фәнидің сан тарау жолдары көп.  
Жүрер біреу біреудің қорғаны боп.  
Кейде тіпті өмірге өкпе айтамыз  
Алға басқан қадамым оңбады деп.

\*\*\*

Япырай, мына сөздің жалғандығы-ай.  
Безуге бола ма екен бардан бұлай.

Қалай-қалай айтасың аузың барып  
Жүр деп бізді ерлікпен таңдандырмай.  
Таусылмайды сірә да арманымыз.  
Керек кезде бұзаыз араны біз.  
Ерлік емей немене ерден де ерен  
Аруларды бұйдадап алғанымыз.

\*\*\*

Мен сені сағынамын – айналайын,  
ауылым, ақ арманым  
Сені ойласам оралар жанарға мұн  
Дүниенің төрт бұршын шарлай жүріп  
Өзіндей ыстық мекен таба алмадым.

\*\*\*

Өспеттеген ерлікті халкым қалай  
Дәстүр жатыр дамыған даңқында бай  
Жігіт болып не пайда туғанынмен  
Жүнжіп жүрсен жастықта жаркылдамай.

Ақ алмастай салғаннан қиып түстіп,  
Қатарынның көбінен биік түсіп,  
Жүрмесен... Жігіттіктің сәні қайсы  
Және де сұлуларды сүйіп-құшып.

\*\*\*

Адамды сезім билейді-ақ екен тегінен.  
Өзгені қойып, өзіме де айтпай келіп ем.  
Көз көрмейтіндей алыста болсаң бір басқа  
Жаныңда-ақ сағынып жүрмін сені мен.

Аурудың жанын сау адам сірә да білер ме.  
Біреулер бәлкім мұныме менің күлер де.  
Ұмытпаса екен ақиқат жайды тек қана  
Жүрекке әмір жүрер ме.

Жабығып кейде, мұң басар ауыр еңсені  
Жапыңда-ақ қазір сағынып жүремін мен сені.  
Басқа жұрт мейлі сенбей-ақ қойсын сенбесе  
Тілерім жалғыз – жүрегін сенің сенсе еді.

\*\*\*

Ақ көбелек, көк көбелек  
Бұл не деген көп көбелек  
Гүлден гүлге ұшып, қонған  
Тынымы бір жоқ көбелек.

Қонар ма екен Күнге барып  
 Қонар ма екен Айға барып  
 Түрлі түсті канаттарын  
 Қағады ылғи жайлап анық.

Мен де солай ұшар ма едім  
 Көктің жүзін құшар ма едім  
 Бұлттардан да әрі асып  
 Ұшақтарға ұқсар ма ем.

\*\*\*

Қарасам мына дүние таңдай жарық  
 Суреттей сұлу екен, таңдай қағып  
 Ғажайып қайран қалам шамдай жанып.  
 Ойласам мына дүние таңдай жарық  
 Түнде де тұратұғын шамдай жанып.  
 Ғажайып суретінен көз ала алмай  
 Қараймын қайран қалып, таңдай қағып.  
 Айналам аппақ екен, ашық екен  
 Төнерек көзді арбардай жасыл мекен  
 Қанша жыл өтсе – дағы аңдамппын  
 Өмірге өлердей-ақ ғашық екем.  
 Қасымда аялаған асыл жарым  
 Көңлімнің көргендеймін тасынғанын  
 Анам бар, балам да бар, бар тағы да  
 Мен сүйген, мені сүйген асыл жарым.  
 Дүние теңіз құсап тербелгенде  
 Нұрланып, көрік беріп ел мен жерге  
 Басқадай бар әлемді ұмытамын  
 Күлкіммен шуақ шашып сен келгенде.

\*\*\*

Келгені мұнда кеше еді  
 Аймалап жүзін самала самал еседі  
 Көкте де – жұтдыз.  
 Жерде де – жұтдыз жымыңдап,  
 Қуанышына қуаныш қосқан кеш еді.  
 Көктемі жетіп, оралып қайтқан құстардай.  
 Сарқылар емес, бойында ғажап күш бардай  
 Көсемнің өзі аялы алақанымен  
 Есімін айтып, құтықтап қолын қысқандай.  
 Талайға дейін дөңбекши берді көз ілмей  
 Бақытты жан жоқ жаһанда мына өзіндей  
 Айтылған әрбір қошамет сөзді жүрегі  
 Қабылдап жатты  
 Көсемнің айтқан сөзіндей.

\*\*\*

Жаксыларды айтамыз –  
 Жеткізе алмай мактауын  
 Жамандарды да айтамыз  
 Кем түсірмей даттаудан.  
 Үйренеміз бірінен  
 Тәлім алған баладай  
 Жиренеміз бірінен  
 Бет – жүзіне карамай.

\*\*\*

Тірі жүріп бәрін де көрген аман  
 Бірдей ме осы есік те, төрде маған  
 Ештеңеге кіріспе, тыныш дейді  
 Онда ғой тірі жүріп өлген адам.  
 Уақыт зырлап барады, жүрдек тегі  
 Алматыға кім келіп, кім кетпеді  
 Арман қуған бейбақтар дегеніне  
 Бірі жетіп, біреулері жетпеді.  
 Бір карағанға есі бар саудаймын  
 Өзімді өзім акынмын ғой деп алдаймын  
 Тік отырамын, ерімнен аумамаймын  
 Түнеріп келем, жаумамаймын.  
 Жеспін, шайқап ішіппін  
 Суын, бидай, тарысын  
 Қара бастын қамы үшін  
 Отқа суға түсіппін  
 Дейді бәрі, бәрі үшін  
 Тірлігіңнің нәрі үшін.  
 Жылдар көп сызы қалған  
 Талайды өткізіп алғам.  
 Шертіліп шертілмеген  
 Дертім де, сертім де өлен.  
 Жай отын да келетін ала қашқым  
 Енді мәзбіз қауқайып қалғығанда  
 Құтындаған қуыршақ алтын бола  
 Көрсетейін деді ме нарқын жана  
 Қу дүние баяғы қалпында ма  
 Не пайда бір ұтылып, бір ұтқанмен  
 Тұра алмайсын күліп танмен  
 Күнде қыздырмайды жылытқанмен.

\*\*\*

Болса да елдің жайсаны, қасқалары...  
 Үйлеспейді тірлікте жасқа кәрі  
 Адамдағы апаттың орасаны

Осыны «Ұмытудан» басталады.  
 Көріп кеше «жарасқан» жұбайлары  
 Көз карайып, бас құрғыр шыр айланды  
 Көңілімнің тұннығы лайланды  
 Алдарқатқан болады қаншама елді  
 Түк ұқпадым мен бірақ, құдай бар-ды  
 Қуанышты қорлардай кесір емен.  
 Тойда отырып шала ұйқы есінеген  
 Кешті көрдім қасында сәскеліктің  
 Кеш сәскені алдайды несі менен  
 Көлгірсіген қу көңіл құптаса да  
 Ақылы ауған кеудені жұтқа сана  
 Сөзім бей-бақ ұқса да ұқпаса да  
 Кеш пен түс, жаз бенен қыс жұптаса ма.

\*\*\*

Бірде толмай, бірде тасып төгілген  
 Тірілігің, кіл бәрі-бәрі көңілден  
 Қазір менің көрім жақын төрімнен  
 Дей алмаймын сайрап жатқан жолым кен  
 Кейде нардай қабырғасы сөгілген.  
 Заманың, қоғамыңды күнде тілеп  
 Төбесңді тұрсам дейсің күнге тіреп.  
 Жатың-жат қой, кей-кейде туыс күндеп  
 Жұғыспайтын жерлерге жұғыстық деп  
 Кинамасқа жаныңды кинағанда  
 Өз өзімнен тұрады ішкім кеп  
 Айтпайтынды айтудай айтады әлі  
 Шаттығыңның шарасын шайқағалы.  
 Тірлікте таусылмайды айтар аңыз  
 Түгесіп қайсын қашан айта аламыз  
 Болған қатай болдым деп айта алады  
 Оратмайды өткеннің қайта бәрі  
 Қар жауып із басылды дегенде де  
 Ағайынның бітпейді айтағы әлі.

\*\*\*

Сен ұйықтап жатасың ертеменен  
 Мен ояұмын, көңілімде ерке өлең  
 Таңда тұрып көзіме елестетем  
 Мойныма асылып еркелеген.  
 Жүреп жүрген кезімді анық көріп  
 Тәнірім сені маған алып келіп  
 Өзі теліп мәңгіге сиалағандай  
 Жүрсін деп маған шабыт беріп.  
 Секілді бір міні жоқ шынар ағаш

Шырыны тал бойында сірә да жас  
Мас кылып тартасың кеп, қайта сүйреп  
Қасыңа кірсем бе екен...

\*\*\*

Әзілде сен, құрбыжан, әзілдегің  
Сенсен, зауқым жоқ әзір менің  
Шуақ та аз жылытар жүрегімді  
Атыс қалған көктемім, жазым ба едің

Көсегендей қоламта шокты да әрен  
Күйім мынау, іздеме жоқты менен  
Күнім болса кешегі ебін тауып  
Құдашалап өзім-ақ соқтығар ем.

Қайран көңіл бәрін де көріп қалған,  
Қандай ләзат табасын жолыққаннан  
Қызғанменен, шоғы жоқ не шығады  
Қоламтадан қозғаусыз сөніп қалған

\*\*\*

Әзілдей бер, құрбыжан, әзілдей бер  
Алдаса да, алда әлі жазын дей бер  
Мәз боп саған жүрейін жас балаша  
Өкпелемсің – өтірік назым дей бер  
Сен де, құрбым, әзілде, әзілдей бер  
Алдаса да – алда әлі жазын, - дейді ел.  
Көңіл үшін көбіне көзі күліп  
Ішке сактап тұрады назын кейде.

\*\*\*

Кезіктің, жаным, кезіккен сәтім – өнім бе  
Тез ұқтым, жаным, жұлдызым-ау деп көгімде  
Жетелеп алға армандай асыл жана үміт  
Сен үшін тіпті бәріне дағы бас тігіп  
Өзімді өзім байлардай болдым өлімге.  
Күткіңде бөлек, назын да бөлек, жарасқан  
Өзіңді таптым қараша қаздай адасқан.  
Ұйқымнан кейде шошынып тұрам, сүйіктім  
Кес-кестеп жолда қодарлар шығып таласқан  
Тұсауын салар тымырсық кезде ойға кім  
Тұңғыық сырдың тереңдеріне бойладым.  
Қытықтым-ау сен, еркелей берші, еркелей  
Қызуынада, қызығыңа да тоймадым  
Мұң баспай мына мөлдіреп тұрған көзіңді  
Қуаныш қана ұшқындаған да жанардан.



\*\*\*

Өткен соң кайта оралып күн келе ме  
 Дауыстап өкпе айтарсың кімге, неге  
 Өлгендер қанша айтасын да міз бақпайды  
 Елеуреп сұранбайды мінбеге де.  
 Содан да биіктемей атасардык  
 Бірінің қауқары жоқ таласарлық  
 Өзіміз жіберген бар пәлелерді  
 Соларға үйіп-төгіп жаба салдық.

\*\*\*

Өмір атты өлкеде бәрін көріп  
 Алсак, алып, берсек те бәрін беріп  
 Келе жатқан андаймыз, босқа жүрмей  
 Жетекке алған жорға боп жанында еріп.  
 Қошаметпен көтеріп, гүлін беріп  
 Құанышын қайғысын, мұнын бөліп.  
 Әйгілі професор қалпынменен

\*\*\*

Таусылып төзім – тағатым  
 Өрнекке күнде баратын  
 Сағынып жүрер күндер-ай  
 Ұшарға болмай қанатым  
 Өжет екем-ау көзі жоқ.  
 Жеткізіп айтар сөз жоқ.  
 Жанымда лаулап жанатын  
 Күшті еді қандай сезім-от  
 Екінің бірі білмейді  
 Көре алмағандар күндейді  
 Сезім – ай.  
 Сезім – құдірет  
 Тасты да жарып гүлдейді  
 Гүлдетіп арман – лағылды  
 Қиямен кезген шағылды  
 Отқа да суға түсердей  
 Сағындым сол бір шағымды.  
 Бір күні кедей, бірде бай  
 Қызығып кокте құлген Ай  
 Еске алсам – ғажап ертегі  
 Дария жастық күндер-ай  
 Көңілде көктемгідей гүлдеп арман  
 Мас қылған ішпей-жемей  
 Бұл не жалған  
 Өнбойды өлермендік билеп алып  
 Өрнекке өжет екем күнде барған.

\*\*\*

Ерте ме, кеш пе көлбеңдеп жүресін  
 Өзінді көрсем кетеді кіл есім  
 Ояу кезімде, тіпті ұйқыда түсімде көріп  
 Менің сені сүйетінімді білесін  
 Ақ марал сынды керіліп ояндың ба  
 Сөзімге бір сәт мен құсап бой алдырдың ба,  
 Жер басып мына сұлулықтарды көре де жүріп  
 Сенің әдемі күлкіне тоямын ба.

\*\*\*

Мына жалған дүниеде сату, алу  
 Ақшаң болса, бәрін де жатып алу  
 Түк емес қайда барсаң жолын ашық  
 Бүгінде топ-тобымен катын алу  
 Сатам мен де барымды, арымды да  
 Жәй тапса тек болғаны жаным мына  
 Түгел қайта жинамын бар атакты  
 Қосылған соң дабырайтып дарындығы  
 Інілерді ықтырып ағаларды  
 Қарсы шыкса, тарпимын, болам әлді.

\*\*\*

Балдәурен – жазира жаз, алтын уақыт  
 Сергітіп самалымен салқындатып  
 Құс канат княлында көкке өрлетер  
 Қоятын табиғаттан ән тыңдатып.

Балдәурен, айналайын, жайсаң күндер  
 Өркім – ақ жастығында қайсармын дер  
 Досың көп жақсы кезде – ол жаныңда  
 Қалады тұғырыңнан тайсақ кімдер.

\*\*\*

Кезіктім-ау ғайыптан, кезіктім-ау  
 Жүрегім бір құдыретті сезіп тұр-ау  
 Сүйгені үшін тектен-тек тәрік етіп  
 Мәжүннің дүниеден безіп мынау.  
 Сан талай жыл дүниені кезіп мынау  
 Кезіктім-ау айтуыр, кезіктім-ау  
 Лүпілдеген жүрегім тіл катпай-ақ  
 Бір жақсылық боларын сезіп тұр-ау.

\*\*\*

Я – келдім, аға ауылдан  
 Арман Алатауынан

Іздеп жаны ауырған  
Қарындастан, бауырдан...

Апам менеп әкемнен  
Көкең менен тәтемнен  
Қарт атам мен сәбиден  
Сәлемімді ал әкелген

Жырларыңа табынар  
Сырларыңды сағынар  
Нағашы мен жисең,  
Құда – жекжат тағы бар.

\*\*\*

Қарабайға мал қайғы  
Қара ешкіге жан қайғы  
Түлкі бұлан тірлігін  
Алдайды кіл, алдайды...  
Ер жетсең де алдайды,  
Кері кетсең де алдайды  
Алды-артыннан қамалап  
Қыр соңынан қалмайды.  
Қайда қашсаң тұтылар  
Құтқармайтын жұты бар  
Бұл адамзат қырсықтан  
Қалай қашып құтылар  
Қайта құрып жарытпай,  
Айтарыңды және ұқпай  
Жүресіңдер бүгінде  
Суда жүзген балықтай.  
Аңғалдық пен ер егіз  
Қулар айтса сенеміз  
Бәрі бір де қайтадан  
Құрыла алмай жатырмыз.  
«Қарабайға мал қайғы,  
Қара ешкіге жан қайғы»...  
Қара басқыр қу тірлік  
Қан қақсатып алдайды  
Алдайды ылғи. Алдайды!..

\*\*\*

Туыссыз тура билей сынарында –  
Қасарып қарсы жүзген кіл ағынға.  
Жан пидә шындық үшін шығарында  
Біледі қайда шығарын тұрағын да.

Нілмей шарт сынатын сынарында  
 Қасарып қарсы ағатын кіл ағынға  
 Ал, көне тұратын жеріңді айт! - деп  
 Шығатын шындық үшін шығарында.

\*\*\*

Қалмады кімге көңілім.  
 Тұрлауы аз жұрттың көбінін  
 Бүгін бар сөзі ертең жоқ  
 Ескеріп жатар оны кім.

«Мұрар да, мұнар, мұнар күн  
 Бұлттан шыққан шұбар күн»...  
 Махаббаттың мұң – зарын  
 Зерделеп бүгін ұғар кім.

Тартылып теңіз көл болған.  
 Көғарай шалғын көл болған.  
 Адамның ақыл – айласы  
 Айналып келіп сор болған.

Құлан да жеріп қағынан  
 Құрбақа көлін сағынған  
 Пайғамбар жастан өткенде  
 Шәлдір шалдар қағынған.

\*\*\*

Өкеммен сырласу  
 Қаншама рет жыр жазуға оқталдым.  
 Оқталдым да, сабыр тұттып тоқталам.  
 Бір ұшқынын жандыра алсам деп  
 Кеудемдегі өзін салған шоктардың  
 Қарбалас көп тіршілігімен кеңсенін.  
 Мақтан көріп артқандай-ақ ел сенім  
 Жарқыратып жасандырмай жүріппін  
 Көп ісіңді мен сенін.  
 Өмір – мектеп, менің кінам аз алсам.  
 Тәлімнің оннан бірін жаза алсам  
 Біраз істі тындырғандай болар ем  
 Сөйтіп барып борышыман тазарсам.

\*\*\*

Көксіңе ән келсе, ән сал, бала  
 Биіктен шол дүниені, сәл самға да  
 Ұялайсың еліңнің жүрегіне  
 Өлмейтін бір ән болып қалса ғана

Ғарыштарға шығандап бар самға да  
 Тындағанды тебірентіп тамсандыр да  
 Әуеніне өзін де тамсан, бала  
 Шырқай алар өзі де құдай білген  
 Егіз гүлдей жарасып шырайлымен.

\*\*\*

Нұрланып көкірегім шырайланам  
 Бір бақыт мені, жаным, жүр айналып  
 Жалғыз-ақ сені ойлаймын  
 Ұмыт басқа дүние былай ғатып  
 Шарықтап көтерілер жиі құсым  
 Бола ғап күйінішім, сүйінішім...

\*\*\*

Жаны жайнап, жадырап көзі күлген  
 Баурап алар бауырдай сөзі бірден  
 Көп жылдан соң аға деп танып жатқан  
 Айналайын, Қадыржан, көңіліңнен  
 Қуса жетіп, жарыса оза алатын  
 Жаны мөлдір секілді таза акын  
 Төбесіне көтерсе көтерер ел  
 Ел деп соғар жүрегі азаматын  
 Жарығандай жұлдыздың жайнағаны,  
 Бұзылмаған көңілінің қаймағы әлі  
 Дүниені құлатпай тіреп тұрған  
 Өзін сынды жігіттер қайда-дағы  
 Құлашын кенге сермен айға дәйім,  
 Жиып жүрер қайда дос, қайда ағайын,  
 Жаны жомарт Арканын даласындай  
 Кемелдік, кеңдігінен айналайын!

\*\*\*

Шер-шемен жүрек, айтатын әлі мұн-зар көп,  
 Кім білген жанға түсетін мұнша сын бар деп,  
 Оратмай қалған сондағы көп-көп құрбысы  
 Көзіне әркез елестейді асқак шыңдар боп  
 Жаны да сондай кіршіксіз таза бір шын-ды  
 Төбесі бірақ қар емес, дәйім гүл сынды,  
 Түсіне кірді, жакындап талай қол созды  
 Оянса елес, бір емес, мың сынды,  
 Қуанып еді – құдай-ау неге шектеді,  
 Қол создым ман де, таяп-ақ барып жетпедім,  
 Сағыныш уын кеудеме күнде құйғанша  
 Ұйқыға неге біржола шомып кетпедім,  
 Демеңдер ана тәубасын мүлдем ұмытты

Жоғалтар қалай андағы шырақ-үмітті  
 Мариям, Досан ол кезде балғын шыбық-ты  
 Шынар боп өсті – өтінде желдің шынықты.  
 Шынықты шыннан бұл күнде олар қос шынар,  
 Тартылып қалған тірлікке қайда қосты нәр.  
 Мейірман көңіл, өртенге шыққан өркендер  
 Зерделі және жанына балап досты ұғар.

\*\*\*

Сандатып санап басқан әр адымын  
 Жанымның үдеткендей нала мұнын  
 Аккуындай айдынның ұша алмайтын  
 Қанатыма оқ тиген, жаратымын  
 Арманымның адуын өткелі бар  
 Күтумен жылдардың көктемін әр  
 Асығатын құстаймын көкке құмар  
 Қанаты жоқ аккудай талпынамын.

\*\*\*

*Сарбас Ақтаев тойында жігіттердің қалжыңы*

Шіркін-ай құдашамен ойнап күлсем  
 Жеңгеннің ішкі сырын ойлап білсем  
 Жатқанда ел орнында, жұрт ұйқыда  
 Сұлулығына құмартып тойлап кірсем.  
 Ауылға жолын түссе аратау көп  
 Қуанып қарсы алғанда тәмәм әулет  
 Енді інім Алматыға қайтіп кетіп  
 Қорқамын қаумалаған көп жеңгеммен  
 Жекпе-жек жалғыз өзім қалам-ау деп.  
 Қараймын қалың топқа көзім сүзіп,  
 Көзің сүзіп отырсын, ойын бұзық.  
 Ой неге бұзылмасын осындайда  
 Апта бойы көрмесек жалғыз сызық.  
 Жаным-ай бұл құдайға негіп едік  
 Біреу кездесмейтін жөні түзік.  
 Қажымас құба-құрғақ қыздар қайда,  
 Қыздарсыз қалып қалды ызғар бойда  
 Қазан аузы жоғары дегенменен  
 Түк сызбай кетеміз-ау осы бойда  
 Ертең де тан атады, күн туады  
 Онанда поезддағы камыңды ойла.

\*\*\*

Бұл ағанның жүрегінде мың жара  
 Өзер-өзер келеміз де келгенде

Ал шықканда секілдіміз үр жана  
 Камка тонда екі женмен бір жаға  
 Азып-тозып кеткен езде сүйсініп  
 Сенетіне сенерсіздер шынын да  
 Есімде ылғи өліп-талып келген күн  
 Тәнірімдей тек сендерге сенгенмін  
 Бүгін міне адам болып тәй бассам  
 Айналайын арқаларың сендердін.

1.06.2001

\*\*\*

Аққұйын ала кашқан өрге мені  
 Кайдасын көңілімнің көк дөңсі  
 Алпыстың алтауына бет алса да  
 Есләмнің көп көргеннен көрмегені  
 Тағдырым пешенеме құйды біраз  
 Өр белге, көтерілдім құйғытып рас  
 Жасымнан көргендеймін жырды мирас

\*\*\*

Шыда деген соң, шыдаудай жүрсіз шыдап-ақ  
 Алдына, қалқам, жиірек келіп қаламыз.  
 Осапдығымызға кейіп көрмеші кінатап  
 Жаман күндерім де болды гой  
 Жаксы күндерімді... кайдам-ай  
 Түйіліп қалған кездерім көп  
 Кесектей жұтып шайнамай  
 Тағдырдан тарттық сазайды  
 Жанашыр жандар азайды  
 Дейтұғын Есмәм хал қалай  
 Алды-артынды аңдамай  
 Досты да, кейде касты да  
 Жүре беріппіз таңдамай.  
 Көңілдің у-күйігі...  
 Кезі еді бұл көктемнің куншуакты.  
 Күйік сезім кеудемде бүршік атты  
 Аттап қалдым «таксырдың» табалдырығын  
 Кірпік ілмей отырған пір сиякты.  
 Қауқарым аз арыған сүзек қойдап  
 Өзімді өзім шамалап түзеп қойғам.  
 Басым суктым мыктының өсігінен  
 Жау алардай жасауыл-күзет қойған.  
 Жандай-ақ күлше болып күлі піскен.  
 Болмаса шошығандай түрі түстен.  
 Күлкілдеп көзі аларып шыға келді  
 Қойшыдай қорасына ұры кірген.

Алапаттар түсіне жиі кіріп,  
 Өзін осы кеңсенің биі болып,  
 Сыртан келген кісіні қарсы алатын  
 Әдеті ме кірпідей жиырылып,  
 Деген ойдың өзі екен бар ұққаным  
 Қурақ жанан княды тамұққа кім,  
 Кіріп кетіп байкамай акынмын деп  
 Өзімді әзер алып қалдым бірақ,  
 Сырты сырлы, бардай-ақ ақыл көрік  
 Бергеннен сон шектеусіз әркімге ерік  
 Көрінгісі келе ме әлде «еліне»  
 Қуып шыққан акынды батыр болып,  
 Тумағаным өкіндім әкім болын,  
 Ылди барын білмедім-ау өр де барын  
 Кімдерге білгенмен келмек әлім?  
 Тіршілікте әрнесте ұмтыласын  
 Әкестердей өзінмен көрге бәрін,  
 Ер де басқа бұт күнде, ел де басқа,  
 Ішіп-жемге ұдайым берген асқа  
 Тойып алып тәңірді де ұмытады  
 Жылқы мінез секемшіл пенде-қасқа,  
 Солай болды менің де бұт келісім,  
 Әкім екен өінше «білген» ісін,  
 Бекер болды-ау деп тұрдым кішіруім,  
 Соған қарап тұрса да күнкөрісім,  
 Тактан басқа ойламас ештенені,  
 Жауды жайлап қайтарар еспе лебі  
 Алмағайып заманда мына шіркін  
 Хан боп кетсе халқына не істер еді?!  
 Басқаларға қалайша дес береді!  
 Айтық та айтқан сон бәрін ақыр,  
 Жұрт көзіне әрі-өкім, әрі-батыр  
 Тасқа тиген маңдайы мекіредей  
 Мойып қайтым шіркіннен мекіредей  
 Бұл күндері зейіненкер, кәрі пақыр  
 Қазақ десем тұр-түсі ұқсағанға  
 Біреу екен бояма, жаны кәпір,  
 Билік айтар өлеуреп, өрлеп елге  
 Пенде шіркін өлер ме «өл» дегенге,  
 Сырдың суы кеткен жоқ теріс ағып,  
 Тірі жүрміз әзірге ол да, мен де!  
 Көкірегінде жыр лаулап, жалын атып,  
 Сөз ұғатын жандардың бары-бақыт  
 Жатпай тұрмай тәңірден тілеп жүрмін  
 Осындайлар домалап өрге тасы  
 Хан болып кетеме деп тәңір атып,



Барғанда жер бетімен жүріп барып,  
 Тауым қайтып, сағым шын сынып налып,  
 Не істерімді білмедім ағамын деп  
 Әбеттікпен алдына кіріп қалып,  
 Көмескілеу танымның атқанын-ай  
 Басқа қонар сор ма, әлде бак па бұлай  
 Шіркінің зорлығы есес, қорлығының  
 Қорлағандай жаныма батқанын-ай!  
 Бұғалақсыз бұла өскен шақтарым-ай  
 Ұйықтай алмай дөңбекшіп жатқаным-ай  
 Ертең тағы таң атар, күнім шығып  
 Түк білмей-ақ отырар білімсініп  
 Көз беріп бадырайтып, көңілін-көр  
 Соқырғып жаратқаннан сақта, құдай.

\*\*\*

Құйып тұр нөсер,  
 Құйып тұр әлі басылмай  
 Тұйық тұр бұл да,  
 Тұйық тұр қабағы ашылмай  
 Көңілсіз сәттің кей – кейде әрбір сағаты  
 Көрінеді екен,  
 Көрінеді екен ғасырдай.

Құйып тұр нөсер,  
 Сен неге, қалқам, жабықтың  
 Жабырқап жаның шекті ме әлде налып мұң,  
 Көзіннен күннің жарқылын көріп үйренген  
 Мұңая берме,  
 Қарауға да әбден жалықтым,  
 Тана көздерін күлуте қана жаралған.

\*\*\*

Ашық сөз кейде – асық сөз елге жакпайды  
 Қайғым болса ол, жаныма ғана шак қайғы  
 Елпіддесен де енеңді бәрі ұрады  
 Төте ойларына төрелік айтып жатпайды.  
 Ашынып айтым, ашығын айтып келемін  
 Ашы сөз көпке жаға бермейді, сенемін.  
 Жала жалтым ба, наламды айттым ба, не дедім  
 Ағайындар-ау, таға бересіңдер неге мін.

\*\*\*

Ежелден тауы да бір,  
 Дауы да бір – ел туын бір көтерген егескенде  
 Сактаған жақсылықты жадында кіл.

Туыскан ага-іні кіндігі бір,  
 Түндігі бір, енші бөліп көрмеген  
 Екеуін тутастырып жібергендей  
 Қуаныш, қай ғысы бар күллі ғұмыр  
 Сыйласып жүрмейік деп кіл алыстан  
 Қуда болған – қыз беріп, қыз алыскан  
 Бірер апта сағынып көріспесе  
 Егіз ел – қашаннан-ақ қатар өскен  
 Бір-бірін аға дескен, ата дескен  
 Тойларда қыз-жігіті тобық ойнап  
 Болмаған ежелден-ақ ара қашық,  
 Мал менмен, жан мен жаны араласқан  
 Арман менен арманын астастырып  
 Асулардан айбындай барады асып  
 Кезде де тағдыр желі қатал ескен,  
 Егіз ел егіз ұлдай қатар өскен,  
 Қуанса, жан-тәнімен бір қуанып,  
 Бірге шошып, сактанған жат елестен,  
 Қактырып қиянарға ар қапатып,  
 Екі елдің ынтымағын, салтанатын  
 Екі елін батырлығын, батылдығын  
 Жырына арқау еткен арқалы ақын  
 Қашаннан-ақ бұл казак қырғызбенен  
 Арасына кірбің сөз кіргізбеген,  
 Біреуі-іні, біреуі-аға тұтып  
 Бір бірінен өнеге, үлгі іздеген  
 Ұласқан екі өендей Ұлы арнада  
 Достықты ұғар, дана, ұғар бала!

\*\*\*

Сенін де көңілін орталау түсін бүгінде  
 Менін де көңілім орталау түсіп бүгінде  
 Өтпейтін болды түнім де,  
 Өтпейтін болды күнім де  
 Қашанғы, жаным, жүресің еңсең езіліп  
 Күлімде бір сәт, күлімде,  
 Сыпырып тастап сезімнің  
 Ұмтылар болса жүректер іздеп бір-бірін.

\*\*\*

Қала қапырық, бір қабат елге шығып  
 Бойжазып қайтайыншы кең көсіліп  
 Деймін-ақ деймін, әттең-ай жібермейді-ау  
 Адам да тар, заман тар, пендешілік,  
 Пенделік, шіркін-ай пендешілік  
 Неге ғана қоймадыңкөл-көсір ғып

Дүниенің тамықтай тарлығынан  
Кетсем бе деп ойлайсың жерге сіңіп

Менде шылық, онда да, сенде шылық  
Бірін-бірің бірі адамдар сенбес ұғып  
Адамды аждақаға айналдырған  
«бағымызға» әзәзіл теңге шығып  
Ақырзаман аждаһа таянуы  
Арбап, жалмап түгесті бай ауылды  
Ата жұртта кең көр де бұйырмай ма  
Өлсем жатар көсіліп аяғымды

\*\*\*

Бірге кешіп сайранды сауықпенен  
Тірлігімде көп жолдас тауып келем  
Жолдас-жолдас, өзгелеу мағанасы  
Соның бәрін дос деуге хауіптенем

Ел секілді менің де жолдасым көп  
Ойламаймын біріне болмасын деп  
Есеппен жакындап жүргемін жок  
Қысылғанда дем беріп, қолдасын деп

Көңіл шіркін білмеймін өскелең бе  
Менде көптің бірі боп көшке ерем бе  
Сене алмаймын, сезімге семірмеймін  
Елдің бәрі өзіне дос дегенге.

\*\*\*

Шөңгені гүл ғып бұратан тірлік бұтдырық  
Саркылған сана сардардың сағын сындырып  
Қазатын тілін ұл-қызым білмей жатқанда  
Ағаларым бар Анатолийдай, Герадай  
Көтерген биік Анатілімді тіл кылып,  
Бас болмаған соң ештеңеніде тындырып  
Көңілге мынау уақыттың шаңын тұндырып  
Бағымызды байлап, сағымызды ылғи сындырып  
Тасқа жанардай жігерімізді құм кылып  
Көтеріп көкке көсеміндағы көрсетпес  
Күнге кезіктік – жатыр оны да кім біліп?!  
Бойымызға әркез шақ тұратындай бұл кылық.  
Жастығыңды еске ап – жындылық-ай, - дейсін, жындылық  
Ескерер онда кімдер бар тағы, кімді ұғып  
Сол «жындылығыңның» өзі де бүтін армандай  
5-ті қойып, 50-ді қойған мұң кылып  
Уақыт қас тұтпар – сала алған қуып кім құрық

Құпия сырын сол кездің кімдер білді уғып  
 Апыстан асқан сон ақыл айтам деп біреуге  
 Алатындайсыз әлденелерді бүлдіріп...  
 Көңілде мұн-шер, таусылмайтындай ойда арман  
 Алданып жүрміз ішіп-жегенге тойғаннан.

\*\*\*

Өмір дейтін қызық-ақ  
 Біз жастар ғой таласамыз әр нәрсеге қызып аң.  
 Махаббат не, тек алдамшы сезім бе –  
 Кей кездерде татқылаймыз түн ұзақ.  
 Сол сияқты – бақыт деген немене  
 Әлде адамды ол өзі іздеп келе ме  
 Біреулер бар махаббатты тек кітаптан іздейді  
 Қыз сүймесе, көңіл жарым құлазыған күз дейді

\*\*\*

Тұшыны ішіп, қалғандай ашылары  
 Соны ойласам ми кайнап, бас сынады  
 Су кеміріп жұқарған қайрак тастай  
 Қара түгіл ханның да аз шыдамы.

Кейбіреулер – сөздері кесек-кесек,  
 Айға шапшып атылар есеп десек,  
 Тұлпардай жер тарпыған кезі де жоқ  
 Аяқ басып жүргенін есептесек.

Бірін алай жайпаған, бірін былай  
 Сәкендердің де оты жоқ бұрынғыдай  
 Бой шөгіп, нуры тайып, ой мүжіліп  
 Көз алдымадікішірейіп жырындым-ай

Білмеймін ел азды ма, ер азды ма  
 Өзәзілдік береді мені азғыра  
 Тұныктан жүзіп ішіер қайран басым  
 Қанағат қып келеміз кем- азды да

Не десем де қаяу көп көңілімде  
 Іштей бәрін сеземіз, оны күнде  
 Қызған темір секілді өнбойым от  
 Шығырылдам ұстаның көрігінде.

\*\*\*

Сеннің көзің, сеннің қасың,  
 Қабағың, балдай ернің, үлбіреген тамағың...  
 Бәрі-бәрі баурап алды еркімді

Не істе дйсін солай болса, карағым.  
 Қалай ғана ұнадым деп сурадым  
 Бәлкім сөзден тосқын келді, сынадым  
 Айтшы білсен, сұтұлықты бөлшектеп  
 Сүйе ме екен ғашық жандар, шырағым

Нысанан да бала күннен ағарған  
 Менің үшін алаулаған таң алдан.  
 Қайсы бірін жіпке тізіп жеткізем  
 Сұтудайсын тек мен үшін жаралған.  
 Әр нәрсенің бола ма өз кезегі –  
 Сені көрдім – көрмейтін-ақ кез еді.  
 Беймазалау болса-дағы, жүрегім  
 Алабұртып әлде-нені сезеді.

\*\*\*

Айту да қиын мұндайда  
 Айтпай қалай шыдарсың.  
 Ақылды сезім тыңдай ма,  
 Басына түссе ұғарсың.

Ғашық боп жүріп өзіне  
 Жазыпын, қатқам, талтай жыр  
 Сезімнің мөлдір көзіне  
 Көзіңді салып қарай жүр.

\*\*\*

Онша келдей емеспін, онша байда  
 Баймын дер ем сол шіркін болса қайда  
 Баспанасыз кешпедім тепең тірлік  
 Шатқып тағы тұрмадым кен сарайда

40 жыл бойы атандым жаяу жігіт  
 Көп билікке жетпедім таяу жүріп  
 Емексітіп көбелек көңілімді  
 Тастап тағы кетпеді баянды үміт.

\*\*\*

Күн кешемін кей-кейде жын ұрғандай  
 Кім бар көңіл күйімді ұғынғандай  
 Мына жұрт жүргендей бәрі адасып  
 Кімге шағар екенмін мұнымды алла-ай,  
 Қатыным да би, балам би, немерем би,  
 Естілмейді көңілді елеген күй  
 Қалғандаймын он солымды айыра алмай  
 Су боп кеткен сұйылып не деген ми

Балтыр сыздап, бас сынып ауырғанда  
 Бәрі-бәрі батады жауыр жанға  
 Қиналғанда қол ұшын созар кейтіп  
 Қатып қойдым екі арыс бауырдан да  
 Ұйқы қашты, мұң басты көңілімді  
 Шырылдайды кеудемде қара кезбе  
 Шым-шытырық миымда талас ұғым  
 Жок сияқты тірлікке жарасымым  
 Санатта жоқ, санда бар жүрмін әзір  
 Қалын елге көрсетіп бір ептілік  
 Күреске де шықпайынын білек түріп  
 Ақыл-естен адасып қор болғанша  
 Қалса екен деп тілейміс жүрек тұрып  
 Жүдеп шығам жүдеп кірем  
 Арманымның алысқа басын тіреп  
 Іздемедім сүйенер асыл тірек  
 Қанша берсе де алғаға ризамын  
 Зарланбаймын Жамбылдың жасын тілеп  
 Орғанына тояттар қаз да мына  
 Шамаң келсе көпке де азға да ұыс  
 Өлшеулі өмір, ризамын тағдырдың жазғанына  
 Өзіме аян өзімнің жыр деңгейім  
 Кімнен алда жүрсем де кімнен кейін

\*\*\*

Жаным-ау, жаным, жаным-ау  
 Нәзім-ау! – дейсін...  
 Мүмкін бе екен нәзімау,  
 Біреуді сүйіп, біреуден мүлде безініп  
 Біреуді ұқпай, біреуді сондай тез ұғып  
 Шындыққа дағы, сұмдыққа дағы кезігіп  
 Мерейін өсп, жүргенде кейде езіліп,  
 Азабын көріп, ләзатын – дағы тартарсын  
 Біреуден озық, біреумен тағы қатарсын.  
 Бір төмен түсіп,  
 Бір өрге шықсан қайтадан  
 Қасқнып алда тағы да тағы жатар шын.

\*\*\*

Қылығыңмен қытықтап сезімді арбай,  
 Қарайсың, қарайсың сен көзіңді алмай,  
 Жанарыңнан жаным-ау, нені ұғамын  
 Өлде бір маған айтар сөзің бар ма-ай,  
 Балдай құрбым, мінезің балдай ма екен,  
 Көңіл құсын көгінде самғай ма екен,  
 Жакынырақ келсенші, жакынырақ

Саяксымай бейне бір жандай бөтен.  
 Балдай құрбым. мінезін балдай ма екен  
 Сүйген жүрек сенімін алдай ма екен.  
 Кошкен елдей құлазып қалмай ма екен.....

\*\*\*

Көнілім бірде алай.  
 Бірде былайтілеуін берген кімге құдай.  
 Өзімді қайта қайта қайта құрып  
 Бір байламға келе алмай жүргенім- ай.  
 Қараймын алдыма да. артыма да  
 Қиялдың канаты отқа шарпыла ма  
 «Айранды аузы күйген үріп ішер»  
 Шәу тартса көңіл шіркін шарқ ұра ма.

\*\*\*

Өртеніп көңіл. сабылтып ойды сан сакка  
 Жүгіріп көрдім жығылып көрдім. шаршап та...  
 Жалынып көрдім, табынып көрдім тәңірге  
 Жеткізе гөр деп қолыма бір сәт мансапка.

Құдай бергенді қолыңнан тартып кім алар  
 Десек те, бәлкім табылар біреу кіналар  
 Мансапты тәрік қылғанды әзір көрмедім  
 Болса да қанша құлшылық қылған пірадар.

Тірліктің жүзі көрсетер бәрін шар айна  
 Тарихың тегіс сонда тұр – байка, абайла.  
 Шырылдап отқа Шокан да  
 Болыс болсам деп бәйгеге түскен Абай да.

\*\*\*

Шектеулі бәрі, айналған шеңбер – тұйығы-ай.  
 Еркіннен алыс алып кететін құйын-ай  
 Ұлы ағалардың, ғұламалардың жолымен  
 Жағастырам деп сонынан жүрудің қиыны-ай  
 Жайындай алмен жұтып жатсақ та жұмарлап  
 Адамбыз дейміз нан ұстап, қолға құранды ап...

\*\*\*

Кең жайып жастайыңнан канатыңды  
 Өзінді өзін бастап, жаратуды  
 Ұқандайсың Алатау аймағына  
 Орта жүздің рухын таратуды  
 Күз қайтқанда жайлауда жаз отырып  
 Біреу іштеп тынады мәз отырып.

Өр адамның «штей есебі бар  
 Қонақ іштей сынайды аз отырып.  
 Акын жүрек таниды жаза баспай  
 Асау жүрек биіктен қала ма аспай  
 Мерттік – шортық кезімде табыстым-ау  
 Жүріп – тұрған кезім де араласпай  
 Шынынды айту кей-кейде жүдә кыын  
 Жігітке жар болмайды сірә бұйым  
 Жас кезінде құдай-ау кім болды екен  
 Талайды тамсандырған құдағыйын.  
 Тірлікте адамға адам бір сеп  
 Өзіл ғой деп кей-кейде жаман күйсеп  
 Кетсем оны шыны емес, сыры деп ұқ  
 Бәрін Бұрқан коресін аман жүрсек.

\*\*\*

Ертеменен бір жакка барайын деп  
 Жабықканның көңілін алайын деп  
 Оразамды ашпастан жолға шықтым  
 Мені күтіп жүргендей ағайын кеп.  
 Ағайын кеп күтетін менен көмек  
 Қол үшімді соларға берем бе деп  
 Асығамын шаруамды жиып қойып  
 Тілеуім бір, болғанмен денем бөлек.

\*\*\*

Құлыншақтай күнімде шапқылаған  
 Өке, сенің жоктығың батты маған  
 Папа болар жан іздеп зыр жүгірдім  
 Суығымен айтқанда қатқыл адам  
 Жолымда көп кезікті қатқыл адам  
 Өке, енді өзім де ата болдым  
 Өмірім мен нәрді қатар өрдім.  
 Бірақ сенің орының бөлек екен  
 Сен жоктықтан қаншама жапа көрдім.  
 Жапа көрдім, зар шектім, налыдым көп  
 Талайларға жанасып танығым кеп  
 Жалғыз ауыз сөзіне жетпейді екен  
 Еркелетіп айтатын «жарығым» деп.  
 Бірде төмен, бірде өрге жүрдім  
 Бүгін айтып қайтемін көргенімнің  
 Өке, сенің жоктығың батты маған.

\*\*\*

Көрер көзге азайын, деп көбайесын  
 Тағдырын сол – тірлігіне мәз қайсын



Өрде шалқып, төрде шарпып маздайсын  
 Көлде калқып канкылдаған қаздайсын  
 Көңіліңнің көкжиегі көтеріп  
 Қанат бітіп, ұшып кете жаздайсын.

\*\*\*

Тыңда жаным,  
 Тапсам деп жан тапаған бір ғажабын  
 Сапырып арлы – берлі жыр қазанның  
 Тартудай тартып келем күнде азабын  
 Өзіме ұнағанмен  
 Қол соқпай тұрғандай-ау мынау әлем.  
 Малынып маужыраған таң нұрына  
 Болады сіңіп кетсем ән – ғұмырға.

\*\*\*

Акын сезімі кашан да нәзік, дір етпе  
 Тындырып жатқан ісім жоқ іреп – шірепте  
 Қателеспесе білгірлер айтқан дейді ғой  
 Сәл сызат болса сыр береді акын жүрекке  
 Дүниенің егер бір шетінде сәл сызат та шалса  
 Сол замат белгі береді деп акын жүрекке

\*\*\*

Барыммен көрінсем деп сүйікті елге  
 Талпындым бала құстай биіктерге  
 Бір сезім жетелейді желкілдетіп  
 Алауын көкірегіме құйып демде.

Шыңдарға шықсам деймін жан баспаған.  
 Сенімді серік етсе талмас кадам.  
 Тұрады көкірегімде күмбір қағып  
 Жылдардың жылғасына жалғасқан ән.

### *Ұлыма*

Дос таба біл.  
 Досыңды түсіне біл  
 Өмірлік сын – ұға алған кісіге бұл.  
 Қырық құбылып баз біреу өзгергенмен  
 Өзгерпейді табиғи түсін өмір.

Табиғатта ағың – ақ,  
 Қараң – кара,  
 Әр нәрсеге елікпе, алаңдама

Бойда жоқты әкен де берс ала ма  
Өз тағдырың катысты саған ғана.

Өмір заны –  
Бар асыл жоғалмайды  
Тым кергіме, қара жер ойылмайды  
Жаксынды ешкім жоққа шығармайды.  
Досың түгіл – дұшпаның мойындайды.

Бәрі өзіннен жаксың да жаманың да  
Аз нәрсені бойына нала қылма.  
Ешкім тірек болмайды жаман ұлға  
Менен туған ұл болсан бар тілерім  
Қадір білмес жандарға  
Досқа күлкі, болма таба дұшпанға.

\*\*\*

Мыны кетіп ойлардың, мыңы келіп  
Жүрек шіркін күрсініп, күңіреніп  
Сезді ме екен жарықтық, сезбеді ме  
Зіл салмақтың басарын түбі келіп  
Нарық қысып тұрғанда қарық қылмай  
Жарық күннің өзін де жарық қылмай  
Итжанды болармысың халық мұндай  
Арманменен тойынып, арымаған  
Токтық берген бір уыс тары маған  
Ашаршылық жылдардың қарасирақ  
Баласы едік уызға жарымаған.

\*\*\*

Жадыра сен, мендағы жадырайын  
Жаксының жадыралы жаны дәйім  
Өткенмен өтсін бірге бар уайым  
Көптіңе шуақ құйсын мамыр айың.  
Әрненін де болмай ма бір себебі  
Жарқырап көктем болып күлсен еді  
Өзінді өзін серпіліп сергітпесен  
Ой мүжіп көкірегіне себеді  
Жасаптың нұрлы шуақ гүлді өңірді  
Қарсы алған құшақ жайып күнде өмірді  
Басканы қайдам, жаным, жаксы көрем  
Жайрандап жаздай жайнап жүргенің  
Күлкіңнен ұртап ішіп нұр кесені  
Бақыт қой көріп жүрсем күнде сені  
Кетсем алыстарға сапар шегіп  
Қасыма ілестіріп бірге сені.

\*\*\*

Жаманға ісін түссе егер –  
 Дүние тұрғандай-ақ ұысында  
 Пенде боп көрмегендей туысында.  
 Тұрады зауқы сакпай, сөйлесуге  
 Жакындап сенімен жұғыұсуға  
 Мұрынын шүйірре ме көкке карап.  
 Кей ісінді еске салып ағат.  
 Дүниеде одан баска білгір жоқтай  
 Сөйлейді өзін-өзі көпке балап.  
 Байкатып өзгелерге өкімдігін,  
 Ақыл айтып, моралін оқыр бүгін.  
 Көп атынан сөйлейді көсемсініп  
 Алғандай дүйім елдің өкілдігін  
 Баска шауып кейбіреу балақтағы  
 Жанға жара жазылмас санаттағы.  
 О, тәнірім алсаң ал бергеніңді  
 Тек ондайға күнімді аратпағың.

\*\*\*

Кейде-кейде киял қуып кетем де  
 Жүрем жалғыз жан баспаған мекенде  
 Сергітем деп құлазыған көңілді  
 Сейіл құрған шын бақыт екен де.

Көрген емен қиындыктан тартынып,  
 Ой омбысын кешем бірде малтығып  
 Енді бірде арманныңның ақ құсы  
 Кең аспанға көтерілер шарқ ұрып.

Қас тұлпардай кашай салып тұяқты  
 Қарш-қарш кесіп бетегені, қияқты.  
 Менің көңлім тосқауылға тоқтамай  
 Шыңға шығып келе жатқан сияқты.

\*\*\*

Адамның алабөтен аярлығы –  
 Көрбілте көкірегіне жаяр мұны.  
 Есіне ала ма, әлде ұмыты ма  
 Тірлігін тығырыққа таяр күні.

Шықкандай тіке шыркап тау басына  
 Сене ме қонған бағы аумасына.  
 Шел қаптап көзіне де, көңіліне де  
 Ізденіп барады өзі дау қасына.

\*\*\*

Аяулым, көне!  
 Берші бір тағы ән салып.  
 Бозала таңда әсем әуенмен қарсы алып  
 Мүлгіген орман, өзен көлдер де оянып  
 Тыңдасын сені тамсанып.

\*\*\*

Өмір – дария.  
 Айдынында талаймен кезігесін  
 Бірде шалқып, бір сәтке көз ілесін.  
 Өзінің кеңдігіңді, тарлығыңды  
 Басқалардың қасында сезінесін.  
 Мен білсем, сол сезімнің ұтылығы  
 Мен білсем, сол сезімнің кішілігі.

\*\*\*

Үнсіз сынай жігіті айналасы  
 Демейді есте жәй жиен, жәй нағашы  
 Түбін, тегін жатады жіпке тізіп  
 Екенінді қай елдің қай баласы  
 Сынап бакты, шыны сол, сені де елің  
 Ер деп айта қояма тегін ерін.  
 Уақыт кейде ұлықты да ұшындырып  
 Жатады өз үкімін ұғындырып.  
 Жасаймын дегеніңді жасай алмай  
 Пушаймандай боласың мысың құрып.

\*\*\*

Қайдасын, көңіл көгім бұлыңғыр  
 Бұлтар көшіп кеткендей  
 Көкірегімде бүгін бір  
 Зіл қара тас батпандай  
 Шағаласы шабыттын  
 Төбемде жүр қонбайды.  
 Қашқан қиял – жаңа ұқтым  
 Қанша қусаң болмайды.

Тула бойым құрысып,  
 Бір суып бір жанады  
 Дәл төбемнен жыр ұғып  
 Қонбай кетіп барады.  
 Өзіңді әзер ұстайсын  
 Енсең тұсіп жаншыла  
 Қансоардан ұқсайсын  
 Құр қол қайтқан аншыға.

Дүние кен,  
 Ұшар канат талмаса  
 Дүние кен,  
 Әркім оны таңдаса.  
 Жаным тағы жүдеді-ау  
 Мың сызып, мың жазамын.  
 Тартқан ғана білер-ау  
 Акындардың азабын.

\*\*\*

Сары алтынмен қапталғандай атырап  
 Күздің сірә, келер күні жакын-ак.  
 Өкпек желмен өтетіндей өнменнен  
 Ұшып жатыр түсіп жатыр жапырақ.  
 Суретші ғой, суретші ғой табиғат –  
 Баска бояу тапағанға налиды-ак.

\*\*\*

Елеуреп жүгірсек те екіленіп  
 Жетелер көкесі жок, жетім едік  
 Тағдырдың жазу ма, жоғарыға  
 Бес бардык ұсынылып, бекімедік.

Біреуді шет, біреуді шекі көріп  
 Жүрген казак тұтасты екі бөліп  
 Өзімізді өзіміз жіктегенде  
 Тәнірден жалбарынып не тіледік.

\*\*\*

Арайлап әр таң жақсылықпенен атады  
 Сезімді нұр мен жырына бөлеп шапағы  
 Сол таңдар біздің аялы арман ізгі үміт  
 Нұрлы болашағымызды накыштарды

Атады әр таң гүл тұрған әсем көктем боп  
 Көңілдер биік шыркайды дәйім көкке өрлеп.  
 Әр таңды аскақ, құдыретті күйге бөлеген  
 Енбектің абзал ардагерлері неткен көп.

Неткен көп менің жасампаз құрбы – құрдасым  
 Көктемде келер жыл құсыменен қосқан үн  
 Олардың көңілі тыншымайды екен әсте де  
 Әр дайым артық орындалмаса жоспарын.

Карашы достым, карашы соңу қыр белге,  
 Асырып айтсам болар-ау кейде бұл да сын.

Молшылык дәннн сеуіп жүр санмын құрдасым  
Көктемнен шіркін бастаса дейсін жыл басын.

Көктемде қандай таусылмай тұғын мол қызык.  
Қиялдар кейде кетеді шіркін жолды үзіп  
Таңменен бірге ұйқыдан ерте оянып  
Көп құрбым қойын барады қырға өргізіп.

Паш етіп елге айтынасандар да сүйдік деп  
Қыздар-ау, қыздар махаббатынды үйіп-төк  
Қалаған әрбір кірпішіменен сәт сайын  
Барады меннін құрлысшы құрбым биіктеп.

Жақыны түгел аламын жанға құйып мен.  
Дүние-думан недеген ғажап сүйікті ең.  
Бар құрбым алып аялы арман асуын  
Көрінсе деймін әр дайым солай биіктен.

\*\*\*

Батам, балам!  
Жас емессің жүретін алаң –далан  
Сен арқылы көктеймін, көгеремін  
Сен күйресең – мен мүдем қараң қалам.

Қараң қалам, тек оны кім ұғады –  
Білмей жүрсең сикырдың сырын әлі.  
Ашкөздіктің өлшемі көрінбейді,  
Қомағайлар тоймайды – құнығады.

\*\*\*

Бәйгеге қосып жүрген қатар атын  
Белгілі, беделді боп аталатын  
ЖылмITYп қос құлағын қатар келген  
Сес көрсетер көп тіптен шақар акын.

Ол озсын, бірақта сен озбау керек  
Өңмендеп өнешінді созбау керек  
Ең ғажабы, ол шабын тартқанда да  
Алдын орап еш адам озбау керек.

\*\*\*

Хат күтіп ауылдан да, бауырдан да  
Сарылып сарғайғаннан ауыр бар ма  
Жәй кезде ештенені елемейтін  
Адамға ой үйір ме екен ауырғанда.  
Бір хатты бері күтіп, әрі күтіп

Шаршайды ауру адам әлі бітіп.  
 Жакын да, дос – жолдас та іздемейді  
 Кеткендей бір жолата бәрі ұмытып.  
 Орынсыз огейсітіп өмір-ене  
 Аумалы бак шайкалып – төгіле ме.  
 Күн – айдай, айы – жылдай жылжымайды  
 Тосқанға солай болып көріне ме?

\*\*\*

Көңілімнің сырлы бір сезімімен  
 Жауказындай жаныңды тез ұғып ем  
 Көз жазып қалу қайта анай деп пе ең  
 Алланың әміріндей кезігіп ем.

Қазақтың ұл – қызымыз сен де, мен де  
 Көңіліміз алабұртқан ел дегенде.  
 Басқаларға сенесің қалай, жаным.  
 Алдымен өз ағаң сенбегенде.

Өлде ағанның көрініп әрі сынық  
 Қалғанын ба, қарағым, кәрісініп  
 Қалсаң егер шынымен кәрісініп  
 Айтпадың ба кетсе де жаным шығып.

Жеткен кезде жанына жан ұшырып  
 Жакындаған үміттің алысы ғып  
 Шахматтың тасындай қағыстырып  
 Қайта-қайта қоясың әрі ысырып.

Ерке өскен Көкшенің елігіндей,серігіндей  
 Үлбіреген үнін де киелі үндей.  
 Қатар жүріп дәл осы күнге дейін  
 Қалай келгем, жаным-ау сені білмей.

\*\*\*

Бауыр деп тура тартпас абыздайм  
 Акындығы алты алашка жетіп жатыр.  
 Қылыштай қнып түсер қияқысын  
 Тұлпардай тегеурінді, тұяқтысын  
 Үш жүзге бөлмеу керек деп тұрып та  
 Өзіңіз бөліп алған сияқтысыз.

\*\*\*

Білдірмей басқа жанға келген бірін,  
 Ұзіп ап көкірегінің берген гүлін  
 Қуанар қуанса да жақсылыққа

Егілер жылыса да елден бұрын.  
 Біле алмай досы қандай, қасы қандай,  
 Сырын да, мұнын да ішке асыра алмай  
 Дос үшін жан алысып, жан беруге  
 Елпілдеп елден бұрын асығардай  
 Баладай аңкылдаған аңғалдығы  
 Данадай тебіренсе арман – мұны  
 Қалғандай көшкен жұртта ыңыранып  
 Жатындап жыр жазудан қалған күні  
 Қарамай парығына, нарығына  
 Түсе атмас тіршіліктің қатыбына  
 Күн кешкен акын жаны  
 Адамның нәзігі де, атыбы да!  
 Айырмай досы қандай, қасы қандай.  
 Сыры мен мұнын ішке жасыра алмай,  
 Дос үшін жан алысып жан беруге  
 Елкілдеп елден бұрын асығардай  
 Баладай аңкылдаған аңғалдығы  
 Данадай тебіренсе арман – мұны  
 Қарт бурадай жұттағы ыңыранар  
 Жатындап жыр жазудан қалған күні.  
 Тағдырдың өрті де сын, дерті де сын  
 Тәубаға өзінді өзін келтіресін  
 Кей-кейде құздан құлап аман қалсаң  
 Тайғанап тегіс жерде мертігесін.

\*\*\*

Бар өмірде тағы да бір шарқ ұру –  
 Жоғыңды іздеу, бір биікке талпыну.  
 Махаббат боп жаныңды арбап алады  
 Айдай жүзі, мөлдіреген жанары,  
 Іздейсін сен. Жалғандық жоқ сөзімде  
 Ол іздеуге лайық бол өзін де.  
 Тең болмасаң, сені айналып кетеді.  
 Ал, тең болсаң, іздеп өзі табады.  
 Күш болмайды қарсы тұрар алдын да.  
 Қажет етсең қопарасың тауды да.

\*\*\*

Досың қыран болса,  
 Ол сені тауға апарды.  
 Досың бұлт-бұлт болса,  
 Өн тұнған бауға апарды.

Егер қарлығаш болса  
 Ол менің үйіме апарды



Ал жапалак болса  
Ол кап-караңғы түнге апарады.

\*\*\*

Кар жауып тұр далада, кар жауып тұр  
Қарайтындай дүниеге назданып бір  
Ақ ұлпаға оранған жан-жағынын кар  
Үстіңдегі кір-шанын шайып кеткен.  
Ақ бүршік ақ маржандай себелеген  
Кар жауып тұр, себелеп кар жауып тұр  
Болып жүрмін сан кыыр, сан ортада  
Жаңа жер әсерімді жанара ма  
Бәрі бір де жетпейді Сарыарқама  
Жетісуда, Атырауда  
Кар жауып тұр, далада кар жауып тұр  
Дулы дүние шертердей назданып сыр.  
Ақ ұлпаға аулаңда оранып ап  
Қалғып кеткен секілді жан-жағын қыр  
Шертетіндей домбрам бір күйді әрсен  
Көңілімдегі тындар ма күйінді әлем  
Бірі желіп төсінде бірі шауып  
Өлісі-өлі, тынымсыз тірісі ауып  
Шалдықтырып, шамасы жіберді ме  
Жанын бағып жатқандай, тыныс алып  
Айналайын, Ана Жер, айналайын  
Ұшамыз деп Ғарышка, Айға дәйім  
Құлағыңды тұндырып жібердік пе  
Көңіліне дедің бе қайғы алайын.

\*\*\*

Біреуден шын, біреуден жорта ығысып  
Тағдырдың топаны да, өрті де сын.  
Кейде оны да ерте ұғасын  
Бар дерттен ақындықтың дертті басым.  
Білдірмей тірі жанға келген бірін.  
Үзіп ап көкрегiнiң берген гүлін.  
Қуанар қуанса да елден бұрын.  
Егіліп жыласа да елден бұрын  
Біле алмай досы қандай, қасы қандай  
Сырын да, мұнын да елден жасыра алмай  
Жүретін өз-өзіне сөйлемес тау  
Суындай тасып алмай.  
Мәз болып жүрегiнiң жарығына  
Түсе алмай тіршіліктің қалпына  
Жүретін қайран ақын  
Өмірдің негізі де, алабы да.

\*\*\*

Тумас еді бұл жырым.  
 Ұйкым кейде кашпаса.  
 Сүйіктім кеп шын сырын  
 Сеніп маған ашпаса.  
 Тумас еді бұл жырым.  
 Маздамаса жүрегім.

\*\*\*

Менің сені сағынуым сияқты.  
 Менің саған табынуым сияқты –  
 Ойламаймын бұл жалғанда одан көп  
 Сағыну да, табыну да болар деп  
 Әрине, әркім солай деуге хакты –  
 Сенсіз күнім жылға кейде татиды.

\*\*\*

Жаксы көрсем біреуге жанай жүрем.  
 Жакын тартып, дос тұттым талайды мен.  
 Бірақ солар өзімдей өзеурей ме.  
 Қалтқысыз ба көңілі, қалай білем.  
 Деп ойлаушы ем кейде еріккенде  
 Баға беріп дос, жолдас, серіктерге  
 Әрбіріннің мінезін безбенге сап  
 Отырар ем бардай-ақ көріпкелім  
 Мені тәнір ұқты ма, біле алмадым  
 Орындалған жандай-ақ бір, арманым.  
 Емханаға түстім кеп сырқатпен  
 Аяғымнан ақсаңдап жүре алмадым...

\*\*\*

Тұған жердің арайлаған таны бар.  
 Саған арнап өлең жазды талай адам.  
 Сол жырларда елдің ырыс бағы бар.  
 Көрген емен бір ақынды шаршаған.

Тұған жерде табанымның табы бар  
 Сол ғой менің барлық өмірбаяным.  
 Шеттеу кетсем кездерім көп сағынар  
 Үшу үшін құс боп канат жаямын.

\*\*\*

Неге алдадын, несіне еттің әуре  
 Бакытым бастан ұшып кетті ме әлде  
 Сөзімді ала сапран етті ме әр не  
 Неге алдадын, несіне әурелесдің

Бір қылығым жакпады-ау әлде менің  
Қарыды ма? У болып жүрегінді  
Тілді үйілер, тамсантар бал дегенің.

\*\*\*

Алабұртып жас сәбидің жүрегі.  
Өмірдің шатығына күледі.  
Қызыл-арай күн нұрына қарайды  
Сыр ұккысы келе ме.

\*\*\*

Мінезің ақ самалдай аңкылдаған  
Ажарың ақ жамбыдай жалтылдаға  
Көркіңе көрген жанның көзі тоймас  
Жасындай бұлт ішінен жаркылдаған.

Етегі ақ көйлектің кестеленген  
Жаксылар айтар көзін дестелеген  
Құрбыдан асып тұған асылым-ай  
Әлі жүр айтқан сөзің есте деген.

\*\*\*

Ақ таңым күн өтті, ай өті, жыл өті  
Сағыныш жанымды жүдетті  
Қайдасын, жан ерке, бар болсан хабарла  
Жұбатайын жүректі.

Қол созым аңсаған арманға  
Тандарды жалғаушы ек тандарға  
Сен соны ұмытты дегенге сенбеймін  
Онаша қалғанда.

Әлі тұр баяғы қос қайын  
Мен қалай әніме қоспайын.  
Алғашқы кездескен сәттердің белгісі  
Ұғатын дос жайын.

Күй болып көңлімді тербеген  
Сол жерге сені іздеп кеген ем  
Тападым, таусылды жан ерке  
Түнілдің сен неден.

Бір сен боп мерейім, мақтана  
Өптімді өзіңе сақтадым  
Қалайша кетесің қайрылмай  
Арайлы ақ таңым.

\*\*\*

Жаз келе жатыр, жаз келе жатыр тағы да  
 Курортка барып дем алатындарға бағына.  
 Мен-дағы бір жыл сайрандап қайтсам деп едім.  
 Сағына бастадым, ауылды қайта сағына...

Жаз келе жатыр, жаз келе жатыр тағы да.  
 Қыс бойы бір «ит» мза бермей жүр жаныма  
 Жаз шыға сол ит жаңыла қалса, жаңыла  
 Ауылға барсын, қарсылық етпе шалына.

Ауылна барсын, қарсылық етпе, кемпірім  
 Тұрғанда мына мен тірі және сен тірі  
 Жатбауыр болып кетпесін ана күшіктер  
 Жиірек барып көріп тұрсын да ел түрін.

Жаз келе жатыр, жаз келе жатыр.  
 Күн жылып, ел аралағанға не жетсін және бір жүріп.  
 Омір бар болса, курорт дегенің табылар  
 Несібелі дәмді әкетер дейсін кім жырып.

\*\*\*

Рас, жаным, сөзге онша шорқақ емен  
 Әр нәрседен сонда да қорқа берем.  
 Не сүйесің, тірлікте не сүймейсің  
 Махаббатта болмайды орта деген.

Сүйдім сені жаныммен, жүрегіммен  
 Сен күн едің көңіліме күле кірген.  
 Енді бүгін өрі де, сәрі де емес  
 Түк түсінбей кей кезде жүремін мен.

\*\*\*

Білмеймін У іштің бе, су іштің бе  
 Бұрынғыдай емессің, суыстың не?  
 Қу тақырда қалғандай тымырсысын  
 Көк шалғында тұрсаң да, ну үстінде.

Тұрған жандай тағдырын қыл үстінде  
 Жылытпайсың жаңыңды күміс күнге  
 Басың ауырып, балтырың сыздағанда  
 Керек болмайды дейсің туыс кімге.

\*\*\*

Саулық деуші ек адамның шын ырысы.  
 Сүйретіліп жүрер тек тірі кісі

Қан қысымым сынап жүр шыдамымды  
Бүйректің біреуі үлкен, бірі кіші

Бірі кіші, бірі үлкен бүйрегімнің  
Тастай алар «еншіге» тигенін кім.  
Басқаға емес, өз жайым өзіме аян  
Кім біліді шын сырын күйреуімнің.

Дәрігер айтты – тарылған ағзаларым  
Өнім солғын сондықтан, азған әрім.  
Жанар кезде жанбадым от-жалын боп.  
Маздау кезде алаулап маздамадым.

\*\*\*

Бірде ояу, бірде қалғып отырамын  
Барды-жок, жокты бар ғып отырамын  
Ірілерден, тек көзі тірілерден қандай жасқа  
Қапы қалмай соны аңдып отырамын.

Бас болды, бірақ ешкім бас демейді  
Сондайлық айта да алмас жас деп елі  
Жұрт таныр басқа өнері болмаса да  
Той-толғау – намасының хас шебері

Ақын емес, ақынға жақын бір-ақ  
Есепке ерен, талайдан ақылдырақ  
Бардан-жоктан толтырып орта тұсын  
Байлығын мақаламен жатыр құрап

Құрметтеп әр бір үйдің қос ағасын  
Табыстырып қас пенен дос арасын  
Жүргенде жеңгелікке біледі ылғи  
Аузының майлы жемнен босамасын.

Ұғар жерде ұғардай ұға білген  
Бұғар жерде бұғардай бұға білген  
Бәз кешіп кеткім келіп тұрамын мен.

\*\*\*

Ала таңнан ояндым, алакеул төңірек  
Арай нұрға бояндым тұрма солай жөні кеп  
Алла сиыр артына қарай-қарай барады  
Үйде қалған бұзауын кимай мөніреп.

Сай ішінде жылқы жүр көк шалғынға малынып,  
Өредегі көкбекті тұсауына шалынып.

Өүпiлдектің алыстан татып жеткен даусына  
Құлақ түріп әжем тұр өз-өзінен анырып.

О, құдырет, құдырет!  
Біздейлердің өмірге мыны кеткен, мыны кеп  
Бұл бұрын атам көрген сурет  
Қайталанған шығар-ау бәлкім талай мың рет.

\*\*\*

Мен сені күнде көрем –  
Қанша оқталып келсем де үндемеп ем.  
Алды-артына қарашы, қарашы бір  
Қандай екен көрсетер үлгі-өнген.  
Мен сені күнде көрем  
Өзіме өзім жетемін, күндемен дем  
«Судың да сұрауы бар», - деген екен  
Кезінде бір көреген!

Толып тұрсаң шараңда шайқалақтап  
Лажын да көп өзінді айтар ақтап.  
Бірақ, досым, қорқамын асынған дерт  
Құрта ма деп бір күні қайталап қап.  
Көп «достарын» жүретін ынғайға кеп  
Құлар болсаң қасыңда тұрмай ма деп  
Қауіптенем – және де өзін емес  
Сендей талай бейбақты былғай ма деп.

\*\*\*

Ұмытсаң ұмыт, жә, бізді  
Жел-құйын үрлеп бар ізді  
«Тазалап» кеткен тәрізді  
Мен сені ұмыта алмаймын  
Қарлығашым-ау жаны ізгі

Назын да, сырлы күлкің де...  
Жаныма құйып жыр күнде,  
Сезімім гүлдей тұр-түрге  
Малынған мамыр кештерді  
Ұмытуымыз мүмкін бе.

Тербетіп қырка, белесті,  
Көктемнің күміс желі есті.  
Жандағы көрік- елесті  
Ұмыту – өзінді ұмыту  
Ол сірә мүмкін еместі.

\*\*\*

Біле тұрып қосылмасын қатарға  
 Аттанғалы жатып ақтық сапарға  
 Ана байғұс камын ойлап ертеннің  
 Айтты ұтына ақылын.  
 Тыңда, балам, айтқанымды тыңдап ал  
 Арғы беттен анада  
 Келді білем бір хабар  
 Тұмысында ессіз емес секілді ең.  
 Туа ессіздер бәрінен де құр қалар.  
 Тыңда, тыңда! Тыңдап ал!  
 Арманыңды алдан ізде.  
 Жарығым.

\*\*\*

Саған  
 Әлемнің сұлулығына  
 Сұқтандым екен қаншама  
 Санаған жоқпын шынында  
 Қарадым бірақ әйтеуір  
 Қадалып, көзім талса да.  
 Тағы да, тағы жүрегім  
 Шымырлап сені көргенде  
 Ұмыттым барлық дүниенің  
 Сұлулығын да сол демде.

\*\*\*

Ердім бе, қайдам сағымдай сұлу елеске  
 Ойға да түстім, шықтым бір қайта белеске.  
 Сынаптай сусып сылдырап аққан түлкі-арман  
 Жәй жүрмей тағы түсіме кірді елес пе.

Тоты құстай-ақ құбылып мың сан түрленіп  
 Көкрегімде жүресін қалай бірге еріп  
 Өтпелі күндер, ризамын өзім соған да  
 Кіл кетпей жатыр мына фәниден, кім келіп.

\*\*\*

Жамай-жамай жүректің жыртықтарын  
 Андыздамай ағардай сылтып қаным  
 Тегіс жерде сүрініп жүре алмайым  
 Қайран күн елемейтін бүртік қарын  
 Біткен жара орыны тыртыктанып  
 Алар екен бұл халден кім құтқарып  
 Балуан балмасам да бардай едім  
 Кәзір мені сәби де құлатардай

Саусағының ұшіменен түртіп қалып  
 Өр көріп жүрер жолда, еніс көріп  
 Жаксы-жаман, бәрін-бәрін тегіс көріп  
 Алғандаймын бәріне көңбістепіп.

\*\*\*

Көңілім алау-далау, алау-далау  
 Көп жерге сол көңілмен бара алғам-ау  
 Кезінде болған-толған жап екен деп  
 Жөн болар ма еді ініге алаңдамау  
 Төбеден жаз қайтамыз, күз қайтамыз  
 Сара жол – Сізден қалған із де айхай із  
 Елінде арқа тірер кім бар десе  
 Баяғы мақтанышпен Сізді айтамыз.....

\*\*\*

Жүрегім жыр тілейді – жыр тілейді,  
 Акшуак нұр тілейді  
 Сезім шіркін сапырып толқындарын  
 Теніздей дөбекшіген дүркірейлі.

\*\*\*

Өмір деген қызық қой –  
 Болам десең олжалы –  
 Болашағынның болжамын  
 Алдын ала сызып қой.  
 Ренжітсең де әкенді  
 Қатын алма қанын ал  
 Сыңғырлаған пәтерді  
 Жасауымен дайын ал  
 Сүйю-күй шарт емес  
 Төрт түлігі сайын ал.  
 Ертеңді ойласаң  
 Қылықты бол, қылықты  
 Мықтылардың айтқанын  
 Қошаметтеп күліп тұр.  
 Аузы қисық болса да  
 Сөйлесін, - деп бай ұлы  
 Бабалардың жадында  
 Текке айтпаған тәйірі  
 Дөкейлерге жанай жүр  
 Алты қарыс айылы.  
 Өзің өсіп алған соң  
 Түгелдерсің есепті  
 Кіші кезде күнің көр  
 Шомылдырсаң да есекті



Осы ақылым қонбаса.  
 Тында, дос, сырымды.  
 Содан жайын оңбаса  
 Кесіп берем мұрынды.

\*\*\*

Түндерді талай өткердім  
 Сені ойлап кірпік ілместен  
 Десем де елді көп көрдім  
 Өзіннің бейнен тұрды есте.  
 Жалғыздық көрген кезім жоқ.  
 Көп менде құрбы, құрдас та.  
 Ең алғаш тастап сезімге от  
 Өзіннің орын бір басқа.  
 Тойға да бардым думанды –  
 Шалкытып шаттық ордасын  
 Бойымда қаным тулады –  
 Өн менен күй боп жолдасым.  
 Жетеді қайтіп шыдамын –  
 Еркінді билеп алғандай...  
 Жалғыздық көрген кезім жоқ –  
 Ризамын құрбы, құрдасқа  
 Ең алғаш салған сезімге от  
 Тек сеннің жөнің бір басқа.

\*\*\*

Жоктай-ақ акынға тән бала қылық  
 Жатқандай жана танып, жана біліп  
 Дүниеден озғаныма өкінгендей  
 Апарып қоясыңдар дана қылып  
 Тірліктің бұраланы айқын маған  
 Жандар көп жүре сөйлеп, жәй тыңдаған  
 Білемін көп ойларым өзімменен  
 Кетеді топ алдында айтылмаған.  
 Азайған бұл күндерде сөздің нәрі  
 Уақыт жетсе шәйтан да көз жұмады  
 Адамның тірлігінде өзіне тән  
 Болады өз тауғры, өз жұмағы.

\*\*\*

Көріп ем сені соңғы рет сонау көктемде  
 Гүл теріп жүрдің, нұр теріп жүрдің көк белде.  
 Қанша жаз өтті, қаншама күз бен қыс кетті –  
 Сол бейнеңді есте ұмыту деген жоқ менде  
 Япырай, қалкам, төгіліп тұрған жыр ме едін  
 Алаулап жанған таң шапағындай нұрлы өнін

Құшағын толы қызғалдақ еді, мен бірақ  
 Ол емес, сенің өзінді ғана гүл дедім  
 Қызғалдақ емес, мен сені гүлге балағам  
 Тіл қатпасам да сыртыңнан ұзақ қарағам  
 Ол кезде сені сүйдім бе, жоқ па білмедім  
 Әйтеуір бір күш жаныма шым-шым тараған.

\*\*\*

Алаулап жатыр жапымың жалыны барда  
 Була жастықтың бойымда арыны барда  
 Өзін боп тағы ақ селін актарады, қалқам да  
 Асау өзенге кеудемнен табылды да арна.

Асау өзенге кеудемнен табылды да арна  
 Жетелеп мені әкетті тағы бір алға.  
 Арман дегенің шында да таусылмай ма осы  
 Елеске әлде акынның жаны құмар ма.

\*\*\*

Тым-тырыс шак, ел ұйқыда, түнжарым...  
 Сенің ғана терезеңде жарық жанып тұрғаным  
 Менен сені көлеңкелеп, көлкелеген перденің  
 Сәл-сәл ғана сырын қойсаң қайтер еді бір жағын.

Осы араға бір асылын жоғалқандай мен келіп  
 Күнде-түнде жүргенімді шырк айналып сенделіп  
 Сеземісің, сеземісің – сезбесең де түсіне  
 Кірсе біреу, басқа емес мәжүнін болған мен деп ұқ.

«Ғашық болу – бакыт» дейді, болса болар, Қосылам,  
 Ол да адамның жүрегіне ұялаған тосын ән  
 Шырт ұйқымдышәйдай ашып мені оятқан  
 Жалғыз ғана саған жетпей бітеме деп сол әуен.

Мына ғұмыр қанша адамды тезіне сап сынады  
 Біреу төксе, біреулердің жетпейді оған шыдамы  
 Бар мұраты тіршіліктің жарастықта жұбымен  
 Әрбір жұптың болу керек сүйіп айтар бір әні  
 Былтыр кеткен акку қайтып айдына оралды  
 Сен қосылсаң жарар еді, айтып жүрсем сол әнді.

\*\*\*

Жаксы көрсем біреуге жанай жүрем.  
 Жакын тартып, дос тұттым талайды мен  
 Бірақ солар өзімдей өзеурей ме,  
 Қалтқысыз ба көңілі, қалай білем.

Деп ойлаушы ем кейле бір ерікенде  
 Баға беріп дос, жолдас, серіктерге  
 Әр бірінің мінезін безбенге сап  
 Отырыр ем бардай-ақ көріпкелім.  
 Мені тәңір ұқты ма, біле алмадым  
 Орындалған жандай-ақ бір «арманым»  
 Емхнаға түстім кеп сыркатпенен  
 Аяғымнан ақсаңдап жүре алмадым.

\*\*\*

Өлең оқимын.  
 Оқып отырып ойлаймын.  
 Ақындық осы қол емес еген,  
 Қой, маған.  
 Шығандап кеткен біз жетпес биік шыңдарға  
 Ой теңіздің де тереңіне еркін бойлаған.

Мына бір сезім –  
 Алаудай түнде маздаған,  
 Сырласып қалай аштық екен сұлу наз-далам.  
 Мына бір сурет – мен неге бұрын салмағам  
 Мына бір құдырет –  
 Мен қалай байқап жазбағам.

\*\*\*

*Әке, шеше, өмір*

Әке адамға беріледі бір рет  
 Жалға жолын ол өткенде күні кеп.  
 Орындасан оның мұрат – арманын –  
 Мына өмірде орын басып қалғанын.

Бір-ақ рет беріледі ана да.  
 Сүй анаңды, қаспетін бағала.  
 Шын қадірін біле алмасаң, сен  
 Анасынан айырғаннан сұра кеп.

Бір-ақ рет беріледі өмір де, сүй өмірді.  
 Маңдай тер боп төгіл де.  
 Ұлы еңбектің құдыретін білмесең  
 Мал болдым де, адам болып жүрме сен.

Бір-ақ рет беріледі басын да.  
 Қадырлей біл, шын бағасын асыр да  
 Не істесең де өзбасына сене біл,  
 Баска баска телімессін сені өмір.

\*\*\*

О. сұмдық-ай  
 Ездер қандай көп еді.  
 О. сұмдық-ай.  
 Ерлер аз да. ездер көп  
 О. сұмдық-ай.  
 Ездер қандай көп еді.  
 Ерлікті ата жауындай-ақ көреді  
 Алды – артынап аямай-ақ күл шашып  
 Жарқыраған жанын шаңға көмеді.

\*\*\*

Шарлап алған жаныңды нала – қайғы  
 Өн бойынды тіміскіп аралайды  
 Бүгініннен ертеңің еңіс тартып  
 Сенің көңіл күйіңе карамайды.

\*\*\*

Біреулерге тынымсыз жан жалдатып.  
 Тас емшектей иімей қалған катып.  
 Біреулердің көз алдын көлегейлеп.  
 Ұмыттырған барлығын қайран бақыт  
 Күлкі арсыз, ұйқы арсыз. тамақ арсыз  
 Арсыздықтап бойыма тараған сыз.

\*\*\*

Мінезін көрсетпейді жәйда дайым  
 Құлашын дүниеге жайған айым  
 Отырсың буга балқып, көңілің шалқып  
 Ашуың содан ба екен. айналайын.

Шалкыдым өміріме сен келгелі  
 Өзімді өзімдік деп иемденгелі  
 Жарқырап жанарыыммен бір карасан  
 Көтеріп алғандайсың жерден мені.

Қарағым айналайын мінезіңнен  
 Шалкиды ақ самалдай жел өзіңнен  
 Сезімім алабұртқан қай кезде де  
 Ніскеп тыныстайын кіл өзіңмен.

\*\*\*

Балы да бар. уы да бар әр күннің  
 Ұқсамайды бір күнің бір күнге.  
 Кесірі бар ма, кеселі бар ма тағдырдың  
 Басқа пәле тілден дейді. соны уқтым.

\*\*\*

Торка тон бар ма тозбаған,  
 Дүние кімнен озбаған?  
 Суынар денен жылма-жыл  
 Азайып отың қоздаған  
 Биікке қолын созбаған  
 Қым-қуыт бәрі қым қуып  
 Барады кімді кім қуып  
 Күйдірем десен оп-онай  
 Жайқалған гүлді күл қылып.

\*\*\*

Танымай қалдым, қалкам,  
 Кім едің сен?  
 Көңліме күдей болып күле кірсен,  
 Менің шын бақытым деп ойлар ем-ау  
 Бірақ ол – өзімді алдау біле білсен

Еліктің лағындай қарағым-ай,  
 Бір сәуле жанарыңда жанады ұдай  
 Сол сәуле жүрегіме от түсіріп  
 Ойлап па ем сарғайтар деп сана бұлай.

\*\*\*

Талдан иіп табанын шана мінген,  
 Табысқым келсе қайтып бала күнмен,  
 Табысқым келсе ұайтем бала күнмен...  
 Алып ұшып ауылға барамын мен.

Асығамын! Нем бар еді асығардай, –  
 Деп ойлаймын аптығым басыла атмай  
 Өзінді өзін зорға алып жүрген күндер –  
 Сезімнің моншақтарын шашып атмай.

Бала болып ойнап па ем, ойнап па ем мен  
 Онашада оны да ойлап келгем  
 Менің құрдастарымнан туған күнін  
 Біреуі де жоқ екен тойлап көрген.

Кенде емеспіз, шүкірлік, тойдан бүгін  
 Бәріне оның мән беріп ойланды кім?  
 Тойды айтамыз, тойдай болып көрінетін  
 Қара нанға бір рет тойған күнім.

Алғаш мені аялап тәтті әнменен  
 Ауыледі мені өсірген, хат танып ем.

Арман атты сокпакка  
Алып ұшып ауылдан атапып ем

Алып ұшып ауылға барамын мен  
Аялаймын аймалап жан әніммен.  
Жастығым да осында алауы ыстық  
Жалынына оранып жана білгем.

\*\*\*

Бүгін менің тірлігімнің басы да емес, соңы емес  
Атқан таудың бәрі де өз-өзінше соны емес  
Жалғыз қалған кезіңде адам бейбақ ақыры  
Шәуілдеген итті де әжептәуір көреді ес.  
Жарасады жалғыздық, жалғыз ғана қудайға  
У – шуда мезі боп, кашатын ел былайда  
Сөз айтатын, болмаса сөз тыңдайтын серіксіз  
Қалған кезде жылайды-ау.

\*\*\*

Көрер көзге азайтын деп азбайсын  
Осынау бір тірлігіне мәз қайсын.  
Улы көлде қаттылдаған қаздайсын  
Шындықты да, сұмдықты да  
Жазайын деп жазбайсын.  
Асырмасты аспандатып асырып  
Еңсең түсіп тұрсадағы басылып  
Сырт көзге асып, тіпті тасынып  
Сыр қазасың, жыр жазасың асығып  
Көңілдегі көз жасынды жасырып.  
Ертеңін де, ертегін де күмәндау  
Өмірін де, ол да өзіңді шын алдау  
Бұрынғыдай қайта шалқу, шығандау  
Бәрә-бәрі тұмандау.  
Өленін де, өнерін де кіл арнау  
Сол кіл алдау – өзіңді шын алдау.  
Бұрынғыдай қайта шалқу, шығандау  
Ертегін де, ертеңін де күмәндау  
Лағыл арман – бәрі тұмандау.  
Бар ма құдай, ал бар болса осымды  
Кешіре ме, алдап кеткен досымды.  
Кеше ғана соныма ерген сүмелек  
Жалт бұрылып дұшпаныма қосылды  
Сағым сынды, тауым қайтты, тосылды.  
Жел өтіне жеке тіккен қосымды  
Біреулердің сесі басты, көңіл ошымды  
Бәрін білем, бәрін де түсінем

Түк бітпейді ардың, нардың күшімен  
 Берерің де, аларың да айырбас  
 Жолын тапсан мың сан іздің ішінен  
 Сен Адамсын, кісі күні кісімен  
 Ешкім кәзір өлшенбейді ісімен.  
 Жүрмес жерде көзге түсіп жүрдім мен  
 Күлмес жерде сөзге пісіп, күлдім мен  
 Өзімді өзім танымастай өзгерем  
 Кіммін осы, кіммін осы, кіммін мен.

\*\*\*

Сен туған күн саған да, маған да той  
 Сен туған күн жанымда, санамда той.  
 Сен туған күн қуаныш ұлан жыр  
 Сен туған күн қаламда, далама той.

Сен туған күн төнерек жалын күлкі  
 Аспан күлді, тәкәппар таулар күлді.  
 Саған арап көтеріп келе жатты  
 Құшак-құшак көк жасыл... баулар гүлді.

Айтшы ағыннан жарылып, сыр аштын ба  
 Бір ғаламат бар ма әлде рас мұнда  
 Қалатындай көріндің бүгін, жаным  
 Бар ғаламат сиға тартқан гүл астында.

Өркімге де керек кой шыны сырдын  
 Алдыңда тұр жан жетпес гүлі шынның  
 Елден сәл ерекшелеу болайын деп  
 Сенің туған күніңе жыр ұсындым.

\*\*\*

Алма десе алмадайсын  
 Талайға қол создырған арман айсын.  
 Адамға деген жақсы көңіліңді  
 Жеткізіп ұрпағына жалғағайсын  
 Қу көңіл бірде жүйрік, бірде шабан  
 Адамды жакын жүрмей білмес адам.  
 Жанышы шипа іздеген дертті жапдар  
 Алғысын жаудырады күнде саған.

\*\*\*

Жүзіңнен көз ала алмай гүлдей болған  
 Көркіңе көп қарадым күнге ойнаған  
 Бүр ашып, шешек жарған келбетіңе  
 Ғашық боп қарайтынын да арман.

Ак нұрға шомылғандай ала таңда  
 Тәнірім мұнша әдемі жаратар ма  
 Сүйдірмей желге, күнге, айналайын  
 Аялап отырар ма ем алаканда.  
 Арайлап таң атады, күн күледі  
 Боянып алтын нұрға күллі рені.  
 Жас күнімде кезікпей қапы қалған  
 Арманым ба екенсің кім біледі.  
 Көркіне сәуле шашқан күн пида деп  
 Айтардай, кина, жаным, шын кина деп  
 Ешкімге ұйқастырмай аттыңды да  
 Қалаайша таңдап қойған Гүлзира деп.  
 Түнде де ұластырған айға арайын  
 Аяулы асылымдай арман-айым.  
 Көркіне көрген көзді қарықтырып  
 Ағанды сағындырып, зарықтырып  
 Алдымда жүре тұршы, айналайын.

\*\*\*

Жанымды үлбіретіп жанай сынап  
 Алыстан көрінеді арай-шырақ  
 Елкілдеген ағана ертең дейсің  
 Жүрер ем ертеңіне алай шыдап.

Жапырақты аялап жел тербеген  
 Жел тербеген көңілімді өртер ме өлен  
 Алабұртқан жанымды, айналайын  
 Алдап – сулап қойдың-ау ертеңменен.

\*\*\*

Жасын келіп қалған соң көңіл өсіп  
 Болып әсте кеткен жоқ төрін есік  
 Осы екен ғашықтықтың жөні десіп  
 Жер басып жігіт болып жүргенен соң  
 Сен бүреуді сүйесің өліп-өшіп

\*\*\*

Дала – ұйқас қалаға.  
 Қала – ұйқас далаға  
 Егер бірі болмаса  
 Жыр жазылмай қала ма.

Ана ұйқас балаға  
 Бала да ұйқас анаға.  
 Болмаса ұйқас екеуі  
 Жыр болмайды және де.



\*\*\*

Дегеніне мықтынын бас шұлғысыз.  
 Сіз үшін кіл шықты күн.  
 Дей алмаймын ақылсыз  
 Ешкіні – апа,  
 Текені – жезде кылып тырмысып  
 Талай шынға жорғалап шығып,  
 Келе жатырсыз.  
 Таланты боп келесіз  
 Тарлан талант дарымай  
 Енбес жерге енесіз  
 Алдыңызда сары май  
 Біреулерге сес кылып.  
 Біреулерге киактап  
 Етек жаптың ес біліп  
 Сыпайыша сипактап  
 Тірілерге түкіріп,  
 Өлілерді өбектеп  
 Шаруаңызды бітіріп  
 Жүрсіз елге керек деп.  
 Алданады талайлар  
 Алданбасқа қоймайсыз  
 Алды артымды абайлар  
 Адам жоқ деп ойлайсыз.  
 Біліп елдің әр күнін  
 Жүрегіне «бардыңыз»  
 Айла – амалдың барлығын  
 Қайдан жинап алдыңыз.

\*\*\*

Адам өзгереді екен  
 Өзгергендерді, өлмесең, көз көреді екен  
 Тәңірді кейде тосыркап танымай қаласың  
 Сен үшін тіпті өзін де өзге де бөтен.

\*\*\*

Ән тербеліп көктемнің самалындай  
 Жан тербеліп сезімнің жамалындай  
 Теңіздейін өзін де бірге толкып  
 Нұр құйып жүректерге қарағым-ай  
 Тау қызы талайларды тамсандырған,  
 Дегізіп «сенен, қалкам, жаным құрбан»

\*\*\*

Қызық екен ерекше өкпелесіп  
 Неге бәрін, бауырым, жек көресің

Хордын кызы болса ол кінәлі ме  
Кінәлайсін аруды текке несін.

Жан емес не аты да, затыда бөлөк  
Ұнатпасаң кім зорлар катына деп  
Айқайламай ішіннен жек көре бер  
Неге сонша бұл басын катып әлек

Үні бөлөк және де түрі бөлөк  
Ұнамаса біз де одан түнілер ек  
Жек көрдім деп айтқанның – құр алданыш  
Түсіне ылғи кіреді-ау түніде кеп.

\*\*\*

Аз өтті ме, көп өтті ме каталық  
Соны ойлаймын көңілімді қапа ғып  
Құлайтындай жарға жақын апарып,  
Өзімізді сүмірейткен өзіміз  
Тұған үйге тұрмай өгей атанып.  
Кенбіз дедік, теңбіз дедік кеуде ұрып.  
Күнге жеттік болмайтындай елді қғып.  
Дұрыс жүрген бетімізді жел бұрып  
Кете бердік, кете бердік беталат  
Ішімізде қаншалық қасқыр келді ұтып.  
Көрінгенді көсем санап сенгенде  
Бәр – бәріне шыдай берер елден де  
Бәр – бәріне шыдай берер жерден де  
Ұят болды-ау, ұят болды-ау айтуға  
Сенгендердің көбі бүгін шерменде  
Артық – кемді басымыздан асырып  
Ерлікті де, өрлікті де жасырып  
Жақ аша алмай жатса біреу басынып  
Ашынсақ та ішімізден ашынып  
Қор болыппыз измдерге асығып...

\*\*\*

Рас шығар –  
Алаулаған жанымның маздағымен  
Саған арнап күнде өлген жазбадым мен  
Жеткізсем деп ойладым дабырасыз  
Сезімімді сыбызғы саздарымен  
Саздарымен, көңілдің наздарымен.

\*\*\*

Ақ қардан ақ қала қалаған шак.  
Бәрі басқа тосын бір бара қалсақ

Айналайын, әз ауыл,  
Келсе жатыр өзінді балаң аңсап.

Қыс, ақ қардан ақ ката қалаған шақ  
Қалғып кеткен секілді дала жаңсақ.  
Көп жұлдыздар үн – түнсіз жымыңдайды  
Көкте ай, жұлдыз саптағы сақшылардай.

\*\*\*

Біреуге риза,  
Біреуге наразымын.  
Көңілдегі таусылмас жан азығым  
Қақтығыстан қаншама қайшылықтар  
Екі басын тұр басып таразының

Екі басын тербетіп таразаның  
Жан пенденің аттамай ала жібін  
Жақсы менен аманның ара жігін  
Айыра алмай кетермін мен де өмірден  
Іректелген артымда қалар ізім.

Боран соғып, дамылсыз дауыл ұлып,  
Дірілдейді сөнердей лағыл үміт  
Адамдарды жіберер тағы қылып  
Жақсылықтың біткен жоқ жауы құрып.

\*\*\*

Кетті өтіп бал балалық, сал жігіттік  
Армансыз ақ жалындай алдық ұйтқыш.  
Бүгінде көзбен бәрі-бір бір ушып  
Кемпірмен от басында жанды күттік  
Қалмайды қалтаң қағып көштен кәрі  
Шығады көңіл шіркін төскейге әлі  
Дегенмен бұра күндер қайдан болсын  
Отынның бойындағы өшкен бәрі.

\*\*\*

Бір композитор, бір акын,  
Ту қылып ұстап өнердің биік мұратын  
Арманымыз да бір алыста жанған алаудай  
Шақырып дәйім тұратын.  
Келеміз бірге көрінбесе де жол шегі  
Шақыра берер, шақыра берер ол сені.  
Өнерге деген халықтың ынта – ықласының өлшемі  
Қиял қанаты келер күндерге ұласып,  
Кетесіз бірге қыр асып.

\*\*\*

Өмір айдын, әркімнің қайығы бар.  
 Тармақ жолдар жан-жаққа айырылар.  
 Екеуіміз екі ұяда өскенмен  
 Туғандай бауыр десем не айыбы бар.  
 Кеткенмен әркім өзі өз алдына  
 Келеді бата күндер көз алдыма.  
 Тұяқты тұлпар болып туғандайсын  
 Сурылып жарыстарда озар мына.  
 Бал күнде жаксы сөзді қатар естіп  
 Айдында ескекті те қатар естік,  
 Жаксы сөзді шын тілек, бата дестік  
 Тербетілген дария толқынында  
 Дөнбекшіп алдымызда жатады осіп.  
 Талайын кешіп арман үміттердің  
 Алысты, жакынды да жүріп көрдің  
 Құдайдың бергенінің аркасында  
 Мінекей, елге әйгілі жігіт болдың.  
 Шабысы бәсеңсімес қызған ердің  
 Бәрі біледі ойдағы құздағы елдің  
 Жар сүйдін, қызыметін де биіктеді  
 Шүкірлік ұл да көрдің қыз да көрдің  
 Арманын айдындағы жүзген арай  
 Сөйлсейміз өзімісініп бізге балай.  
 Бауырым алдыңда әлі талай асу  
 Токтамай тарта бер тек 100-ге карай.

\*\*\*

Олең жазбайын демеймін  
 Жазсам-ау деймін күн-түні  
 Қалдырып бәрін, қалдырып,  
 Қалдырып ұйқы, күлкіні  
 Оймен өрнек саламын.  
 Саламын ою – өрнегін  
 Өзіме олқы бәрі бір  
 Жетпей жатқандай бір тіні.

\*\*\*

Дүниеде не жаман, аттан жаман  
 Жаны ашымас жақының- жаттан жаман.  
 Тұқыл болып туғанда  
 Құлақтан мүйіз озып жатқан  
 Өлшеулі өмір, жазмыштан жан озбаған  
 Азғұмырда – бәз ғұмыр, аыздай-ды  
 Көкіректі өртеген тамыз – қайғы  
 Өкініші-өкінішті...

*Тас*

Тастай суық тастай меніреу, қаранғы...  
 Тастай дейміз Қарабайдай сараңды.  
 Тас бауыр деп мұқатамыз кейде біз  
 Селт етпейтін сезімі оқ адамды.  
 Жауға қарсы қорған болар сесте едің  
 (Артық кеткен жерім болса кеш менің)  
 Дүниедегі жамандық та бір саған  
 Тенейтіндей о тас, бізге не істедің.  
 Тас оқ жерде болмас еді таудағы  
 Тас қорғаннан өткен емес жаудағы.

\*\*\*

Көктемде, жазда дүние думан – қызған шақ  
 Тұрады көңілім, тұрады биік құзды аңсап  
 Сол сәттерде мен сүйіктімді алып тау кезем  
 Дарынды далам береді тынбай бізге ән сап.

Сондан да менің 4 құбылам тегіс ән болып,  
 Жаныма жайсан құяды ғажап сән-көрік.  
 Жаһанға жалпақ ғашық көзбенен қарайсыз  
 Кеткен-ау шіркін дүние тегіс әрленіп.

Ғажайып бейне таусылмас ойда, қырда да  
 Шет-шексіз ойдың мекені ме екен бұл дала  
 Шарқ ұрған шабыт қырындай қалып княға  
 Қинайды-ау тіптен қона алмай тұғыры жырға...

\*\*\*

Жөн – ақ шығар, жөн – ақ қой өкпе деген  
 Өкпе менде көп демен, жоқ та демен  
 Шаман жетсе өкпе емес, бауырдан да  
 Бөктерінде аялдап тоқта дер ем.

Мына заман аумалы – төкпелі деп,  
 Уақыттың қалғанынан өткені көп.  
 Қалай – қалай біткенін байқамайсын  
 Әркімдерге жүргенде өкпелі боп.

\*\*\*

Ойнайсын, жаным, ойнайсын  
 От шығар-ау деп сескенбей  
 Ойының ба әлде шының ба  
 Жанымда менің жанартау жатыр, жанартау  
 Соны ойлан жаным, отпенен ойнап жүрсін-ау.

\*\*\*

Не дейін, не дерімді білмей қалдым  
 Демеймін, дей алмаймын тілден зармын  
 Сонда да жөн таба алмай жүрген жанмын  
 Амандық, саулық деген табылар ғой  
 Абыржып не дерімді білмей қалдым  
 Өз өзін билейді әр кім.  
 Емес кой не десен де ерік менде  
 Жүрер ме тек өкпені теріп пенде  
 Енді ұқтым жүргеніңді ойын қылып  
 Еріккенде, кейде бір зеріккенде.

\*\*\*

Біреулер – соқыр.  
 Біреулер – тілсіз, таскерен  
 Біреулер жүр жок шашын өсіре алмай  
 Біреулер жүр бар шашын көшіре алмай  
 Бар мен жоктың нарқына жете бермес  
 Бұл адамдар не деген кесір алла-ай!  
 Не салмайды тәңірім мына баска  
 Бір ағаш тұр майысып жемісімен  
 Бір түйір дән бітпеген бір ағашка  
 Қара өлеңді кастерлеп тебіренген  
 Мұқағали да өтіпті еңіреумен.  
 Көп сұмдыкка түсінбеген  
 Ол білмесе, бауырым-ау, не білім мен.  
 Тағдырдың талғап тартар сиына орай  
 Емесін күю онай, сую онай  
 Шын ғашық болмағандар қайдан білсін.  
 Білмейді, сонысына күйінем-ау  
 Біреулер айнымаска серт береді  
 Сол серті біреулерге ойын болып  
 Онымен біреулерге дерт келеді.

\*\*\*

Не боп, жаным, барады осы маған  
 Шырт ұйқымнан оянам шошып әмен.  
 Өз-өзімді аяусыз азаптаймын  
 Сен болмасаң, түсінбес тосын адам.  
 Сен бе, әлде бәрі де менен бе бұл  
 Бір зіл батпан басады денемді кіл.

Құтыла алмай сезімінің шырмауынан  
 Өтіп бара жатқандай кеміп – Ғұмыр.  
 Білесін сен,  
 Бәрін де сен білесін

Білмеуің мүмкін емес  
Баурап алған жанымды шіркін елес.

\*\*\*

О, ғаламат – шынын ба, ойының ба  
Бұл әзілдің сыймайды-ау қой, ұғымға.  
Көлгірсудің өтірік керегі не  
Тас тұр ғой қойынында.  
Тас тұр ғой, оның несін жасырасың  
Қауіпті екен жакындау қасына тым  
Адамшылық керек қой пендеге де  
Бетінді пернелеме – ұзамайды,  
бәрі бір ашылмасың.  
Жакын жүру – адамға, қауіпті екен  
Бір тұғырға орнықтың тауып бекем.  
Менде күш жоқ – дер едім шауып кетем  
Оданда да басқа жакка ауып кетем.

\*\*\*

Той бүгін, мерекелі думанды күн  
Достар маған қосылып қуан бүгін.  
Алатауды әнге орап, күйге бөлеп  
Осы болдым алғашқы туған күнім.  
Туған күнім – қырыңды асып,  
Қияға қанат қағам –  
Арман болып әр үйді аялаймын.  
Шалқып сен де шабыттан кара маған.

\*\*\*

Үкімет әрлі-берлі ойласа ке  
Жол тапты өзіне онай болмас әлек  
Пенсия алғың келе ме, келсе алдымен  
Өзіне өлмейтұғын қор жаса деп.  
Күн ойлап, бес күн ойлап, он күн ойлап  
Бұл да бір бітпейтұғын болды майдан  
Міне деп беріп жатқан жұмысы жоқ  
Сонда мен жасамақпын қорды қайдан.

\*\*\*

Шыладым – шак-шак қана сынбай қалдым-  
Уақыт емші – төзімді шыңдайды әр күн.  
Ауылға оралғанда алыс жолдан  
Сен жүретін жерлерге тынбай барам.

Тынбай барам – басқаға қия алмадым  
Мен саған ән бағыштап, күй арнадым.

Айрылу киын екен арманныңнан  
Есімің қайталанды қиялда мын.

Кеш! Бәрін салдым соның неге есі не  
Екеуміз екі тағдыр кемесіне –  
Отырып жүре бердік-қайырылмадық  
Бұл енді пәк сезімнің елесі де!

Жыл өтті, айлар менен күндер өтті –  
Білмеймін бал ерніннен кімдер өпті –  
Әйтеуір менің тұңғыш махаббатым –  
Мәңгіге, өзімен бірге кетт.

\*\*\*

Он жыл, жаным, өзінді мен көргелі  
Ақылы көп адамды Удай тыңдап  
Аспан жерге оларсыз құлайтындай  
Айтсам деген сөздерім бір айтылмай  
Ақылы көп жандарды Удай тыңдап  
Өз биігім өзіме жүрмей келем  
Болмаса оларсыз аспаным құлайтындай  
Берерімдей-ақ барымды беріп келем  
Қайда осы мендегі ерлік, ерік деген  
Серке болып кезім жоқ топ бастаған  
Бәшпантайлап сонынан еріп келем.

\*\*\*

Кісі дер тіптен сиқы жоқ құйттай құлын-ау  
Аяғың, қолың ербеңдеп алғаш күлдің-ау  
Қуаныш деген ат екен іште маздаған  
Өртене жаздап, өртене жаздап тұрдым-ау.  
Тәй-тәй-тәй... Қаз басып тағы жүрдің-ау  
Қызық екен ғой бір тұрып, қайта бір құлау...  
Өне бойымды билеген ерен құдырет  
Ата болудың бакыт екенін білдім-ау.

Білдім-ау, білдім-ау... Ата деп алғаш тіл қаттын  
Баланың бал-бұл тіліне тояр тыңдап кім?  
Пейіштегі ақ періштемін бе ой алла-ай  
Ұмытып бәрін ішінде жүріп гүл бактын.

Сезіндім бейне пейіште жүрген жандай-ақ  
Кіршіксіз көңіл арайлап атқан таңдай-ақ  
Құлыным, сеннің қылығын  
Қызығына өмір өтерме екенмін қанбай-ақ.



\*\*\*

Теніз толқындары  
 Толқындар. ақжал-адуын  
 Жартасты келіп соғады.  
 Тастаған жандай болады.  
 Момақан жандай болады.  
 Екінің бірі ұға алмас  
 Теніздің ерсең заңы бар.  
 Тентектей тыныш тұра алмас  
 Дауылды кейде сағынар.

\*\*\*

Күлкің қандай, қарағым, күлкің қандай  
 Күлкіңнен көкрегіме нұр тұнғандай  
 Күлкіңді жатып, тұрып есту үшін  
 Қасыңда жүрер ме едім бір күн қалмай.  
 Айдай болып көзіме көрінесің  
 Сымбатындай сұлудың өрілесің –  
 Менің сырым белгілі тек өзіме  
 Ынтықпасаң сен одан не білесің  
 Айналайын мөп-мөлдір жанарынан  
 Көңілімді ерте-кеш алаң қылған  
 Айтқан сөзің барады жанды ерітіп  
 Жаралдың ба әлде сен алау нұрдан.

\*\*\*

Айран-асыр көңілім – мазалама сен мені  
 Біреу сенді сөзіме – біреу мүлде сенбеді  
 Құлазыған кезімде көмек күтіп қиядан  
 Жанымадағы ең жақын деген досым келмеді.  
 Қайтем оған өкпелеп көрдім бәрін өзімнен  
 Сәттерім көп көз ілген, ояу жүрер кезімнен  
 Жұдырықтай жүрегім жанымды жеп боздайды  
 Ботасынан айрылған секілденіп бөзінген.  
 Көп нәрсенің паркына бойлай алмай жүр едім  
 Бөзінген боп боздайды жұдырықтай жүрегім.  
 Беу бауырым өзін айт табар болсаң бір емін  
 Бота да бір мен үшін, жандай жақын дос та бір.  
 Тапсам деумен қым-қиғаш қайшылықтың бір емін.

\*\*\*

Кейде ұқсаса ұйқасым ұтыларға  
 Ұрлық деп айта көрме мұны, қарға  
 Корсоқыр көкірегін ұғынар ма  
 Қазақ сөзі – қазақтың қасиеті  
 Таласардай әкенің құны бар ма

Аяз сорып бетімді шыны қарда –  
 Жаксы екен деп келемін шыны арда  
 Әр нәрседен адамдық іздей берген  
 Ала көңлің шуакка жылынар ма  
 Ғаламат-ай, ғаламат!  
 Міне керім көкірегім көр.  
 Қай пенде білер емін.

\*\*\*

Тірі жүрсен көресін  
 Пешенене жазғанды  
 Құтылмайсың бәрі бір  
 Пешенене жазғанын  
 Көресін, бәрін көресін  
 Пешенене жазғанды  
 Күнін жеті ме өлесін  
 Онсыз да достар аз қалды  
 Елу алтыға келгенде  
 Самсаған қатың қол едік  
 Көнессің бәріне, көнесін  
 Ездер көп ерлер аз қалды.

### *Қоңіл*

Заманы жарылқаған «жарым атла-ай»,  
 Жөніміз жоқ екен ғой «жарығандай».  
 Пайғамбар тұтып сырттай көкке қарап  
 Алданады екенбіз ғой танығандай  
 Әйтпесе түгі де жоқ табынардай  
 Әйтпесе түгі де жоқ табынырдай.  
 Алыстан аңсап-күтіп сағынардай.  
 Сырланған сырт сырына қаныға атмай  
 Жүріппіз тәңіріне ніп, жарығандай  
 Кім білген қуаты жоқ құдайлығын  
 Бақ пен тақтың буынан арылардай.  
 Жүрсек те жамандықты жорымай тік.  
 Құсымның азы қалған, көбі қайтып.  
 Мен өлсем ертеңгі күн балама да  
 Жүре ме телефонмен көңіл айтып.  
 Япырай, сенбейін бе, сенейін бе –  
 Сөз тұр ғой ауымды ашсам, көмейімде.  
 Тойға барам бұдан да кедейімде.  
 Асқартаудай аға деп келген басым  
 Ұяттан көрге тірі сенейін бе?!

\*\*\*

Жаксы көрсем біреуге жанай жүрем.  
 Жакын тартып, дос тұттым талайды мен.  
 Бірақ солар өзімдей өзеурей ме,  
 Калткысыз ба көңілі, қалай білем.  
 Деп ойлаушы ем кейде ерікенде  
 Баға беріп дос, жолдас, серіктерге.

Әрбірінің мінезін безбенге сап  
 Отырар ем бардай-ақ көріп келмем  
 Мені тәңір ұқты ма, білсе алмадым  
 Орындалған жандай-ақ бір «арманым»  
 Емханаға түстім кеп сыркатпенен  
 Аяғымнан ақсаңдап жүре алмадым...

\*\*\*

Таңның атуын күтесін  
 Күннің батуын күтесін  
 Сонымен жүріп жүйкеннің  
 Шығарасын түте-түтесін  
 Болса да бітпес ісін көп  
 Сыздайды ішін, тісін көп  
 Таң атырып, ішінде от  
 Бітіріп жатқан ісін жок  
 Тау қопарардай күшін жок  
 Тірлікте бітпейді ісін көп  
 Өткеннің бәрі өкініш  
 Қыжылдатады ішінде от  
 Таңның атуын күтесін  
 Күннің батуын күтесін  
 Арманға жеткен пенде жок  
 Сонымен бір күн бітесін  
 Еріккендердің ермегі-от  
 Таркамас шемен, шер мен өрт.

\*\*\*

Алаулап жатыр жанымның жалыны барда  
 Була жастықтың бойымда арыны барда  
 Өзің боп тағы ақ селін ақтарады, қалкам да  
 Асау өзенге кеудемнен табылды да арна.

Асау өзенге кеудемнен табылды да арна  
 Жетелеп мені әкетті тағы бір алға.  
 Арман дегенін шында да таусылмай ма осы  
 Елеске әлде ақынның жаны құмар ма.

\*\*\*

Төңерегіне жоқ ашпас күзек қойдан  
Не десе де жақ ашпас күзет қойған  
Әкім келсе жалбаңдап жалман қағып  
Ақын келсе кіргізбес күзет қойған.

Тактан басқа ойламас ештенені  
Жауды жайқап қайтарар еспе лебі  
Алмағайып заманда арпатысқан  
Хан боп кетсе бұл шіркін не істер еді.

Билік айтар өлеуреп өрлеп елге  
Пенде шіркін өле ме ол дегенге  
Құзырымен татайды  
Тірі жүрміз әзірге ол да, мен де.

Бір күні еді көктемнің нұр шуақты  
Сері сезім кеудемде бүршік атты  
Кіріп келдім тақсырдың бөлмесіне  
Кірпік қақпай отырған пір сияты.

Сырт қарап ем, бардай-ақ ақыл көрік  
Бергеннен бе шектеусіз әкімге ерік  
Көрінгіс келді ме әлде «өлікке»  
Қуып шыққан ақынды батыр болып.

Ылди барын білмеймін, өр де барын  
Білемін бірақ кімге келмек әлін  
Тіршілікте әрнеге ұмтыласын  
Әкелердей өзіңмен көрге бәрін.

Айтқаннан соң, айтайын барын ақыр  
Көрінгенмен әрі әкім, әрі батыр  
Жер шұқып айттым,  
Мекіредей тұмсығын тасқа ұрған.

Түрі қазақ адамнан жаны кәпір  
Көкрегімде жер лаулап, жалын атып  
Сөз ұғатын жандардың бары бақыт  
Деп жүрген ем, сойқанға кезіктірдін  
Жер болып шықтым, тәңірі атып.

## **БӨЛІМ**

*Бүгінгі кеш қайтадан оралмайды.  
Өткізіп ап қолыңды қалма жайып.*



\*\*\*

*Әйсерімге*

Еркін деп өлең жазасын  
 Ерден деп өлең жазасын...  
 Гүлнарға да өлең арнайсын  
 Бәріңді бірдей көрем деп  
 Айтуын айтып жүргенмен  
 Өлең жазар кезінде  
 Есіңе мені алмайсын.  
 Еркін деп өлең жазасын.  
 Ерден деп өлең жазасын.  
 Гүлнарға да көңіліңнің  
 Білдіріп мөлдір – тазасын  
 Деп Әйгерім мазалады атасын...

\*\*\*

*Еділ Ергожинге*

Княға сермеп канатын  
 Княда биік қағатын  
 Жатындап лаулап жанатын  
 Күмбірлеп күйдей төгіліп  
 Өлеңдей әсем өріліп  
 Қыздардың тілін табатын  
 Еділ бір елдің еркесі  
 Көкірегі – күбез,  
 Жаны – ақын  
 Өскен жері-тау беті,  
 Әйгілі ата әулеті  
 Өзіне тартқан ұл болсын  
 Үйдегі мықты – Дәулеті.  
 Кеудесін кернеп жүз арман  
 Жүретін жолы ұзарған  
 Төлеген сынды – алыстан  
 Аркадан барып қыз алған.  
 Канатын кенге жая алған  
 Жарды да таңдап, сай алған  
 Төрт бұрышын кезіп дүниенің  
 Тауыпты Сұлу Баяннан.

\*\*\*

Жылдар сын саған-дағы, маған-дағы  
 Көңілдің көк дөнені шаба алмады  
 Шарқ урған шағаладай қайран сезім  
 Байқаймын бурынғыдай шабандады.

\*\*\*

Тоқырап өмір өзен тұрмас мына  
 Бір жақсы қосыла атса бір жақсыға  
 Қуанып туыстарды жүрейік те  
 Жарасқан осылар деп құрдас құда.

\*\*\*

Кім бұтбұт болуды қаламайды дейсін.  
 Кім дүтлүт болуды қаламайды дейсін.  
 Кім өзін басқалардан биік көріп.  
 Кім өзін дарындыға батамайды дейсін.

\*\*\*

Ұрысқак  
 Көрші үйдін баласымен де.  
 Кейде өзінің ағасымен де.  
 Таласып, дау шығарып.  
 Беделін тауысып алып.  
 Маратжан ұрысқак атанды.  
 Тіпті тырысқак атанды.  
 Бүкіл бала қорадағы  
 Дәуекес деп оған жоламады.  
 Бәрін билеп атмақ болған  
 Текке кетті жораматы.  
 Баталар жасырынып жатады.  
 Кейде жиылып  
 Асық ұрып жатады.

\*\*\*

Қатар өстік доп қуып, асық ойнап.  
 Тұған жердің табанға тасы кіріп  
 Жалаңаяқ қыр кездік, қырман кездік  
 Ол кез солай, несі бар жасыратын.

\*\*\*

Ән болып кететіндей бір ғажап үн  
 Содан алып күніге жыр жазамын  
 Сөзімнің бал шырынын өзің алып  
 Ал, маған қалдырғансың күллі азабын.

\*\*\*

Көп-ау тіптен өмірдің өлшемі –  
 Кейде мүлдем жанылтады ол сені.  
 Сан қилы боп көрінеді көзіңе  
 Осынау жалпақ дүниенің бөлшегі.



\*\*\*

Әйелге арыз қағаз алам,  
Қолыма қалам алам.  
Ойларым көп қаумалап, қамалаған.  
Өзі іздесе керегін табар адам –  
Бір бөлмені қалдыршы дара маған.

Тарлық көріп – көп болса қиналарсын  
Өріс керек олеңге – иланарсын.  
Жұрт өзіне керегін сайлап алаы.  
Не істе дейсің басқаға беріп жатқан  
Бір бөлмені байына қинағасын.

Қыздарың бар, ер жеткен ұлын да бар  
Мықты болсан арыз айт,  
Шырылда, бар!  
Сөзің босқа бірақта шығын болар.  
Кей достарын керіліп қырын қарар.

Амалын не, көнесің бәріне де  
Ештеңеге таңданба.  
Пәлі! деме.  
Таланты бар болғанмен, таланы жоқ  
Күйеуіңнің келеді әлі неге.

Кәрілердей бітетін күнін күткен.  
Басыңды и де жүре бер түнілдікпен.  
Басқа амалын таппасаң,  
Бір бөлмені көбейтіп қой.  
Бөл дағы шымылдықпен.

Өкпе айтқанмен не пайда тағдырға әман.  
Алдырған да кезім бар, алдырмаған.  
Қиналсаң да қайтейін, өлең үшін  
Бір бөлмені оңаша қалдыр маған.  
Әйелге арыз – басқаға қалтқағыс.

### *Ерденге арнау*

Кетпейді жасты көрсө жанығып кім –  
Адамның тірлігінің бәрі үміт күн  
Шау тартып, өгіз аян күйге көштік  
Арасында жастық пен кәріліктің  
Ішімде долы боран әрі дауыл

Асаудай қол арткызбас жалыма бір  
 Өткенді өкініші мол ойыма алсам  
 Тиеді жаныма ауыр от баскандай.  
 Халқымның жақсы тілсеу, батасы көп  
 Батаның қайкенде де қатасы жоқ  
 Өс. құлыным, ертең күн мені ел сипап  
 Айтардай Ерденжанның атасы деп.

\*\*\*

Бір-бірден астымызда құйын көлік.  
 Өмірдің қызықтаймыз сынып келіп.  
 Ортауау жыр жазсақ та ақынсың деп  
 Қояды желіктіріп тиын беріп.

\*\*\*

Бұлт торлаған күз күнін айықтыру қиын-ау  
 Кім ойламас қартайып жігіт кезін, қыз күнін  
 Айықтыру қиын-ау бұлт торлаған күз күнін.  
 Қайғыңызды бөлісіп, көңіліңізді сәл демеп  
 Қайту үшін жиналған ағайынбызбіз бүгін.  
 Түннің барлық парызы таңда өтелер деген бар.  
 Ауырлықты зіл батпан нар көтерер деген бар.  
 Таңжарыққа...  
 Серік болдық екеуміз палатада,  
 Рыздықсыз пендені жарата ма.  
 Баскадай жөн білмейтін біреу болса  
 Құдайым-ау, таң атып, күн бата ма?  
 Жақсы атаның ибалы ұлы екенсің,  
 Шешек жарған бір нәзік гүлі екенсің.  
 Мінезіңнен байқадым, ірі екенсің  
 Аға іздеп, айналайын, жүр екенсің.  
 Жүресің кіл ағалап, бәйек болып,  
 Шын жаныммен құладым Ө деп көріп.  
 Сенің әрбір сөзіңнен, қимылыңнан  
 Көңіліме кеткендей мәйек толып.  
 Елдің салты, Несіне таңданайын,  
 Жан емессің әшейін барға дайын.  
 Өзіңдей боп өссін тек Ұл, қыздарын  
 Аман бол, ардақ, інім, айналайын

\*\*\*

Тірліктің көзді арбардай көркі-нәсіп  
 Кейде кеш, кейде бәлкім ерте ұғарсын.  
 Өткізер бәрін соның жүрегіннен  
 Бар дерттен ақындықтың дерті басым.

\*\*\*

Мен ініге, іні маған кешірмей  
 Не шуак, көленкеміз түсірмей  
 Екі жакта күн кешумен келеміз  
 Бірін бірі танымайтын кісідей.

Тәнірі солай мінез берсе не етермін.  
 Ұғыса алмай өткіземіз бекер күн.  
 Тарасатын саясатпен кезігіп  
 Екеуіміз бір елшісіндей екі елдің.

Екеуіміз де мәуе жайған шынармыз  
 Күн жеткенде пілерміз, сынармыз  
 Үлкендік пен кішіліктің қадырын  
 Бәлкім өлер шағымызда ұғармыз.

Бір-бірін бауыр басса жат кісі,  
 Олардың да оңға басып жатты ісі.  
 Ақыл әттең кеш келеді адамға  
 Шіркін ол да біз білмейтін бақ құсы.

Бәрі бұлдыр... Көрген бұлдыр түсімдей  
 Көзімді ашсам, қатам бірін түсінбей.  
 Інім менің – бауыр етім кей-кейде,  
 Енді бірде алғаш көрген кісімдей.

\*\*\*

Аш қасқырдай каматаған ой мынау  
 Кіл сздердің ездігіне тойдым-ау  
 Еңсемді бір көтере алмай қойдым  
 Үйге де сыймай, түзге де сыймай қажыдым  
 Аш қасқыр сынды жортумен іздеп азығын  
 Жанпида қылған алдынан жүріп тазының  
 Датаны кезіп дамыл тапайтын бейшара  
 Арлан бөрідей түзге де сипай қажыдым.

\*\*\*

*Ерден 7 жасқа келгенде жазған*

Жабы жүрек жүдейді торылмай құр  
 Онтайымнан көп ісім оралмай тұр.  
 Сен жетіге келгенде бір қуанып  
 Атан, құтыным, қасында бола алмай тұр.

Сен бүгін бар болғаны жетідесің  
 Күні ертең-ақ ер жетіп, жетілесің.

Алды-артынды абайла, айналайын  
Одан артық сорлы атаң не тілесін.

Бастан біздің барады бесін өтіп,  
Қатар екен қай күн кешім жетіп,  
Есләмнің жалғасар ертеңі деп  
Сен тұғанда қуандым есім кетіп.

Сен бүгін, құлыншағым, жетілесін  
Ертен-ақ жетесін, жетілесін  
Алды-арынды абайла, жетілесін  
Сорлы атан одан басқа не тілесін

Кел! – дейсін, қайда барам, қалай барам  
Адасса алды артына қарай ма адам  
Көңілім де құз күніндей түнеріңкі  
Бұлт торлап айналамды арайлаған.

Өркімдер алдап жүр-ау сені де шын  
Бейкүнә құлыным-ау, не білесің?  
Жетіге жана келген сәби түгіл  
Дәл қазір орнында емес менің есім.

Кел! – дейсін, ұшар ем ғой кел дегізбей  
Соныннан ерер ем ғой ер дегізбей  
Қорланып өлер болдым амалым жоқ  
Жүрек бермей қойған соң елге біздей.

Өмір ғой – таң атады, күн батады  
Атаң көңілі – уақыттың түнгі реңі  
Ішінде бықсып жатқан намыс уын  
Сырт көзге көрінбесе кім біледі.

\*\*\*

*Жерлес інісі Сәкенге*

Сен де, мен де төліміз атығайдың  
Шетте жүрген талайға аттың айбын  
Құдайдың берген бағы таусылмаса  
Алдыңда жарқыраған жаттыр айдын.  
Тағдыр шіркін қоймайды көрмесіне  
Түсіріп талай тайғақ жолды есіне  
Екумізді дәм жазып бірге әкелді  
Айтулы аурухана бөлмесіне  
Қар көріп, бұршақ көріп, жауын көріп  
Осыдан шықсақ аман тәуір болып

Алматыда бір-бірін жана тапқан  
 Кетеміз айрылмастан бауыр болып.  
 Сәт сайын мың құбылып өзгерген күн  
 Көңілін кеткен жерді көзбен көрдің  
 Қайда жүрсең көтердің казак атын  
 Шылауында кетпедің кез келгеннің.  
 Қайда жүрсең жырыммен шыныңды әрдеп  
 Айта жүрем бір нәзік інім бар деп.

\*\*\*

*Сарбас Ақтаевтің тойында 1995*

Түрпектеп нем бар еді арыстанды  
 Жастық та бізден жырақ алыс қалды  
 Сәкенді азын-аулақ сынап едім  
 Ағасы кереметтей намыстанды.  
 Інісі күтіп қалып сөз ала алмай  
 Көңілімен сөйлеп отыр таза қардай  
 Енді қайтіп сынасам сар Сарбасты  
 Ағалары ортаға ап жазалардай.  
 Өзі де ағасыда сынап жатыр  
 Сөзінде жылтыраған шырақ бардай  
 Қонақта амал бар ма салиқалы  
 Таяқ жеп қалмайын деп шыдап жатыр.  
 Сырымызды болар енді актармасам  
 Қалайша басқа қонған бақтан қашам  
 Біреулерді тағы да қозғап қоям  
 Тезірек Алматыға аттанбасам.

\*\*\*

Жас келді, бәрін жнып қойдық дерсіз  
 Ой бітпесін лайымда, ой бітпесін  
 Бұтағы, жапырағы жоқ кү теректей  
 Тірі жүріп сәні не ой біткен соң.

\*\*\*

Сен келесін сәт сайын мазалаумен.  
 Мазалаумен, кейде шын жазалаумен.  
 Жансам жанып кетейік біржолата  
 Әуре етпе тек маздақсыз аз алауымен.

\*\*\*

*ЖенПИ қыздары*

Тұра қапыз байқамай  
 Терзенің түбіне

Келіп жүріп сан талай  
Көрмеппіз ау бірінде.

Құйып жатыр шайларын  
Құмдарын көтеріп  
Білу үшін жайларын  
Олай-бұлай өтелік.

\*\*\*

Шығыс таудың бойында,  
Шалқып жатқан ел бар-ды.  
Бәрі сонын ойында  
Ал, шынында наз қалды.  
Жыған кезде есіді,  
Көрдін Ертіс, Есілді.  
Көрдін жетім, жесірді  
«Тар жол тайғақ кешуді».

\*\*\*

Біле-білгенге бір жүрген де той мынау  
Сыр айтамын деп шынымды да айтып қойдым-ау  
Кім ұққан, кейде көрінеміз бе ойлылау-ау  
Денің сау кезде тірліктің өзі той мынау.  
Тілегіміз-бір, арманымыз-бір құрбы деп  
Сыр ашқан болып, шынымды да айтып қойдым-ау.  
Білмеймін тіптен аз айттым, әлде көп айттым  
Сарылтқан жанды сары уайымда молайттым.  
Қайтеміз, бауырым, адамда арман таусылман  
Қарттыққа қарай мәрттікке қарай әлдилей берсін жомарт күн.

\*\*\*

Құрдасқа наз...  
Кемі бар, өзілдің артығы бар,  
Қалағаның болса үйіменен келіп ал.  
Құрдастарың азайыпты-ау ауылда  
Арсын-күрсін мінезінмен сені ұғар.  
Кел үйіме, келем десең келе бер,  
Сөз айтқанда өзіне де сенеді ер.  
Екеу болып бәйбішені жөндерміз  
Ойдағыдай қарсы алмаса сені егер.  
Бийігіңді төмендетпе, еңселім  
Өзірге ғой қонағыңмын мен сенің  
Домалатып алайын ба доп қылып  
Қоя тұрып қауырт ісін кеңсенің  
Солай-солай, қорықтың ба, бастығым.  
Көрсін қауым – белдесуден қашты кім?

Өзінді іздеп келгендегі – «бас мұным»  
 Оралса деп ойлағанмын бір сәтке –  
 Жиырма жылға озып кеткен жастығым.  
 Қорықпай-ақ қой, аунапаймын, қорықпа,  
 Көрмегелі талай уақыт болыпты. Ө!  
 Көп жыл бойғы сағыныштың назы ғой  
 Уақытым жоқ кететұғын қонып та!

\*\*\*

Құлаққа ұрған танадай тылсым дүние  
 Жанына жырмен бірге нұр сінді ме,  
 Тынысымды ішке тартып білдірмей  
 Тымырсық, дым сездірмей тұрсың міне.

\*\*\*

Еркінмін енді, егемен елдің ұлымын  
 Ұлымын деген кеудемді кернеп ұлы ұғым  
 Төбеммен биік көк тіреп жүрген жандаймын  
 Бұғалық тастап, салмайды енді ешкім құрығын.

\*\*\*

Барады тойға біреулер ішем, жеймін деп  
 Біреулер сөйлеп, алай-да былай деймін деп  
 Екеуі де жоқ, мүжіліп-мұқап қайтасың  
 Ұйқыңды бұзып жатасың содан кей күнен.  
 Кісінетіп атын күлдір де-күлдір, күлдірмен  
 Акын көңіл-ай, қаршығасына ілдірген  
 Өмірін бәрі, көңілін-дағы алдамшы  
 Қой тұста кіммен ұшырасарыңды кім білген.  
 Сырласың – өлең, аралап елдің тау-тасын  
 Қуанышыңды да, өкпе – назынды да айтасың  
 Бой-берместей боп, той көрместей боп  
 Дәу болып барып, шәу болып кейін қайтасың.

\*\*\*

Өте берді күн артынан күн қуып  
 Тірлік қамы таусылмайды қым-құйт  
 Ағайын – жұрт түссе бірде есіне  
 Қалтарыста қалады екен бірде ұмыт.

\*\*\*

Тербетіп солай тағдырдың асау толқыны,  
 Кім білсін мына тірлікте қанша толқыдық  
 Ризамын бірақ, ризамын әр кез өмірге  
 Арнамды дәйім арманға қойса толтырып.

\*\*\*

Мүмкін емес – көну керек оған да  
 Өмір ағыс, алға асыққан тола арна.  
 Атасынан баласы асып тумаса  
 Тіршіліктің мағанасы болар ма.

\*\*\*

Құстай сермеп канатын қатар алға  
 Жылдар ұшып барады, қапалапба.  
 Мен де ұшамын уақытқа бірге лесіп  
 Таңдарыма асығып атар алда.

\*\*\*

Махабаттың жоқ ешбір жоқ түсінігі.  
 Қашан, қалай үйренген кісі мұны.

\*\*\*

Жабырқау жанды толтырып шерге, шеменге  
 Наз ғұмыр дәуреп өтеді сенеп, менеп де  
 Кеткендерімнің, көктемдерімнің белгісі  
 Уақыт танбасы жүрегімде де, денемде.

\*\*\*

Көз алдымда сусыған сағымдайсың  
 Кеудемдегі маздаған шамымдайсың  
 Бірақ, қалқам, амал не, мен сағынам  
 Мендей болып сен мені сағымбайсың.

\*\*\*

Өмір бойы алдану  
 Өмір бойы арбату –  
 Жанымды жеп барады  
 Он сегіздегі қалған У.

\*\*\*

Фәнидің дөңгелегі жүрдек дейді  
 Дүниеге кім келіп, кім кетпейді  
 Жаксы жаман... Ізі бар бәріңде  
 Келген соң бір-бірі де құр кетпейді.

\*\*\*

*Касым Аманжоловқа*

Алдыңды кес-кестеген мың жырынды  
 Ұзе алмай өттің тағдыр шынжырыңды  
 Кей-кейде көкірек ұрған



Мын жырына бермес ем бір жырынды.  
 Жарк еткен нажағайдай жасын ақын  
 Жауға шапса дүркіреп тасынатын  
 Қанаты қиялындай ертегінін  
 Шығандап жүреді ұшып ерке жырын.

\*\*\*

Кажымұрат,  
 Тірліктің қысы – мұрат, жазы мұрат.  
 Адам деген дейтін – тағы емес табиғаттан  
 Місе тұтар бір тойым азығын ап.  
 Бакты тәнірім береді кімге теліп  
 Ер жігіттің сонынан міндет еріп  
 Орыс қолды еліңді келдің дағы  
 Тастадың бір көтеріп  
 Бакытты берген тәнірім кімге теліп  
 Тек тектінің сонынан міндет еріп  
 Жүретіндей, ел де оны білетіндей  
 Тастадың елмізді бір көтеріп.  
 Қозғасын өз тарихын, қозғамасын.  
 Көңілдерге көп ойлар қоздағасын  
 Ағайында айтып кетіп жатады өз бағасын.

\*\*\*

Он жыл өтті – он көктем алмасты да  
 Соңғы қонырау деген қиын екен  
 Мән бермеген сияты ем алғашқыда.  
 Он жыл өтті – он қырдан асқандаймын  
 Он тылсымның құпиясын ашқандаймын  
 Мен сол он баспалдақты тұғыр етіп  
 Әлі де биіктеймін – аспандаймын.  
 Соңғы қонырау – саздылау естіледі  
 Біреу оның кәдірін кеш біледі.  
 Ал, менің көкірегімде сол бір үннен  
 Болашақ бакытымның есті лебі.  
 Есті лебі болашақ күндерімнің  
 Исі аңкыды рауан гүлдерімнің  
 Мен сол сәтте балауса балғын едім  
 Ескірмес елесімен бірге жүрдім.  
 Есімде әлі ең алғаш қарсы алғаны  
 Қоныр күзде күмбірлеп жар салғаны  
 Қоныр үнін қимайтын сияқтымын  
 Ер жетіп, азамат болып қалсам – дағы.  
 Соңғы қонырау – бір ғажап дүние екен  
 Қуаныш қой – сонда да қиын екен  
 Әлде бұл да уақыттың бізге тартқан

Балауса уакыты мен сыйы ма екен.  
 Иә уакыт жүрісінен танбас мына  
 Он жыл өтті – он көктем алмасты да.  
 Сонғы қонырау – серпін деп ұқтым енді –  
 Қобатжып тұрсам – дағы алғашқыда.  
 Тартым алға Уақыттың өзіменен  
 Арман аттын жалына жармастым да.

### *Ақ қайран*

«Ақ қайран  
 Қармағыма қап, қайран».  
 Өзенге кеп бәріміз  
 Күнде айтатын бұл әніміз.

Содан кейін тым-тырыс  
 Отырамыз тізіліп.  
 Жағалауда тып-тыныш  
 Кеткендей үзіліп.

Ақ қайран-ау, ақ қайнар  
 Шықпайды бір үніміз  
 Босқа өтеді күніміз  
 Құлағына жақпай ма ән.

Қалтқы суға батпайды.  
 Қармағыңды қаппайды.  
 Ең бомаса бір шабақ  
 Қызыл құртты татпайды.

Бұл не, бәрі балықтың  
 Ақылдасып алған ба.  
 Күнұзаққа жалықтым  
 Азап қой бұл жалғанда.

Енді қайтып келмей – ақ  
 Қойсам ба екен балыққа.  
 – Қармағымды бермей-ақ  
 Қойшы, - дедім Сатыққа.

\*\*\*

Менің әкем – мұғалім  
 Өз ісінің шебері.  
 Баталардың сұрағын  
 Түсіндіріп береді.

Шәкәрттері жүреді  
Мынау есеп қалай деп.  
Әкем бәрін біледі  
Сурады олар талай кеп.

Бір сыныпта қырық бата  
Бәрін бірдей көреді.  
Беделді әрі жұртқа да –  
Дайын әр кез көмегі.

Ордені бар – көп жылғы  
Еңбегінің белгісі  
Жатқа айтады көп жырды.  
Жоқ әкеме тең кісі.

Қадірлі адам елінде  
Өз ісінің шебері.  
Әкем сынды – менің де  
Ұстаз болғым келеді.

\*\*\*

Басатын жерде жоқ дейсін  
Шығатын жерде бас дейсін  
Жабатын жерде аш дейсін  
Не істеріңді өзін білмейсін  
Жүретін жерде тұр дейсін  
Тұратын жерде жүрдейсін  
Адамға битей маза жоқ  
Тыныш бір өмір сүрмейсін  
Кеш күнімді ере де  
Ерте күнімді кеш дейтін  
Еркеле, жаным, еркеле  
Еркелігіңді не істеймін.

\*\*\*

Кәрісі аз,  
Жасы көп Ақиқаттың  
Ортаймаса да ой әлі  
Емеспін соша сенімді  
Жамаумен жасқап қояды  
Тозығы жеткен жерімді.  
Алпысқа келдім, алай да  
Өзіме сонша сенімді емеспін  
Кәрісі аз,  
Жасы көп,  
Өтірігі жоқ.

Расы көп  
 Айтса оқырман айтқандай  
 Журналдардың басы деп.  
 Елмен бірге мұнайды.  
 Елмен бірге жылайды.  
 Туын биік елдіктің  
 Көптергені-ақ ұнайды.  
 Айтар болса «әліпті»  
 Өрі басшы.  
 Өрі ұйтқы.  
 Арашалап жаладан  
 Жазып жатыр тарихты.  
 Қакыратып күй – тасын.  
 Кара жердің құйқасын.  
 Алаяктар жүргенде  
 Жан салады сақтауға  
 Елдің экономикасын  
 Жанымды малып бір мұңға  
 Жылағым келіп тұрдым да  
 Көзімді жасқа бұладым  
 Құлардай құздан құрдымға.  
 Алдауға ғұмыр тым ұста.  
 Алдайды дос та, туыс та...  
 Күн де алдап шығып тұрғандай  
 Қарап ем бір сәт Шығысқа.  
 Қарамай алыс, әріге.  
 Алдайды бәрі, бәрі де.  
 Заман зауаты жұққандай  
 Жастарды қойып кәріге.  
 Алдымда ғұмыр бар қанша,  
 Қараймын көзім талғанша.  
 Мен де алдай тұрсам ба  
 Кезеннен өтіп алғанша!

\*\*\*

Кызык естідім  
 Құлағым мүкіс –  
 Бәлкім бұзып естідім  
 Бөрікін киіп шекеден  
 Жүретін тентек текеден  
 Алимент алам деп  
 Бермесе әлек салам деп  
 Дау көтеріп жатқанын  
 Бұзық ешкінің айтшы рас болса  
 Қарны бір ток, бір аш болса  
 Күні үшін текемен көңіл қосып

Аздап ұяты болыпты  
 Бүйрегі бұлтиып  
 Қарны қылтиған сияты болыпты  
 Дереу текеге  
 (жакын боп кеткен етене)  
 Мені аласың депті  
 Алмасаң маскара боп қаласың депті  
 Өтпесе анау айдай мүйізіннен  
 Ішімді жарасын депті.  
 Не, не?  
 Мен сені зорладым ба?  
 Болмаса еркіннен тыс қорладым ба?  
 Жанына барғаным  
 Сауабыңды алғаным –  
 Анау кәрі текеден қорғауым да.  
 Жаксылық қылсаң сорлыға  
 Рахмет деудің орына  
 Арыз айнап болады  
 Айтсаң айтып көрші  
 Көресің мұнан зорды да.  
 Білесің бе сонымда  
 Онымда, сонымда...  
 Сендейлердің нешеуі жүргенін  
 Өзірше-бесеу – білгенім.  
 Көп қатын алғанның  
 Жол жарқырап жатыр  
 Жаман болса не үшін  
 Табамыз деп келісім  
 Парламенттің өзі талқылап жатыр.

\*\*\*

Теңіздер тулағанда.  
 Толқындар шулағанда.  
 Астан-кестен сапырып тас қазанын.  
 Мойындамай тірліктің басқа заңын.  
 Дүниенің апшысын қуырады...

\*\*\*

Бір толқынды бір толқын атып қашып  
 Бара жатыр аулаққа, алысқа асып  
 Бір сезімнің бір сезім күй пернесін  
 Жатқандай-ақ адаспай, танып басып.

\*\*\*

Көлдерім бар ауылда құстары көп  
 Көрген сайын көңілдің құштарым үдесп

Замандас, бұрын сеннің барынды білмей келдім  
Өкпелеме мен жакка ұшпадым деп.

\*\*\*

Сан кияға сатады мына жалған  
Жаксын да, жаманың да, шығар алдан  
Артық болып кетердей іні-ағаңнан  
Шын дос табу-өмірде шын-ақ арман.

\*\*\*

*Роза Бердігалиеваға*

Туған күнің, Роза, туған күнің  
Қуанышың, мереке-думан күнің  
Шаттығыңның шарасын шалқытардай  
Желбірейді алқызыл тулар бүгін.  
Туған күнің көтемде май айдында  
Жыр-дестемді төгейін, аяйым ба?  
Ақ тілеумен алдына әкелейін  
Жібек-кілем жанымды жаяйын ба.  
Туған күнге есен-сау келдің бүгін  
Түгесілмес тіріліктің тердің гүлін  
Ризамын мен саған әйел емес  
Көтересін қайыспай ердің жүгін.  
Өзін – Ана, және де өзін ерсін  
Жаксылардың көп айтқан сөзі келсін.  
Ел іздеп таба алмайтын бакыт құсы  
Басына қонамын деп өзі келсін.  
Шаттығына әр дайым ортақ болып  
Достарыңның әменде көзі көрсін.

\*\*\*

Абай бол, балам, абай бол  
Алдыңда соқпақталай жол  
Бірде тұйықта, иір ал бірде  
Қинайды осы қалай деп ол  
Албырта аңғал, ол жас та  
Сардар боп катың қол баста  
Демейді дағы Анасы.  
Ақыл айтатын Олжасқа.

\*\*\*

Кең жайып жастайыңнан қанатыңды  
Өзіңді, өзін баптап жаратуды  
Ұққандайсың Алатау аймағына  
Орта жүздің рухын таратуды.

Күз кайтады жайлауда жаз отырып  
 Біреу іштен тынады мәз отырып  
 Әр адамның іштей есебі бар  
 Қонақ іштей сынайды аз отырып.

Ақын жүрек таниды жаза баспай  
 Асау жүрек биіктен қалама аспай  
 Мерттік-шортық кезімде табыстым-ау  
 Жүріп-тұрған кезімде араласпай.

Шыныңды айту кей-кейде жүдә қиын  
 Жігітке жар болмайды сірә бұйым  
 Жас кезінде құдай-ау кім болды екен  
 Талайды тамсандырған құлағың.

\*\*\*

Ертеменен бір жакка барайын деп  
 Жабықканның көңілін алайын деп  
 Оразамды ашпастаан жолға шығам  
 Мені күтіп жүргендей ағайын көп

Ағайын көп күтетін менен көмек  
 Қол ұшымды соларға берем бе деп  
 Асығамын шаруамды жиып қойып  
 Тілеуім бір болғанмен денем бөлек.

\*\*\*

Төскейге шықсам, төбеммен көкті тірердей  
 Бірегей тұлға, еңселі елдің бірімін.  
 Шүкіршілік, өстік, өндік, тоғайдық  
 Алып көрдік қызығардай мол айлық  
 Енді міне қарттық пенен жастықтың  
 Екі арасын бөліп тұрған жолайрық.

\*\*\*

Арнасынан төгіліп,  
 Жарға шығып –  
 Өмір-өзен барады алға асығып  
 Орнын толмай өленге сен жатырсын  
 Жаксы екен-ау жасамау барға асылық.

\*\*\*

Сен мен үшін қасиетті асыл арман  
 Ерке-назын сезімді оятардай  
 Қыз – көңілдің құмары басылар ма  
 Ақ төсінен аймалап тояталмай.

\*\*\*

*Жеңеше (әні бар)*

Шешек атқан көктемдегі гүл қандай  
 Құлпырғаны шұғыла шашар нұрданбай  
 Толған айдай толыұсаған, жеңеше  
 Сол гүлменен бәсекеге тұрғандай  
 Қайырмасы  
 Мейлі басқа елемесе, елемес  
 Сен ескерсен жетіп жатыр жеңеше  
 Мінезін бар бұлтсыз ашық аспандай  
 Өмірін жыры-жазылмаған дастандай  
 Мөлдіреген жанарына қараймын  
 Еркелеген бауырыңша жасқапбай.  
 Әніміз боп, сәніміз боп жүресін  
 Құрбы ішінде ерен сенің үлесін  
 Аңқылдаған қаныңның қадірін  
 Басқалардан артықрақ білесін.

\*\*\*

Дей алмайсын кем туып,артық туып  
 Менің әке екекенімді жалпы ұқтырып  
 Көкке жетіп төбемді тастағандай  
 Балаларым өзіме тартып туып.

\*\*\*

Қырықта деп кім айтар  
 Он сегізде көңілім  
 Кейде жанды мұнайтар  
 Тіршіліктің жол мың.

\*\*\*

Мықтылардың алдында бұқпай жүдеп  
 Шындықты шынлық деуге ықпай жүрек  
 Тайға таңба басқандай тауып айттын  
 Кәрі орыстан мұсылман шықпайды деп.

\*\*\*

Алтайдан ұшқан ақниғымның бірі деп  
 Көрінер биік, қатарда құрбыннан ірірек  
 Аман жүр, қалқам, елі – жұртыңның бағына  
 Кішіге – аға үлкенге кимас іні боп.

\*\*\*

Ой аллам-ай неткен жан ем төзімді  
 Кей-кейде танымастай өзімді



Күй кешемін, құтым кашып замата  
Ұмытамын аузымдағы сөзімді.

\*\*\*

*Еркем (әні бар)*

Өн болып жүрегіне ұялаған  
Басқа сүйіктісін қия ма адам  
Шалкытып шабытымды сен тұрасың  
Сәттерде көкірегімді күй ораған  
Қайырмасы  
Өмірімді алаулаған, алаулаған таң нұры  
Тұрсың еркем, тұрсың еркем, көз алдымда паң күліп  
Бір қалпыннан айнымасаң болғаны  
Махаббатың (айғағындай) 2 мәңгілік  
Шарқ ұрып дүниін кезгеніммен  
Өзіңдей сүйе алмас ем өзгені мен  
Маздаған махмбаттың отын көрдім  
Тек сенің нұрға толы көздеріннен  
Қайырмасы  
Аймалай саматымен өпкен келіп,  
Жанымды шалқытшы бір көктем болып  
Тілерім махмбаттың мәңгілін  
Аз бақыт керек емес өткен қонып.

\*\*\*

Қамыққан көңіл күйі бұл,  
Ездіктің жасы демегін  
Ерлігін естіп, сүйініп  
Жыр қурап жолай келемін.

\*\*\*

Өмірім толы қуаныш  
Жанымда дәйім жақсы арман.  
Қияға шырқап ту алыс  
Асамын келер асқардан.

\*\*\*

Көп бөлмелі дағарадай кең үйде  
Ішім пысып, көңілім пәс менің де  
Аяғына киген киім тар болса  
Бере алады ұлан – байтақ жерің не.

\*\*\*

Сондай кезде кезіктің, кезіктің-ау  
Бәрін, қатқам, ұқтым мен, тез ұқтым –

Екі жүрек бір-бірін аңсап кеткен  
Енді екі бөлінбесін біліп тұр-ау.

\*\*\*

Бакыт – байлықпен өлшенбейді  
Шын ғашықтар.  
Сен үшін өлсем дейді.

\*\*\*

Ей Клара-ай, Клара-ай  
Ботакөзді құралай  
Сені көріп жүрегім  
Лүпілдемей тұра ма-ай  
Ботакөзді Құралай  
Сен қол жетпес шын-арай  
Жерде жүріп өзіңе  
Құмар болдым –  
Бұ қалай  
Құмар болдым –  
Бұ қалай  
Бізге көңіл бұра ма-ай  
Жүрегімді баураған  
Шынға біткен шынар- ай.

\*\*\*

Аракпен, шараппен жиын болар  
Екеуі қатар жерде құйын болар  
Екі бірдей ғұлама басқарған той  
Жалғастыру жағы қиын болар

Биік ұшып, кей-кейде төмендеген  
Сатыстырып сонда да көп елменен  
Сөз білетін әлеумент көріп жүрді  
Топ ішінен толағай өренді ерсең.

\*\*\*

Аман-есен аңсап күткен келді май  
Дүие тегіс орынында екен, сендім-ай  
Соның бәрін ұстап тұрған орнында  
Ең жебеушім, сен періштем. Сен құдай.

Май келді, қуаанамыз жылда бір  
Екі жүрек қағатындай кіл дабыл.  
Екі жерде қағыспай тос көтеріп  
Тағдыр болар тағдыр болар бұл да бір!

\*\*\*

Бас та – жұмыр.  
 Жүрек – жұмыр.  
 Жер – жұмыр.  
 Жұмыр жерге көлеңкесіз бер ғұмыр.  
 Жұмыр жердің шеккен азап – тозағы.  
 Көз алдыма көлбес қағып келді бір.

\*\*\*

Жана жыл – алаулаған ақ танымдай  
 Гүл ашып қарсы алатын бақтар ұдай.  
 Көңілдер қайтып қана шалқымасын  
 Шабыты шамырқанған шақта бұлай.

\*\*\*

Біреу саған әрі-сәрі  
 Көрінеді. тағатыңды тауысады.  
 Досың менен қайсысы көп қасыңның  
 Сол жағына ойланбастан ауысады.

\*\*\*

Бүгін менің кеудемде алай-дүлей –  
 Көкірегіме бір күдік жамай ма үрей  
 Бұрын – сонда білмеген, естімеген  
 Келе қалды төтеннен қалай бұт ой.

\*\*\*

Көктемде маужыраған таң нұрындай  
 Көкшенің ән тербеген мәлдіріндей  
 Бір сезім көкірегіме толды гүлдей  
 Қанша адам хош айтысты өмірменен  
 Тірлігінде танылып, көзге ілінбей...

\*\*\*

Кімге керек өлгенің, тірілгенің  
 Бұғынып көкірегімнің тұбінде мұң  
 Жегідей жейді жанды  
 Құлқым жоқ ештеңеге бүгін менің.

\*\*\*

Сөйлеу үшін қазақша  
 Әріптен сөз құраймыз  
 Білмегенді ұстаздан  
 Еркін енді сұраймыз.

\*\*\*

Күн артынан зымырап ағады күн.  
 Бәр-бәріне зер сала кара бүгін  
 Үйің жаңа, нақ сондай жаңа жылың  
 Тағы, тағы көбейсін жаналығың.

Бәрі осындай жаңадан басталатын.  
 Себеп керек бізге де мас болатын.  
 Жаңа жылда, жаңа үйде біз өзіне  
 Бір мықтыны тілейміз басқаратын.

\*\*\*

Адамда арман деген таусылған ба  
 Шырқап қал, шырқа биік даусың барда  
 Асырып, асқақтатып алты қырдан  
 Асырып жото-жота, тау-шыңнан да.

\*\*\*

Көзге шұқып айтпасыншы әлдекім  
 Шыға алмаған көп биігім бар менің  
 Бірақ соған көтерілу үшін мен  
 Іздегем жок өзгелердің жәрдемін.

\*\*\*

Шығыстан көрінгенде таң шапағы  
 Жыршы құс оятады малшы атаны  
 Дала – ару жатады әркез кербезсініп  
 Үстінде жасыл барқыт бар шапаны.

\*\*\*

*Ырысы құрстас бірге оқыған апай*

Ырысты апа –  
 Ырысты жыр ұшты  
 Бір басында қаншама  
 Көп адамдай бітіре алмай істі  
 Дүбірленкен аркалы  
 Ақындығың бар тағы  
 Батыр Ана, Ақын Апа, аямай тазалық  
 Бір басына бәрін беріп табиғат  
 Қойғандай-ау жазалап  
 Бар әйелдей әйелсіз әй ерсіз.

\*\*\*

*Кәкімбек Сатыковтың 60 жылдық  
 кеңіте басқарып қатысқшыларға сөз беруі.*

*Қайрат Байбосыновқа*

Тебіреніп қарт көкірек, жас үміт  
Тағат тапай күтіп отыр асығып.  
Қайрат жаным, шырқашы бір, шырқашы  
Әуезіңді алты қырдан асырып.

*Мақпал Жүнісова*

Мақпал қыз, Мақпал ару, мақпал әуен  
Мақпал жыр, мақпал сезім, мақпал әлем...  
Қайда барсам әнімен әлдилеген  
Елімде Мақпал бар деп мақтанар ем.

*Бекболат Тілеуханов*

Сарыарканын сазды әуенін, сазды әуенін терметіп  
Борандарын, дауылдатып, жауындарын желдетіп.  
Ұлы өнердің жас перісі Бекболатжан шығады  
Аскактатып, аспандатып, ұлан-асыр селдетіп.  
Атақ – данқы жоқтарды  
Кейде бұл жұрт елемес  
Бірақ біздің Бекболат  
Атағы көп бұлбұлдың  
Бөінен де кем емес.

*Нұрғиса Тілендиев*

Таскындатып күй мен жыр ағынын,  
Бөле-жарып көрмеген сірә бірін.  
Бесігін ән тербеген біздің елде  
Отырар, Нұрғисамен бір-ақ ұғым

Бұл жерде аласа жоқ, кілен биік.  
Кілен биік асылын жүрер жнып.  
Аккумен домранын күйін қосқан  
Әулиедей Нұрғиса Тілендиев.

*Ермек Әбілдаев*

Мансабы – директор,  
Аңсары-ән

Қызығам. Ермек, мен саған  
Шалқытып жібер кең залды  
Басылсын құштар ансаған  
Күтумен отыр қанша адам.  
Бәрі де өзін сияқты  
Әсем әнменен дем алып  
Директорлықпен шаршаған.

*Ескендір Хасанғалиев*

Әуенін іштей тыңдайтын елдің бәрі ұйып.  
Белгілі сазгер, айтулы әнші ақиық.  
Тек Кәкенес емес, ондаған ұлттың сөзіне  
Әуен табатын Ескендір Хасанғалив.  
*Қапаш Құлышова*

Ақ сәуле шашатындай шалқып нұрдан  
Өнерде қатарынан артық туған,  
Көкшеде – сексен көлдің аясында  
Аруақты бабаларға тартып туған.  
Қапашжан, айналайын қарындасым,  
Жаның бір маздап, лаулап, жалындасын,  
Шырқашы, акку үнін тербетіліп,  
Қалықтап көкке біраз дамылдасын,  
Дамылдысын, көкейімде әнің қалсын.

*Мұратқа*

Сусындап мөлдір бұлақтан  
Сұлуды жаны ұнатқан  
Жүрегін жырға теліген.  
Сара мен Ілияс елінен  
Арнайы келген Мұратқан

*Тұманбай Молдағалиев*

Жырымен астастырған жан мұратын  
Сырымен құмарынды қандыратын.  
Ортаға шақырайық Тұманбайды  
Әйгілі қалың казак елі менен  
Ісі түркі жұртынын лауреатын.

*Жұмағаным Рахимова*

Әншіні бұлбұт құсқа тенеменген  
 Акын жоқ, сол теңеуге сене берем  
 Дегенмен көп бұлбұтдың біреуі де  
 Әнші болып көрген жоқ сенген ерен  
 Әлі де ашылмаған тума жанның  
 Ашылсын келші ортаға Жұмағаным

\*\*\*

Бізді тәңірім тар жерде жолықтырды  
 Аңдушы көз айналма толып тұрды.  
 Қатар жаттық төсекте, қатар тұрдық  
 Бар болғаны бір кірпіш бөліп тұрды.

\*\*\*

Құдағи боп, құда боп араласқан  
 Естен танған секілді бейне бала ғашық  
 Жүрер ме елін бір күнде хош деместен  
 Қалдырып кете бердін қалаға асып.

Күйбежектеп жайым жоқ кипактарлық  
 Жырдан басқа ұсынар сый тападық  
 Көркіңізге көргенде тойып жүріп  
 Ойда жоқта орныңды сипап қалдық.

\*\*\*

Табар ма деп көңілімнің шіркін елесін  
 Қарға аунаған түлкідей мың түледін  
 Көз алдымда көлбеңдеп жүрс берші  
 Өзін болып тәңірден бір тілерім.

\*\*\*

Ел тегіс адасты деп адаса алман  
 Жарысты деп жарыса алман  
 Таласты деп таласа алман  
 Бір шыққан бәйігінен атасармай.

\*\*\*

Шыр етіп алғаш дүниеге келген жерім-ай  
 Қайда жүсем де сағынып жүрем сені ұдай.

\*\*\*

Алла – жебеуші, дін болып алтын тірегін.  
 Көгіне биік көтеріп аскақ нұр – елін  
 Кітапка зәру бола қоймассың, білемін

Соға бергей тек Елім деп  
Едіге жүрегін  
Пайғанбар жасынан асқандағы ағатық тілегім.

\*\*\*

60 деген ер жасы  
Еркелетер еліңіз  
Бар тілектің ең басы  
Екі елуте келіңіз  
Ереке 60 деген асқардасын  
Бұл да бір 6 қырдан асқанға сын  
Мерейің бүгіннен де биіктесін  
Абройын Алатаудай аспандасын.

\*\*\*

Ұлы деп те айтпаймын ұры деп те  
Бірі жақса ісіннің бірі көпке  
Жақпай жатса, айтардай амалың не  
Келген, кеткен патшаның кімі көпке  
Армансыз естіп өткен күніге өкпе  
Ізденістен шығар соның бәрі  
Таппай жүрген шығарсын жолыңды әлі.

\*\*\*

Ежелгі қазақ даласын –  
Еділ мен Жайық арасын  
Құтқарып құлдық шебінен  
Қуантқан қартын, баласын.

\*\*\*

Өмір деген ұтыс пен ұтылыстан тұрады  
Олардың да болмайды қатып қалған тұрағы.

\*\*\*

Айналайын қасиетті туған далам.  
Кіндік кесіп, кірімді жуған далам.  
Менің өмірбаяным бір өзіңде.  
Сенің атқан әр таңын думан маған.

\*\*\*

Тірі болып, тіріге қосылмайсың,  
Өлі болып, өліге қосылмайсың.

\*\*\*

Білмеймін, түгел айтып бере алам ба  
Көп ойлар түсіреді мені алаңға.



Бүгінін жалғасады ертеңменен  
Бұл арман таусылмайды-ау тегі адамда.

\*\*\*

Өтіп жатыр белгісіз арада күн.  
Мен көбіне мән беріп қарамадым.  
Болған сон ба ағам жоқ.  
Аға деп ем өзіңді.  
Өзіңе айтам.  
Амал жоқ.  
Ағаға айтар сөзімді.

\*\*\*

О, ағайын, айналана кара сен.  
Мен ұға алсам.  
Мына дүние бәрі әсем.  
Жүректерді жаулап алған құдырет  
Жүрседағы көп нәрседен кенде боп  
Тіршілікті қиятұғын пенде жоқ.

\*\*\*

Сары белде самалға кеуде керіп  
Сәттерім көп қиялға берген ерік.  
Жүйткігенде жүйрікпен жер табаны  
Көз алдыңда кетеді дөңгеленіп.

\*\*\*

Бұлттар.  
Бұлттар.  
Бір-бірімен жалғасқан  
Кейде тіпті сол бұлттармен әрі асып  
Жер – Анаға құйылады нұр болып.  
Көшелерді тазартады шан басқан.

\*\*\*

Достар, кәне, сол өлкеге келіңдер  
Құдыретті адамдарды көріңдер.  
Елмен бірге өнерлерінді төгіндер  
Іздеріннен гүл сендерде теріндер.

\*\*\*

Келсін құрбы – достармен  
Көп ісімді мен жүргізіп келем жоспармен.  
Өленге ғана қонбай-ақ қойды-ау сол ақыл  
Жанашыр жандар  
Қаншама ақыл қосқанмен.

\*\*\*

Түсінерсің сен бәлкім –  
 Түсінбессің, қайдам-ай?!  
 Өзіне арнап мен әр күн  
 Жыр жарармын, айнам-ай.

\*\*\*

Ең ауыр дерт – сөз дерті  
 Тебіренкен акынды.  
 Алсам ба екен өзгертіп  
 Ботагоз деп атыңды.

\*\*\*

Туған ел – жұмақ, жер ұйық,  
 Шарладым талай қырларын.  
 Кәрісі, жасы сені ұғып,  
 Айтады жыр ғып сырларын.

\*\*\*

*Тойға арнау*

Жаксы күнін, жаксылығын көрсін деп.  
 Жүрген жері той-думанға толсын деп.  
 Атан-анан зор құрметпен қойған атыңды  
 Ең бастысы ақылға бай болсын деп.  
 Сол тілегі ата-ананың ақталып.  
 Жігіт болдың ақыл қонып, бақ дарып.  
 Қайын елге сүйікті бол тағыда  
 Жаксы күйеу деген ізгі атты атып.  
 Келін бата, келген жерін – жаксы жер.  
 Қылығыңнан өн бойына бақ сінер.  
 Келін болса дәл осындай болсын деп  
 Басқаларға үлгі қылып айтсын ел.  
 Бакыт! Байлық!  
 Барлығы да болады –  
 Қолмен жасап атасыңдар оны әлі.  
 Өзін келген шаңарақтың атағын  
 Кір шалдырмай ұстай білсең жоғары.  
 Мал таппайтын жігіт болмас дегенді  
 Шығарма тек кеперіңнен сен енді.  
 Шаңарақтың қасиеті піріндей  
 Қайын атаңды өз атаңдай, көр енді.  
 Келер талай қиын, қызық күн әлі –  
 Солмасын тек жас отаудың шынары!  
 Үлкендерге көрсеткен бар құрметін  
 Күні ертең-ақ өз алдыңнан шығады.

Ақбатадай үлкендердің сөзі әман.  
 Тойда әркім-ақ шалқып – толқып созады ән.  
 Тойларына жырдан шашу әкелген  
 Есләм-дағы, калқам, өз атан.  
 Айтқанымды есіне ұста, қарағым.  
 Бүгінгі күн – қайталанбас дара күн!  
 Сол үшін де үлкен – кіші шаттықтың  
 Қояды алып мөлдіреген шарабын.  
 Өтер жылдар, өтер айлар, көп күндер  
 Өсер жігіт маздап жанған шокпын дер  
 Екі әкеңдей сүру үшін өмірлі  
 Мұқалмайтын өзін де алмастай, өткір бол.

\*\*\*

Дата, көктем, тербеліп ән барады.  
 Ырғатып терек, қайың, талдар әлі  
 Той дүрмегін әлдилеп тұрғандай-ақ  
 Тамашаға қол соғып таңданады.

\*\*\*

Түсінбедім, шынымен айныдың ба?  
 Матап бердің жанымды қайғы – мұңға  
 Дара қалған аққудай шарқ ұрамын  
 Махаббат айдынында.

\*\*\*

Ақ қараны ажыратып қарардай  
 Ақыл – есің болмаса жәй ұғардай  
 Кеткен жансын, тамұққа кеткен жансын  
 Бар күннен тазарып – айыға алмай.

\*\*\*

Есеп – дәме әрнеден дәмелендіріп  
 Қояды алдап, ырқына арбап көндіріп  
 Жатпайда тұрмай байып қаласың  
 Өзіңді өзін сенбеске-дағы сендіріп

\*\*\*

Алтын қоңырау сынғыры – күлкін қандай  
 Көңіліме шуақты жыр тұнғандай  
 Ыныранған даусыңнан айнатайын  
 Жатырсысың төсекте ұйқын қанбай.

\*\*\*

Сен білмейсің, білмейсің, балапаным  
 Қуанышын, қайғысын әлі атаңның.

Оны білсе біледі тек біздейлер  
Іздеп өскен аялы алақанын.

\*\*\*

Көрген көңіл алаудай жанатын-ды  
Сұлулығын көзді арбап дара тұрды  
Көктем сайын асығып қайтқан құстар  
Қанаттарын жиірек қағатын-ды

\*\*\*

Көңілі шуақ жайлауға көшіп қонғалы  
Ұмыт боп кетті аздаған бейнет жолдағы.  
«Түлкілі» бныл айрықша түлеп тұрғандай  
Көзге ыстық әрбір таудың жондары.

\*\*\*

1 – май мейрам ба, жәй күн бе әлде  
Ауыз шіркін бармайды жәй күн дерге  
Көңіл шіркін кетеді көтеріліп  
Төбемнен күн жадырап ай күлгенде.

\*\*\*

Қасиет бар бұл жерде  
Қасырет те аз емес  
Сырын шынын білгенге  
Өмір майдай жаз емес.

\*\*\*

Тәй басқаннан талпынып жетектеген  
Сүйемесем сүрініп кетед деген  
Ата-ананың парызын өтедік пе  
Өмір бойы айтқанды екі етпеген.

\*\*\*

Арақ деген пәленің кеселінен  
Құтылып, жақсы болдым кешегіден  
Сонын бәрі елімнің елдігінен  
Және ғажап моншаның есебінен  
Мектептегі суықтан қызып кеттік  
Содан барып бері сызып кеттік.  
Мариямның қуанып силығына  
Мебелін бұрк дегізіп бұзып кеттік  
Отырды ұл айдай ма, қыз айдай ма  
Еркінде мың айдай ма, жүз айдай ма  
Мариямның кешегі медаліне  
Ортақ қой деп ойлаймын Қызайбай да.

\*\*\*

Қанбазардың ішінде –  
 Дей көрме ондағы ісін не  
 Өнім түгіл түсімде  
 Көрмек түгіл естімеген  
 Көзбен түйреп,  
 Сөзбенен кескілескен  
 Не бір сабаз жортып жүр.  
 Сорайған ұзын тұра  
 Зорайған қортық жүр  
 Біреуі сатам дейді  
 Біреуі алам дейді.

\*\*\*

Кинайсын, кинайсын, сен, неге мені  
 Көнілдің көлбесі қакқан желегі еді  
 Жанарым жан нұрындай жауаңдаған  
 Қолымнан одан басқа не келеді.

\*\*\*

Кіріп шығып жүргенім  
 Өлі де сол бір есік  
 Сол есіктен бүгінде  
 Суық ызғар тұр есіп.  
 Бұрынғыдай әл де жоқ  
 Жататұғын тіресіп,  
 Бұрынғыдай дәрмен жоқ  
 Женем дейтін күресіп.

\*\*\*

Айдай жүзінді көрдім де. Шәке, айнадан  
 Ашық боп қалдым, ғашық боп қалдым қайырадан  
 Жақыннан көріп елігіп, елтіп тұратын  
 Болмаған екем қайнын, яки қайнаған.

\*\*\*

Біреулерге біреулер жақпайтұғын.  
 Жамандық та ойлаған таппай тыным.  
 Дегенменен бір өскен ұяласын  
 Ит екеш иттің өзі қаппай тұғын.

\*\*\*

Үнсіз де мұңсыз  
 Таскерен мынау тірлікте  
 Тіл қатпай жүру азап – қой  
 Бауырым күндікке

Үн мене тілдің қадірін сұра меңіреуден  
Ал осы біздер қадірін жете білдік пе.

\*\*\*

Еңбек акын қай күні  
Бермек акын қай күні –  
Ақша деген бүгінде  
Байлықтың бар байлығы  
Кімге қанша береді  
Тәртіптейтін Одақтың  
Аман болсын Айгүлі.

\*\*\*

Ізетті іні,  
Силы аға  
Келетұғын кинама  
Кететұғын кинала  
Разы боп алдынан  
Кететұғын Ибада  
Ақшан барда аяма  
Бізді босқа кинама  
Аман-сау жүр, Ибада  
Бір қарасан жас бала.  
Біздей кәрі, жасқа да.  
Жылытпайды нұр жүзін  
Профкомнан басқаға.  
Бәрімізге қарап жүр  
Бұл мінезді таста да.

\*\*\*

«Әзір асқа тік қасық» - Сынаушылар  
Ақылы асып «сынауға» сірә құштар  
Теніздің тереңінде, тұнығында  
Олар білмес жатады жылы ағыстар.

Бетіндегі көбігін қалқып, теріп  
Ақыл айтқан болады шалқып келіп.  
Лауазымы барларды марапаттап  
Лауазымы жоқтарды тарпып, теуіп...

Снағыштар...

Сын – шын болса, кім алысар  
Сынға да сұраныс бар.  
Өкініші – кейбір сын сол ауылға  
Бір жакындап, бір алыстар.

\*\*\*

Генералдар киетін қалпағы бар  
 Мен білсем ептеп тағы қалталы нар  
 Жігіттігі қаншалық, айта алмаймын  
 Бір бары азынаулақ қартақұмар  
 Сәуегейдей еренін көріп келіп  
 Күлкісі алқаты елге көрік беріп  
 Олжасын қасына ерген інілерге  
 Отырады түгелдей бөліп беріп.  
 Жауына кетпес қара таңба болып  
 Ерлігі өрлігіне һам жарасып  
 Оралған сол ағамыз бейбіт күнде  
 Қазмет алған емес Замнан асып.

\*\*\*

Білмесең де, білсең де  
 Түсіне алсан, ынтызарым бір сенде  
 Айлап – жылдап көрмегендей сағынам  
 Күнде көріп жүрсем де...

\*\*\*

Әлі есімде бала кезін батаусадай балқұрак  
 Таңғы шықтай қара көзін тұрушы жаудіреп  
 Көктем желі әлдилеген құстар әнге салушы еді  
 Мен де сол кез ән – күйменен аялаушы ем жаным сені.

\*\*\*

Не дейсін, тағы алдына  
 Кешіріп бүгін келгенге  
 Мерейін өсіп қалды ма  
 Паңсына қалдың сен демде.

Кеудеңді кере дем алдың  
 Кешегі күнді ұмытып  
 Қулықтың бермей ен алдың  
 Жүріп тұр қолың, кіл ұтып.

\*\*\*

Нәзіктікті гүлге теңеп келеміз  
 Нәзіктікті үнге теңеп келеміз  
 Нәзіктікті сырға теңеп келеміз  
 Нәзіктікті жырға теңеп келеміз.

\*\*\*

Байтақ елдің бір шетінде сен тұрып  
 Байтақ елдің бір жерінде мен тұрып

Бірімізге біріміз бақ тілейік  
Тілімізді кәмилаға келтіріп.

\*\*\*

Сөйлейтіндер бар даурығып, дау кылып  
Қарақан басқа кара қан жаңбыр жаудырып  
Бас-басына «би болған» кілең білгіштер  
Шетінен тұйғын, шетінен қыран «ілгіштер»

\*\*\*

Адасып келген бе екенбіз  
Өмірге мынау зәуде біз  
Далада туған басымыз  
Қалаға кашып әуреміз.  
Адасып келген бе екенбіз.  
Өмірге мынау зәуде біз.

\*\*\*

*70-ке келген ағаға*

Жігіт едің бір кезде сылаңдаған  
Уақыттың жүйріктігін кім аңдаған  
70-ке келіп қапсын желіп жүріп  
Қайтесін, көнеді бұған да адам.  
70-ке келіп қапсын желіп жүріп,  
Құдайдай өз-өзіне сеніп жүріп  
Кешегі кезің қайда бұлақтаған  
Атанып көп көзіңс сері жігіт.  
Ойлашы, бәрі алды, бәрі қалды.  
Амалсыз уақытка адам табынар-ды.  
Жетпіске келген кезде оймен шолып  
Достарын бата күнгі сағынар-ды.

\*\*\*

Тіршіліктен ала да, құла да өткен  
Қырын келді-ау мына жаз, мына көктем  
Жыла сен, махаббаты қорлағандар  
Өмір бойы өмірден жылап өткен.

\*\*\*

*Қайырлы Шопанаев*

Айналайын Қайырлы,  
Біреу біледі, біреу білмейді жайынды  
Бір ауыз айтқан ағалық назымды атқарып  
Аспанға биік шығарғандай болдың айымды



\*\*\*

Қай жылы тудың қаншаға келдім, кім білген  
 Сенімді бейне, жана да піскен бүлдірген  
 Заурешті туған құдағи осы дегенге  
 Сенсем бе деп те, сенбесем бе деп те тұрам мен  
 Таста ойнаған еліктің ерке лағыпдай  
 Жайдары жүзін жарқ-жұрқ ететін лағылдай  
 Ойлаймын Тәкен ең алғаш сені көргенде  
 Тапқырлықпен таңдаған-ау деп жанылмай...

\*\*\*

*Шведцарига барғанда Гүлнәрға жазғаны*

Алтыным, Жауһар, күміссін  
 Әкеннің лала гүлісін  
 Шалкытып жүрген, құлыным  
 Кемпірменен шалдың ырысын  
 Көктегі жарық Күнісін! Бакытты бол!

\*\*\*

Қашан да қадірін мол ағайынға  
 Өмірдің шалкып жүер бат айында.  
 Тұмау деген неменне, серпілші өзін  
 Жырымен емдеп, тұрғызып алайын да.

\*\*\*

Әлдекалай көңілді желік буып  
 Ен далада жүргендей елік қуып  
 Сары белде самғаймын құстай ұшып  
 Семсер-өткір сезімді серік кылып.

\*\*\*

Ағайндарменде, менде бәрі бар  
 Байлық, бақыт бір басымнан табылар  
 Өз дәулетім өміріме жетеді.  
 Ал, қажет пе, берем соның бәрін ал.

\*\*\*

Іні менен іріні тоғыстырып  
 Өлі менен тіріні соғыстырып  
 Жұрт көзіне жүгермек көрінеді  
 Жүргендей жан білмейтін оң іс кылып

\*\*\*

Жоғыңды айтып барасын кімге сурай  
 Кей пенде көріскенмен бірде сынай

Қалпынан әр заматта өзгереді  
Жан күйінді өзгелер білмес удай.

\*\*\*

Атын орысша, ал өзін бірақ кожасын  
Әркім-ақ тауып жеп жүр ғой өз асын  
Бүгінше мұнда медбике болып жүрсең де  
Күні ертең дәрігер, талайдан басып озасын  
Қыл үстіндегідей адамның кейде өмірі  
Төмендеп кетпес қайғы кеміріп көңілі  
Сол кезде зырлап, ұйқы-күлкіні ұмытып  
Жәрдем береді реанимация бөлімі.  
Ақ желең киген медбикелер мен дәрігер  
Жатады қонып, болады кейде әбігер  
Сырт көзге байқала қоймас көбісі  
Ауырған болмаса, біле бермейді бәрін ел.  
Өздерін тәңірімдей нақ сеніп  
Алдарына кәрі келіп, жас келіп  
Үміт, үрей алмакезек қарайды  
Елден ерен кетпесін деп босқа өліп.

\*\*\*

Жұмақ та көрдің, тамық та көрдің тіріңде  
Даланың, таудың шөңгесін тердің, гүлінде  
Өзіннен асып өктемдік құрсам дегенің  
Төбене шығарып тайраңдатпадың бірін де.

\*\*\*

Жалпағынан басатын жалғанда бұт  
Барады өтіп басымнан арман-ғұмыр  
Өмір деген қомағай көңілімнен  
Місе тұтпай жүреміз алғанды бір.

\*\*\*

Ақылға жарытпаған пенде құдай  
Дүрдініп көрінем деп елге былай  
Әлемге Абай, кезінде елде Ыбырай  
Өзіме-өзім мардымсып келгенім-ай  
Мағжанды да, Сәкенді итжекенге  
Ит қып айдап жіберген пенделік-ай.

\*\*\*

Көкдөнен көңіл шарық ұрып жыр-кияға  
Тербейді жанды әуезді әнмен күйғана  
Бал күндердің бақыттын іздейді еленсіз  
Қарлығаштарым қонып жататын ұяға.

\*\*\*

Өн бойы кемпірімнің толған өнер  
Адамды зорға барып, зорға келер  
Гаражға ертіп жүріп, тастап кетті  
Құлап қалсам кайтесі жолда егер.

\*\*\*

Жадымда жылдар жанғырып  
Келем таңды таңға ұрып  
Кей-кейде басың қаңғырып  
Шаң қылып – даң қылып.  
Шалдығын алды үміт-ал біліп.  
Паң күліп – арды ұғып.

\*\*\*

Дәрігердің түк емес «кой» дегені  
Дарияда кім токтатар ой-кемені  
Бас ауырып, тұрсада баттыр сыздап  
Жұмыр басқа тынымсыз ой келелі.

\*\*\*

Өзін-ак, әмбе жанын-ак.  
Күлесің жаздай жадырап.  
Жат болар саған реніш.  
Жат болар күйіп-налымақ  
Менде жоқ, жаным, ой бөтен  
Айналаң – думан той ма екен.

Ата-анан қалай атыңды  
Айжан деп тауып қойды екен.  
Көктемдей көңілің гүл атып.  
Сезімді жарға құлапып  
Жіберер ме екен, айыпқа  
Өзінді бірақ көргеннен  
Ғашық боп қалдым ұнатып.

\*\*\*

Құтыла алмай келеміз  
Қырғый қабақ соғыстан  
Дарияларда кемеміз  
Бір еңдікте тоғысқан.

Таласамыз тар інге  
Төзбесіңіз, із төзіңіз  
Сұмдықтардың бәрін де  
Ойлап – табар өзіміз.

\*\*\*

Көктемде Ұшып жеткем жыл құсы боп  
 Ауылына келдім. аға, тұңғыш рет  
 Самала көк пен жердің жұлдыздары  
 Жанымды алды баурап түнгі сурет.

\*\*\*

Қазы келді, ауылдан карта келді  
 Сағынышын апамның ала келді.  
 Балам барып достарын шақырып жүр  
 Әкелгендей көшіріп жарты әлемді.  
 Шұшық та бар, жал да бар, жая да бар –  
 Дертке шипа, жанына сая болар  
 Шақыра ғой, құтыным, достарыңды  
 Ертен бүкіл аулаға жаяды олар.  
 Шақырғаның қалдырмай тәур бәрін  
 Жесін келіп достарың, бауырларым.  
 Өскенде де әжеңді еске алады  
 Жіберген деп әдейі ауыл дәмін.

\*\*\*

Тағы да бір сапар алдыңда  
 Тез барып, тездеп қайтқайсың  
 Көрмеген бұрын ел-жұртқа  
 Бізден де сәлем айтқайсың.

\*\*\*

Тұлған көз тартардай, срен екен  
 Болардай жан екенсің өнерге азық  
 Ғайыптан кездестірген Қарындасым  
 Қасыңда жүрер ме едім өлең жазып.

\*\*\*

Өз ғұмырың ұзын ба, келте ме әлде  
 Өміріме жалғасар ертегі-ән бе  
 Көңіл күйім домбраның шанағындай  
 Ұрпағыма жалғасып шерте ме әліде.

\*\*\*

*Сафуан Шаймерденовке*

Қаршадайдан оза шауып қатардан  
 Ұлылардан ұлағат пен бата алған.  
 Бойы да ұзын, ойы да ұзын болған соң  
 Солтүстіктің қарағайы сорайған  
 Сал Сафуан атанған

Тәкаппарлау мінезі бар Алшағар  
Тілін тауып жұтасын да канша бір  
Өз дегені болмаса шын ілікпес, сәл сабыр.

\*\*\*

Өмір дәйім өз қалпында тұрмайды  
Алмасады бір қуаныш, бір қайғы  
Біа отырыс мерейінді өсіріп,  
Бір өкініш жан жараңды тырнайды.

\*\*\*

Еншіміз бірдей мәңгі бөлінбеген  
Бөлек жүрген кезін жоқ сенің менен  
Алматыда жатсам да жалғастырып  
Тұрасын дамыл-дамыл елімменен.

\*\*\*

Жүрегім жыр тілейлі –  
Жыр тілейді, ақшуақ нұр тілейді.  
Сезім шіркін сапырып толқындарын  
Теңіздей доңбықшып күркіреді.  
Жатады жарға соғып,  
Басылмайды, арман жайлы  
Ар жайлы, ғашық жайлы...

\*\*\*

Баланың қай күліп, қай жылығаны  
Ескірмей есте мәгі тұра алады  
Ел айтар ер жеткенде жігіт болса  
Басканы тілемейсің бұдан әрі.  
Сәбилік қылығы да, мінезі де  
Жарасқан, жарасқан тек өзіне.

\*\*\*

Ел жазады кітапты, мен де жазам  
Мен жазсам, көрінбей ме елге мазан  
Менің айтқан әндерім жәй әншейін  
Оның айтқан әні де ең ғажап ән.  
Ән-ән емес, ол менің көңіл жаршым  
Барға риза, демеймін жоғымды алсын  
Жеткізеді ол күні ертең мен өлгенде де  
Күйге толы кеудемнің қоныр даусын.  
Ақындардың соны да, басы да емен  
Қайдан, қашап келерін басыма өлен  
Айта алмаймын, айтарым өлгенде де...

\*\*\*

Амал не тәңірім аға кимаған сон  
 Қайтейін аға еместі аға көрдім  
 Ішінен таңдап талғап таман елдің  
 Жактырмаса да жағалап бара бердім.

\*\*\*

Жыр мен ұйкас егіз ұғым екенін  
 Ұғынбасқа ұғындырып не етемін  
 Ұйқысыз-ақ көктетем деп жыр гүлін  
 Бәз біреулер әуре болып жүр бүгін  
 Қара сөзі өлен жырға бергісіз.

\*\*\*

Шырын далам!  
 Боз торғайы төсінде шырылдаған  
 Сенде туып, сенде өскем-дағы  
 Толып жатыр беймәлім сырын маған.

\*\*\*

Бір досым қуып ішті  
 Болар ма сол шіркіннің буы күшті  
 Іздеп жүріп табады қой-қайдағы  
 Данғаза, шу, ұрысты...  
 Ағайынмен кетісті ат құйрығын  
 Інімен, ағамен де,  
 Жармен де, баламен де суысты.  
 Елтігендей елеуреп құс үніне  
 Тыңдатпады үлкенді, кішіні де  
 Ой-сезімін дуалап алғандай-ақ  
 Кіммен ішсе, ол үшін кісі міне  
 Жанарынан жоғалтқан жан жылуын  
 Құлтіддеген көзінің ісігі ме  
 Ішті, ішті –  
 Қоймады, қуып ішті «шын ұғысты»  
 Ішкен кезде біреумен  
 Сәлден кейін бірінен бірі күшті,  
 Біреуіне біреуі жүгіністі,  
 Кім бақытты,  
 Кім дарқан,  
 Кім ырысты?  
 Сөз бермеді керілдеп бір-біріне  
 Құшақтасты,  
 Жылады, күлді міне....  
 Екпіндері каншаға жетер екен  
 Бүгін әзір еңбектеп кірді үйіне.

Қайран жігіт – ажары қандай еді  
 Бакыт үшін жаралған жандай еді  
 Азып-тозып барады көз алдымда  
 У ішкеннен басқа түк қалмай емі.

\*\*\*

Демесе де жау келді, атанға шық  
 Жүрмесен де жанмен жамандасып  
 Саулығын сұрап қыздар тек амандасып  
 Анау өлді дегенді айту үшін  
 Ара-тура турады хабарласып.

\*\*\*

Адамға адам – дос, жолдас, бауыр әрі  
 Өзен, көлі, орманы, тауы бағы...  
 Жарығы мен жабықына...  
 Бәрі де ортақ не үшін бірібіріне жауығады.

\*\*\*

Жүгірмей, желмей, жортбай, жорғалай  
 Өрмелеп шығып келем жонға карай.  
 Қыран болсам қонбас па ем шынға барып  
 Дариғай қанатымның болмағаны-ай.

\*\*\*

Жылмыңдаған жылы сөзден әрі аспай  
 Жүресіңдер-ау туыс болып сырт көзге  
 Ең болмаса қас қабақ қараспай  
 Алай-пылай бола қалсақ,  
 Аша алар ма есікті, екенсіңер адаспай.

\*\*\*

Өлеңді жазар едім бұрқыратып  
 Сай-сүйнгін талайың сырқыратып  
 Қорқамын Жазушылар Одағынан  
 Бір күні қуады-ау тырқыратып.

\*\*\*

Әр-әркіммен сағынысып, қауышып  
 Барды қойып жоғымызды тауысып  
 Жұмыр жерде қалт-құлт аман келеміз  
 Күнім-түнге, тннім күнге ауысып.

\*\*\*

Ұлына да қарайсын, қызына да  
 Дүниенің елтітпей қызығы да

Өтіп кеткен уақыттың сызы мына  
 Келген көктем, көңілді көтермейді  
 Елітпейді дүниенің қызығы да.  
 Көңіл туман. Ой күнгірт  
 Төнерек тыныш, кіл жым-жырт.  
 Отырар жерін бірде төр болса, бірде есік  
 Көңілім тұман, ойым күнгірт  
 Түгі түсіп сырыңда, жан кеуде де  
 Тұрмын деп нені көріп, нені көрмей  
 Өз өзімнен боламын жерігендей  
 Уақыттың тоны сәл-сәл ерігендей...

\*\*\*

Сізді 60-қа бір түрлі кимағандай  
 Қимаастығым тағы да кинағандай.  
 Айтұлы азаматтың азаматы  
 Лайық болса-дағы сыйға қандай.  
 Айтшы, аға, шын ба осы алпысыңыз  
 60-пенен бетпе-бет шарпыстын  
 Женгемнің әзілі емес, шыны болса  
 Жорамат, болсын тал түсініз.

\*\*\*

*Аға (Ақынбек Қайырбековке)*

Мен іні боп, сіз маған аға болып,  
 Көрген сайын, тұрғандай жана көріп  
 Сағынысар адамның бірі болып  
 Жүргелі де өтіпті жылдар талай  
 Қос жүрекке сезімнің гүлін егіп,  
 Көңіл шіркін жүретін сыйға қанбай  
 Көп киналдым айтқанда илана алмай  
 Өзім соған бет алып тұрсам-дағы  
 Сізді алпысқа бір түрлі кимағандай.

\*\*\*

Жарты керей, жарты үйсін, алған жарым  
 Жүрегімді лаулайды арман – жалын.  
 Жіктеп қайтем ағайын қалған жағын.

\*\*\*

Бакытымның кайнарындай көрінген  
 Уакытымның айдарындай өрілген.  
 Айналайын қасиетім, кастерлім  
 Сені іздеймін алабұртқан көңілмен.  
 Мөлдіреген өзендерім, көлдерім



Желбіреген тоғайларым, белдерім.  
 Көкірегі көр пенденің әні де айғыз.  
 Тереңдігін теңіздің түйсінбейміз  
 Асқар таудың таулығын тапымаймыз.

\*\*\*

Арғын десе аза бойы тік тұрған  
 Жанарына жас орнына шық тұнып  
 Шама келсе шамырқапып қалады  
 Дос емесін ұқтырып.

\*\*\*

Түс көрсе де жақсылыққа жорыған  
 Халқым сендай тым аңғатмып соны ұғам.  
 Кейде орынсыз сактық жасап жаттақпын  
 Кейде тіпті қорынбастан қорқынам

\*\*\*

Шым-шытырық шытырман түсінбедім түгіне  
 Ойлай-ойлай ойдың жа жете алмадым түбіне.

\*\*\*

Сырымды шындап ұққысы келсе кімде – кім  
 Көргенім көп пе, көрмегім көп пе – білмедім.  
 Бәрінде соның достармен теңдей бөлісем,  
 Бәрінде соның өздеріңменен біргемін.

\*\*\*

Аруға айдай талайлар сөз сап барады.  
 Қиылып ұзақ ғашық көзбен қарады.  
 Сүйгені оның біреу – ақ көптің ішінде.  
 Бірінің ғана бакыты шындап жанады.

\*\*\*

*Ербол Шаймерденовке*

Демесін әсте біреуі пәс те, бірі мол  
 Мағжанның жолы. Сәбеңнің – жолы ұлы жол  
 Арыстарымның рухы қолдап, көтеріп  
 Айта жүрсін солардай елдің ұлы деп.

\*\*\*

*Зейнолла*

Тірліктің ұзын-ұзын жолдарында  
 Соз емес жаурағаның, тонғаның да

Төз бәріне өлсе мен өнер үшін  
Тізгін енді сендердің қолдарыңда.

\*\*\*

Болмаса арақідік, бірен – саран  
Ойдағыңды кім берер кілен саған  
Жүрегінді мұң қарып тондырады  
Арманныңды аздырады жыр аңсаған.  
Баз ғұмырда осынау толып толмас  
Орындалып ойдағың болып – болмас  
Қайратың кара тасқа шабылады  
Адам көрсем дегенін көріп те оңбас.  
Жолың ауыр, көрінер қияндай қыр  
Бәрі соның адамға қиялмай құр  
Көкіректі мұң басып, шер бүркелеп  
Аспан-ана көз жасын тия алмай тұр.

\*\*\*

Перзенті болғаннан ба жетім елдің  
Қайтемін бүйте-сөйте жетілермін  
О. Мұха, аруағыңның аркасында  
Бәйгеден бір келмедім, екі келдім.

\*\*\*

Көміліп өмірдің кіл таңдайына  
Жүреміз тыным бермей жанға мына  
Түн бойы ой қуып дөңбекшесін  
Қанды ма, ұйқын, жаным, қанбады ма.

\*\*\*

Өр-эрнені ойлайды кесел адам  
Сындарлы күн болғандай кеше маған  
Көргенін көз құмарын сұсындатып  
Құдалықтап келдіп бе есен-аман.

\*\*\*

*Зейткенге*

Бекер ме, біздің Зекеңде  
Боратып жазатын –  
Күн сайын шығатын хабары  
Казір сиреді –  
Дегенмен шүйделі  
Көңілі зорайып  
Салмағы молайып барады.  
Жарады Зекем – жарады.

\*\*\*

*Сәлемге*

Үйде де, түзде де  
 Жазда да, күзде де  
 Өрге жүзеді, асығып жүреді  
 Пай, пай, пай – тынбайды  
 Ал айтқанын – бастығы Бибіш боп тыңдайды.

\*\*\*

*Бибішке*

Кесіп айтар,  
 Тыңдасасаң миыңа тесіп айтар  
 Мінезі адуын апамыз  
 Сондықтан апамыз  
 Сондықтан  
 Бәйек боп жатамыз  
 Қызық кой апамыз  
 Кейде бір орынсыз кинайды  
 Бірақ та өкпелеуге  
 Ешкімді кимайды  
 Сондықтан бұкіл ел  
 Биіпа деп силайды.

\*\*\*

Мен кіммін – айтыңдары, дос – жарандар  
 Кезім көп әрнені ойлап босқа алаңдар.  
 Жаксым болса, оны да жасырмаңдар  
 Жансак бассам айтыңдар, хоштамаңдар.

\*\*\*

Демесем де ірі едім, іргелі едім  
 Мен де келем үстінде жыр – кемеңнің  
 Талайларға тымді көрінеді  
 Білгенімнен, көп жайды білмегенім.

\*\*\*

Анажан, ыстық құшағың  
 Алыста жүріп ансадым  
 Жеткенше қатты қыс әлін  
 Есіме түсіп бат шағым.  
 Жеткенше, апа, қыс әлін  
 Алыста жүріп ансадым  
 Суымас бір сәт құшағың  
 Қыссаң да мейлі канша күн

Сағынып ұшқан айдынын  
Жыл құсы маған ұқсамас  
Аққуға кейде ұқсаймын  
Өзіңсіз өткен ай күнім.

### *Нан*

Бір үзім.  
Иә, бір үзім нан туралы.  
Бір түйір дән туралы  
Қаншама қасиетті сөз айтылмады.  
Қаншама қасиетті күй тартылмады.  
Нан – дәйім тіршіліктің нәрі болды.  
Қалтыратқан жас қолды, кәрі қолды.  
Ашөзекке тамызар зәмзәм болды.  
Дәрі болды – қысқасы бәрі болды.  
Барынша ұқсын дей ме нан қадырын  
Талай-талай кезең бар алда, күнім  
Сан асылды ұстарсың аман болсан  
Балама тек солардың нанға бірін.

### *Кім біліпті осы*

Қара сөздің де, өлең сөздің де пірі боп  
Жүсең де Сәбе айта алмай келдік ірі деп  
Әй қайдам, бәлкім қиналар ма едік бүгін де  
Ортамызда жүрсен Жамбылдың жасына тірі кеп.

Білеміз біздің Есіл бойында татар көп.  
Татарға туыс жандардың таны атар ма еді?  
Андамай қалып, биіктеп кетсең, төбеден  
Түсіреміз «компрамат» іздеп жатар ма ек?..

Жасырмай ойын айтқысы келіп ер өктем  
Шатастырды деп керек еместі керекпен  
Арпа, бидайды ажырата алмай кебектен  
Екшеген болып өткізбей жүрдік електен.

Болмаса - дағы олжамыз содан табар көп.  
Озып кетсеңіз, өртеніп іштей жанар ма ек?  
Бір біріміздің алдымызды орап жүрмесек  
Кім біліпті осы, казак бола алмай қалар ма ек?!..

*Аяз ата*

Жылда жана жылменен  
 Аяз ата келеді  
 Балаларға билеген  
 Силык әкеп береді  
 Өнер бәйге, Ән бәйге  
 Басталады қызық-ақ  
 Өзі бізден қалмайды  
 Бірге ойнады күнұзақ.  
 Аппақ ұзын сақалы –  
 Үсті – басы ақ қырау.  
 Елден ерек атаны  
 Бір жыл іздеп таптық-ау.  
 Сырғанаққа келіңіз  
 Сырғанаққа келіп, аға келіңіз  
 Биік таудан құлдилап бір ағамыз  
 Жарысады, қағысады жол бойы  
 Біеуінен біреуі озып шаңамыз.  
 Сырғанаққа келіп, аға, қараңыз –  
 Қызық ойын табамыз.  
 Төреші боп келтіресіз тәртіпке  
 Бір-бірімен қағысқанда шаңамыз.  
 Шаттақұмар кейбіреулер өресіз  
 Дау шығарса, көзіңізбен көресіз.  
 Сырғанаққа келіп аға қараныз  
 Жарыс деген қиын екен торесіз.

\*\*\*

*Әсет Бейсеұов*

Каскелеңде құдаша  
 Баска жерде құдаша  
 Бейсеұовке ұнаса  
 Жас келін де құдаша  
 Құдашалап қоймайды  
 Көңіл і кемге құдаса  
 Қарындасы боп шығады  
 Жеті атасын сұраса.

\*\*\*

*Әбдіғали Қарақұловқа*

60 деген адам үшін арайы мол бір биік  
 Жан-жағына тұратуғын шапақ шашып, нұр құйып  
 Әбекең де міне сол биіктен қарайды

Енкейменген ер еңсесі қызықтырып қарайды.  
 Мәуелі зор байтеректей жапырағы жайылған  
 Адамдығы, адалдығы, әр ісінен байқалған  
 Ардақтаймыз аяулы дос, ақылшы аға, әке деп  
 Ұл өсірген елге әйгілі, қыз ұшырған мәпелеп.  
 Әбекенді ел жігіт дейді, жалғаны жоқ және рас  
 Ол журналист алғыр ойлы, қиялы ұшқыр жаны жас  
 Сол ойлылық жастықпен қымбат бізге бәрінен  
 Жүз жасасып достарымен, ұрмағымен, жарымен.

\*\*\*

Ренжімей, қуанбай  
 Жылап, қайта жұбанбай  
 Қалай ғапа күн көрем  
 Қырда жортқан құландай.

\*\*\*

Кедарнату Агарваль.  
 Үндістан.  
 Еңбек пен ерлік данкын асырғандар  
 Арманшыл ардагерлерасыл жандар.  
 Қайраты құрыш болып жаралғандар  
 Дүниеге достық болып таралғандар  
 Сәлем сендерге!  
 Бакыт жайлы сөйлейді Үндістан да,  
 Шырт ұйқыдан оянып нұр құшқанда  
 Күніміз көкжиектен айта туды,  
 Көз көрді арман қылып айтатынды.  
 Сәлем Сендерге!  
 Ежелден Еділде өскен бауырымыз  
 Табыстырды бакытты дәуіріміз  
 Болшаққа халқымыз басты кадам,  
 Бағыт алып достыққа Москадан.  
 Сәлем Сіздерге  
 Кел, ортақтас болыңдар қуанышка  
 Кеңбіз досқа қашан да құрақ ұшқан  
 Гүлімізді, жанымызды, әнімізді –  
 Ұсынамыз – қалтықсыз бәрі де ізгі.

\*\*\*

*Мади Керейов құданың 70 ж. мерей тойына арнау*

Сырда сұлу тойы бар деп ағанын  
 Жеткізсек деп көңіліміздің сәт әнін  
 Міне, Женіс құданызбен екеуміз  
 Алып жеттік Сарыарканын саматын

Сырда сұлу той өтеді деп ағанын  
 Жиып қойып тірліктің бар аматын  
 Міне, Жәніс құданызбен екеуміз  
 Алып келдік Сарыарқанын сал әнін  
 Той болған соң бірі кетіп, бірі кеп  
 Қуанышы да аз болмайды, сыны көп  
 Біз сыншы емес, өзіміз боп қосылдық  
 Той тойлайтын кіші атаның ұлы деп, ірі боп  
 Толықтырсақ деп, қауым елдің қатарын  
 Көтерсек деп даңқы менен атағын  
 Жеттік міне таулар асып, су басып  
 Сөзін ұстап алыста Арғын атан  
 Ойыңызбар еткізбейтін қияндай  
 Арманыңыз алға бастар қиялдай  
 Аға дейміз құда деуге қия алмай.  
 Сіз дихансыз – айналасы бәрі егін  
 Әр сөзіндей тапқандай жұрт жан емін  
 Алып келдік өзімізбен біз бірге  
 Бикештің, Розаның, Ардақтың,  
 Еркін менен Салтанаттың сәлемін  
 Жітіп, Мәке, айбында асқар қыр басы  
 Ер жігітін армандайтын бір жасы  
 Азаяды аға менен құрдасы.  
 Бұл асуға шын асылдар шықты асын  
 Көңіліңізді ел көтерді құптасып  
 Алда әлі сексен де бар сенгірлі  
 Бір жетіңіз сол биікке дөп басып  
 Тобықтай боп тоқсанда  
 Өтер, өтпес тыңдар елге сөзін кіл  
 Қарт Жамбылдың алдын көрген батасыз  
 Соған жетіп тынам десең өзің біл.

### *Кім біледі?*

Әлде сондай бақыт тілеп талайға  
 Жас жүрегін жақсылыққа балай ма?  
 Әлде елінің жұлдызы боп ерен күн –  
 Көк жүзінде қалықтыуды қалай ма?..

\*\*\*

Ерте, ерте, ертеде,  
 Бәлкім одан да ертеде  
 Шабак шортанды жұтқан кезде  
 Арыстан қояннан зытқан кезде

Алатаудың бауырында  
 Ан патшатығының ауылында  
 Ұлан-асыр жиын болыпты  
 Той басқарушы тиын болыпты.

\*\*\*

Ауырсам жанға дауа, азығым өн  
 Қасқыр боп көрінбедім азуы қан  
 Алда қанша күн кешем, өлшеуі жоқ  
 Бәрі, бәрі атланың жазунан.

\*\*\*

Күтпес жерде сен де күттің, мен күттім  
 Бұл байламға бәлкім кештеу келдік тым  
 Қайтсе-дағы сүймей өту сор екен  
 Бәрін ұқтым, бәрін, бәрін... енді ұқтым.

\*\*\*

Бас болды, бастық болды, бағы жанды  
 Сырты дүрдей, іші бос, жаны – жарлы.  
 Бірақ оның бірі есеп емес,  
 Өзіне керектерді танып алады.

\*\*\*

Тірліктің ең асыл жаһұты  
 Батаның бақыты анаың бақыты  
 Ақ жолын тілеумен қатады  
 Келгенде ұшатын уақыты.  
 Мөп мөлдір бұлақтай таза тым  
 Кез келді қанатын жазатын.  
 Алдынан ай, артынан күн тусын  
 Биікке самғай бер қызым.  
 Арманың тілеген өмірден  
 Нұр болып құйылсын төгілген.  
 Менде бір анамын, қағағым  
 Күн күліп тұрсын тек көгіннен  
 Тілегім аналық көңілден.

\*\*\*

Өленге әсем ұйкасындай атың да  
 Өткірлігін екі жүзді алмастай  
 Жар болуға жан екенсің ақынға  
 Көркін андай көрген жанды арбаған  
 Күлкін қандай сынғырымен алдаған  
 Ажар-көрік, ақыл зерден арбаған  
 Бұғауыннан қайтып құтла алмаған.



Мойындаған жатын тұрмак, жакын да  
 Сұлу да көп көше толы қарасан  
 Сонын бірі тырнағына татима.

\*\*\*

Сен де келдің өмірге мен де келдім  
 Сен небердің өмірге мен не бердім  
 Ұқсастығы қай жерде ер мен ердің  
 Айырмасы қай тұста пенделердің.

\*\*\*

Қашан да ел мен ер егіз  
 Қиындықтан қорқар дейміз  
 Аға, ініміз экономист  
 Құдайдай ұйып сенеміз.  
 Тылымыз мықты шүкірлік  
 Қиналамыз оған неге біз  
 Нарықты дағы жеңеміз.

\*\*\*

Мәуелі Алатаудың бактарындай,  
 Әдемі Сарыарканың ақ қарындай  
 Тазалығын талайды таңғалтады –  
 Қаңтарда аппак болып жатқан ұдай.  
 Қылаудай көкірегін кір шалмаған  
 Жаманға көз қиығын бір салмаған  
 Қадірлі алты алаштын азаматы  
 Қырандай биіктерге кіл самғаған.  
 Дәл бүгін келді деуге Сізді елуге  
 Сенбейміз көріп жүрген біз де күнде  
 Қайда барса қасиет – қадірі артқан  
 Ізгіліктің таңбасы іздеріңде.  
 Алдында асуы көп алар тағы  
 Күлкімен толтырып әр ораны.  
 Жұртқа, жүзге бөлмейтін кендікпен  
 Алатау мен жалғаған Сарыарканы.  
 Алматыны мекендеп қоныс қылған  
 Ырыс қонса толтырар жол үсті деп  
 Көкірегіннің кендігі азаттық  
 Есіл менен Ілені тоғыстырған.  
 Елу елдің дер жасы, күз демейін  
 Қыздардың да көңіл сізге бейім  
 Ерлігінізбен жарасып кетіп серілікпен  
 Жамбылдың жақсылығын  
 Бойға құт қып  
 Аман-есен жүріңіз 100 дейін.

\*\*\*

Адамдардың бәрі сол-ау азарда  
 Байлығы да, бакыты да базарда  
 Саудагердің түсіп кетті қолына  
 Уақыт қайтып жан жарамды жазар ма?!

\*\*\*

Күнімен дем алады  
 Түнімен жем алады.  
 Жапалак  
 Күніменен ұйқысын  
 Қандырады жақсылап  
 Түнде ұшады бұл құсың  
 Жемін іздеп, тап шырақ.  
 Жапалак  
 Көктем келсе көңілді  
 Төнеректі сәнді етіп  
 Күйге бөлер өңірді  
 Өзін косып, әндетіп.  
 Көкек  
 Бағбан аға –  
 Жақсы аға  
 Қадірлі адам елдегі  
 Қалада да көп қызық  
 Жетіп жатыр әрине  
 Бар жолдасын, досын да  
 Каникулын осында  
 Тұрған жақсы-ау өткізіп.

\*\*\*

Ер мен ездін біле алмай не екенін де  
 Жарылғаның жасырып шекенін де  
 Досым көп, дұшпаным жоқ деп күлеміз  
 Өтен, бәстесі бар текенін де.

\*\*\*

Телефон шалды кешқұрым  
 Хабарсыз кеткен бір досым.  
 Суысып қалғандай едік  
 Сонғы кезде іргесін  
 Алыстау салып жүргесін.  
 Сұрады бәрін түгендеп –  
 Тәптіштеп амандығымды  
 Мен ғана сені білем деп.  
 Білем деп балаң күніңді.

\*\*\*

Бұйығы қалпы, білдірмей өмірде бары, жоғында.  
 Көш бастар кезде қалып қап, жүреді жаймен соңында  
 Ақын-ай қайран аңғалдау – есепен болмай шаруасы  
 Тілінен табар тірлікте бақытын, барлық сорын да.

\*\*\*

Жана алмайтын жандарды жаһұтым деп  
 Босқа татай өтті уақытым көп  
 Түсінсең ғой, қалқам-ай, түсінсең ғой  
 Енді өзіне қол создым бақытым боп  
 Қнығын жанарынның түсірсең ғой.

\*\*\*

Шын ғашық баз кешіп бар тірліктен  
 Тентіреп Мәжүндей өлмес пе еді.  
 Тағдырдың талкегіне көнбес пе еді  
 Бәрін де бақытынан көрмес пе еді.

Балауса жітіт едің он бестегі  
 Он бесте сезім өрбеп –өнбес пе еді.  
 Жөн бе екен алды болжап, жол кеспегі  
 Арманы алаулаған алдап кетсе.

\*\*\*

*Бақыт Әшімоваға*

Бір таң атып келеді –  
 Бір таң атып...  
 Дүниеге алаудай нұр таратып.  
 Тербе әлемді әлдилеп бесігіңде  
 Бар даусыңмен тебіреніп шырқа. Бақыт!

\*\*\*

*Қайрат Жұмағалиевқа*

Қайраттар біздің еркелеп өскенеркін-ақ  
 Қылығына әр кез қаласын қарап, елітіп-ақ  
 Көңілі сақса қайнағаларын кезекпен  
 Жөнейді сонға ертіп ап.

Елеген емес шілде ме, яки ақпан ба  
 Басқа жұрт өзін сүйретіп келе жатқанда  
 Кетеді жөнep тнейді дағы жүктерін  
 Әлжекене, болмаса ақын Жаппарға.

Мыктымыз деген талайлар босқа бөскен құр  
 Болмаған мұндай әлемді алған Ескендір.  
 Басқалар басын зорға алып жүрген заманда  
 Қайынжұрт жағын түбегейлі етіп шешкен бұл.

Күйеу ғой шіркін дүркіреп тұрған атағы  
 Көргенде оны өз жайын жанға батаы.  
 Қыздарын қойып, қайындап барған кезінде  
 Өзендері мен тауларын сыйлап жатады.

\*\*\*

Ах шіркін дүние жалған-ай  
 Құдайым Сауысқанға бақ берген соң  
 Самұрық қызмет етер саясында.

\*\*\*

Шайқалсам арқа сүйер тауым менін  
 Сөзіміме әкелдіңдер ауыл демін.  
 Құда боп кезіктіңдер құдай деген  
 Бірақ мен екеуінді құда демеі  
 Құдай иіп кезікен бауыр дедім.  
 Айрылып екі арыс – екі ініден  
 Алмастай тасқа тиген кетіліп ем.

\*\*\*

Олар екеу еді –  
 Өнерге қаршадайдан етене еді  
 Тербеліп ай астында салған әні  
 Барады түн сейіліп сырғып тұман  
 Ғажап ән жанды баурап, сырды ұқтырған  
 Көңілдің көкжиегі көтеріліп,  
 Далаға жан кірердей мүлгіп тұрған.

\*\*\*

Кейбіреулер кергиді кекіреңдеп  
 Кекигеннен ойлайды-ау жетілем деп.  
 Таңбасында тарихтын жалғыз қалып  
 Тұрып қалсам дей ме екен шетінен кеп.

\*\*\*

Мен алпысқа таяп қалдым, шүкірлік  
 Кімді құдай жаратады бүтін ғып  
 Алды-артымды шоламын да, басылам  
 Кеудеме бір қона қалса күпірлік.  
 Пенделік-ай, байлық іздеп дал болам  
 Сұм байлыққа қызықпаған бар ма адам.

\*\*\*

Мұзаға!  
 Біз емессіз Сіз, аға  
 Жөн білетін адамдар  
 Жолды осылай бұза ма!  
 Кеше бөліп – жарғанда  
 Бармаған да, барған да  
 Кетер-ау деп арманда  
 Екі шалдың қасында  
 Болмас па еді қалғанда.  
 Ән – аға  
 Ұксап кейбір балаға  
 Еркінге еріп үн-түңсіз  
 Шығып кеттің далаға.  
 Айтыңызшы ондайға  
 Тобын тастап толқыған  
 Сіздей адам бара ма.

\*\*\*

Ағайынбыз, жекжатбыз, құдағыймыз құдамыз  
 Бірімізді біріміз жанымызбен ұғамыз  
 Екі талай күн тұса басымызға бірқалай  
 Елден бұрын қол ұшын берсек-ау деп тұрамыз.  
 Дімкәс көңіл құлазып болған кезде шерменде  
 Жанымызда дәрігерлер сактайды деп келгенде  
 Рахмет, Серікжан алдымыздан сен шықтың  
 Ол да шипа пендеге жан ауырып келгенде.

Ағайынбыз айнымас, түспесе де күніміз  
 Құдай қосқан басында бірімізге біріміз  
 Адамдармыз шын жақын, кісі күні кісімен  
 Тірі жүріп қалайша ұмытымыз мұны біз.

Айдай сұлу қыз едің көргенді естен тапдырған  
 Ізгілікті іздейтін жарала ма жан нұрдан.  
 Адамдарға ойлаған жақсылығын оратып  
 Келе берсін еселеп, айналайын алдыннан.  
 Деген сөз бар халықта – баталы-құл арымас  
 Жақсы адамның қашан да жамандыққа қаны қас  
 Саған тәңірім береді тілегеннің бұрын де  
 Дүниеде құдайдың болса шынынан бары рас.

\*\*\*

Бір жатып, бірге тұрып сағынасын  
 Сағынбай сүйгенен соң не ғыласың  
 Клукарын блмаса да, тірі жансын.

Кей-кейде құдай атып қағынасын  
 Шаман жоқ көп жүруге, алқынасын  
 Кейде тіпті қарамй артына шын  
 Еліріп еркектігің ұстап кетіп  
 Кәрі айғырдай үстіне артыласын.  
 Қасында бірге жатып сағындырып  
 Қойған кемпірге табындырып,  
 Жолынан еркектіктің жанылдырып  
 Өнер де дара-дара, дара-дара  
 Көп қызықтар кірмейді санаға да  
 Қара шал болды бүгін кара бала  
 Жокка есептер ме екен бара-бара  
 Қызықтың бірі кетіп, бірі қалған.  
 Жатамыз ішімізден тынып анық  
 Кемпір де қауқарыңды біліп алған  
 Биіктен қарайтындай ыңыранып  
 Өтті-кетті, бәрі де өтті-кетті  
 Шатыңның шалқығанмен күні ғаріп  
 Кең дүние тарылған қуықтайды  
 Арм қалай алыстап – жакындайды  
 Жүрегінде тұрғандай тұнып қайғы  
 Көп қиялың маңына жуытпайды  
 Бәрі-бәрі, бәрі де суықтайды.

\*\*\*

Жан ұрып, қос өкпесін қойна алып  
 Төрт ұбылаын ойменен шолып алып  
 Елім деп жүр әнскей Ел ағасы  
 Бакыттың көрсетсем деп жолын анық.  
 Елдік қайда? Көрсетіп соны нұсқап  
 Арманы өркениет өріне ұшпақ  
 Мүмкін болса Айды алып берер еді  
 Өтен заман, Әзірге қолы қысқа-ақ.

\*\*\*

Үрген қармен тіресіп  
 Аршып алдым қорамды  
 Дәл осылай күресіп  
 Жөніп шықтым боранды.

\*\*\*

Нұрланып шілдедегі күн батканда  
 Лүпілдеп ғашық жүрек тіл қатканда  
 Алтыбақан тербеліп ай астында  
 Ең алғаш қызға жігіт тіл қатканда...

\*\*\*

Біреу ұлы Алтайдын  
 Біреу ұлы Алатаудын  
 Таудын ұлы тау секілді.  
 Тау мінезді байқаймын  
 Ал мен болсам кең жазықта  
 Ен жазықта тұғанмын  
 Сол жазықтай көңілім де  
 Өтіп жатыр ай-хой күн.

\*\*\*

Білем өзім – акындардың ең алды, ния ең соны  
 Мен емеспін, ерте – кеш пе айтады өлі ел соны  
 Өзімшілдік тура айтарлай тура би – күн келсе елі  
 Ер жігіттің арына сын – қиындыққа шыдамау  
 Көкірегімде жалын атпай әлі күнге жүр алау  
 Пенделіктің пешенеге тіркеп берген тіреуі.

\*\*\*

Өз ортасында атақ – дақа кенелер  
 Дертін емін басқадан тауып емделер  
 Табады жолын, созады қолын аулаққа  
 Жол іздей қалсам мен де егер.

\*\*\*

Өлеңді де көктетті.  
 Өнерді де көктетті.  
 Азап екен кара сөз  
 Уақыт деген көп кетті  
 Сөйтіп жүріп Тұтқабай  
 Композитор боп кетті.

\*\*\*

Еңсемді езіп, тұрғандай кара күн  
 Мен де жылаймын, сен де жылайсың, карағым  
 Жадырар емес жабырқпу тартқан жанымыз  
 Бакыттың айтып тауыстың ба екен бар әнін.

\*\*\*

*Шәміл Әбілтаев*

Шаршауың да ағанмен бір сияқты.  
 Аңсауың да ағанмен бір сияқты  
 Сенің әнің – аға айтар ән сияқты  
 Аға жыры – сен жазар жыр сияқты,  
 Содан ба екен акын мен сазгер жаны

Бір мезетте ашылар гүл сиякты  
 Жырды зуепмен астарлап, толықтырып.  
 Өн байына шырын-нәр болып кіріп,  
 Өнер егіз, ағайын біліндер деп,  
 Жүргендейсін сен Шәміл соны ұқтырып  
 Баска қатай, мен солдай қабылдадым  
 Сапарларда өзінді жолықтырып.

\*\*\*

Не сурайсын, жарығым,  
 Жүру-тұру – бәрі мұн  
 Отыр әкең шәу тартып  
 Жырын жазып кәрінін.

Жібермейтін елге есе  
 Жігіт едім мен кеше  
 Жолынан жаудың алар ем  
 Қолынан әкеп бермесе.

\*\*\*

Ала жіптей таркатылған жол мынау  
 Алмағайып замандарды көріп-ау  
 Өке-бата бірімізді-біріміз түсінбейтін болдык-ау.  
 Отыз жыл бұрын сен келдің, балам, өмірге  
 Інгә даусынмен дем бердің жадау көңілге  
 Төрт құбылам тегіс болып кеткендей  
 Кеткендей бір боп ылдым менен өрім де.

\*\*\*

Жалған фәнидің білсек те тұрақты емесін  
 Қатар жүздіріп шығып ек мұрат кемесін  
 Тіршілікте тым – тырыс күн кешенменен  
 Мен өлсем ғой – буырымдап жылап келесін.

\*\*\*

Байлау да жок, баян да жок.  
 Маскара...  
 Қарамайды кәріге де, жаска да  
 Сұлулықка көңілдері көрбілте  
 Қол жұмсапты тұғырдағы таска да  
 Көзі бардың көре алмауы сор қандай  
 Хак сіне көне алмауы сор қандай  
 Адам құсап жұмыр жерді тік басып,  
 Адам құсап өле алмайды сор қандай  
 Сол сорлылық алыстырып мүсінмен,  
 Шағыстырып, шабыстырып мүсінмен.



Аярлығы әзәзілге айналып  
 Шошындырып түнде оятқан түсінен  
 Қызғанышы ішіне шок түсірген.  
 Қас тұлпардың озғаны да – қызғаныш  
 Қолын көкке созғаны да – қызғаныш  
 Қызғаныштан өтіне У құйылып.

\*\*\*

Біреуден кейін, біреуден сәл-сәл тәуірсің  
 Ауырса жанның, тек адам үшін ауырсын.  
 Төңерегімізді қоршаған аран аярлық  
 Мына ғұмырда адал жүру де ауыр сын.  
 Адам тағдыры-қанбақтан жеңіл, қауырсын  
 Әркім бір мінген ерғашты аттай жауырсын  
 Өмірдің өгей жетімдей өскен жалтақтап  
 Алдыңда асқар алдырмас асу, ауыр шын

\*\*\*

Кеше болған бозбала шағымда мен  
 Қызығушы ем алдағы адамдарға  
 Құрбы қыздар мен қанша сабылғанмен  
 Соларға көп қарайтын, амал бар ма.  
 Қыз дегендер көктемде қызғалдақтай  
 Қыз дегендер қырмызы, қыр гүліндей...

\*\*\*

Беу дата шет-шегі жоқ кеңістігім:  
 Дән-дария ойы – қырын тегіс бүгін.  
 Диканның мәртебесі биіктеген  
 Не деген келісті күн.

\*\*\*

Кіл қайшылық қарасаң мына ғалам  
 Туғандар да кей-кейде бір анадан  
 Тіл таба алмай жатады – амалын не?!  
 Кете алмайсың қол ұзіп бірақ одан.  
 Кете алмайсың – арнаң бір, бастауың бір.  
 Тұғырың бір, ұшатын аспаның бір.  
 Тағдырыңның сан тарам тармақтарын  
 Бір желіге мтаған баста ғұмыр.  
 Ашақтатып жол менен жол арасын,  
 Біраң шалғай біріннен қона аласың.  
 Қаншама алыс кеттім деп ойласаң да  
 Біәрі бір сол желіге ораласың.  
 Сан кня, сан асудан асқан арман.  
 Бұл күнде бурыл тартып, шашта ағарған.

Басынды тауға да ұрып, таска да ұрып  
 Желіне ораласын бастау алған.  
 Жалпак елге етсем деп барыңды әйгі.  
 Албырт сезім әр жерде арындайды.  
 Токтар кезде бәрі бір басау алған  
 Қайнарындай қасиет табылмайды.

\*\*\*

Сол ғана езу тартып күлімдедің-  
 Жиырмаға бүгін толған күнім деңін  
 Жаным-ау, бұрын неге айтпағансын  
 Киналдым, киналдым ғой сол заматта  
 Силайтын болмай қатып гүлім менін....

\*\*\*

Көрдік кой талай жазық, талай белді...  
 Көрдік кой талай дария, талай көлді...  
 Бәрі де сұлу шығар, бірақ менің  
 Көңліме Қарқараты арай берді...

\*\*\*

Тұзым жеңіл, бір жанмын  
 Алай-дүлей айнатам толы дауыл.  
 Алақанға талайлар түкіреді  
 Жөні келіп түссе деп қолыма бір.  
 Ұршық-өмір зырлайды дөңгеленіп

\*\*\*

Біреуге сөз дарыған, дарымаған  
 Түгендей ме тірліктің бәрін адам  
 Мен түгіл от шайнаған Қасымдар да  
 Тірлігінде үйге еш жарымаған.

\*\*\*

Түсінбеймін өзім де, мұнысы не  
 Үйлеспейді бір ісім бір ісіме.

\*\*\*

Білсең айтшы, кім осы сыншы деген  
 Талант па табиғаты шын шіреген.  
 Болмаса көлеңкеде жан сауғалап  
 Көзінде былайғы елдің күнсіреген.

\*\*\*

Бейне бір менің бакытым сынды ансаған  
 Арайлап атар әр таңды, достар, қарсы атам.

Өмірге дәйім қуаныш алып жетеді  
Алауы онын жаксылық үшін жар салам.

\*\*\*

Отыз рет қыс пенен жаз алмасты –  
Дей көрмендер бұл ағамыз алжасты  
Әлі күніге осы жөнгелерінді  
Сүйіп келем көргенімдей алғашқы.  
Іздей берсе жетіп жатыр менде мін  
Сыр айтам деп шынын айтар пендемін.  
Жөнгелеріннің арқасы, жігіттер  
Осы жаска бозбата боп келгенім.  
Күлесіндер! Керек шығар күлуде  
Мұндай ағдай бір-ақ ірет ілуде  
Кезігетін болар бәлкім. Таласпан  
Қасиет сол бірді де айта білу де!  
Бәлкім енін бағыма  
Кездейсоқтық шығар бұл бір кезіккен  
Бірақ оны алдын ала сезіппем  
Сұраңдар – жасырайын несіне.  
Қай қылығым түссе бүгін есіме  
Кінәләймін өзімді өзім өлердей  
Сүйген жүрек біледі кешіре  
Ойлап тұрсам өткенді  
Жастығым да, мастығым да көп болды.

\*\*\*

*Темірхан*

Мамырдағы тойған марка көзідай  
Жанды тербер жайлы, майда сөзі май  
Бастықтығын бақырайтып көрсетпей  
Есаға! – деп жүрсе болды өзі ұдай!

\*\*\*

Жылап өткен, жырлап өткен Әлі карт  
Ендіғана атқандай ма таны нарт.  
Бүгінде де бірі «мырза» екенін  
Елден жиған байлығымен бәрі мәрт.  
Көп жасадың, өзін де көп жасадың  
Тірлігінде көп асудан аспадың  
Мен етпеген биіктерге жетсін деп  
Ойлаушы едің Арыстаным, Дастаным  
Ғажап күндер, азап күндер не деген  
Текті, тексіз....  
Бәрін бірдей тенеген.

\*\*\*

Көктем тұрмақ, жаз тұрмақ, күзін де арман  
 Ерлікті жасамайсың қызынғаннан  
 60-жылдарда бір-ақ барып  
 Болашақ астанада ізін қалған  
 Менің мынау жанымның жыры, сыры  
 Көріңсін қимас күдер белгісіндей  
 Шын акын елді сүймей, жерді сүймей  
 Көңіл сол мен аманда, сен аманда  
 Құлап жүрем өзіммен тен адамға  
 Жұрт тыныш, жақсы болсын ел аманда  
 Алғы күнді жаратушы алла білер  
 Күш қайтты, енді айланып келе аламба  
 Өлген-тірілгеніне карамаған  
 Мына ғұмыр жанымды жаралаған  
 Жұмыр жерде құмырскадай ғұмыр кешем  
 Кеудемде шыбын жаным болғаннан соң  
 Акынмын ғой, аматсыз қалам алам.

\*\*\*

Алтайдан ұшқан акыйғымның бірі деп  
 Көрінер биік, қатарда құрбыннан ірірек  
 Аман жүр, қалқам, елі – жұртыңның бағына  
 Кішіге – аға үлкенге қимас іні боп.

\*\*\*

Ой алам-ай неткен жан ем төзімді  
 Кей-кейде танымастай өзімді  
 Күй кешемін, құтым қашып заматта  
 Ұмытамын аузымдағы сөзімді.

### *Балаларға арналған жұмбақтар*

«С» әрпіне ұқсайды  
 Көкмұздақта тұлпарды  
 Тайғанатпай ұстайды

(таға)

Қуып жеткен құмайды  
 Құйрығымен алдайды  
 Дүрегейлер былайғы  
 Оны ұстай алмайды.

(түлкі)

Тәулік бойы бір тынбай  
Тык – тык етіп тұрады.  
Болса да өзі құртымтай  
Үлкен мақсат – мұраты.

*(сағат)*

Төбесінде қары бар  
Етегінде жазы бар.

*(тау)*

Толып жатқан тісі бар.  
Ағашпен тек ісі бар.

*(Ара)*

Қойны толы қазна –  
Не бір асыл бар онда.  
Көрінеді азырақ  
Қаншама көп алсаң да  
Дүниеде теңі жоқ –  
Алған жанның кемі жоқ

*(кітаптағы білім)*

Тәулік бойы сөйлесе,  
Бір шаршадым демейді.  
Не дейін мен көрмесем  
Мұндай берік көмейді.

*(радио)*

Өзі шағын, ішіне адам сияды.  
Құлағына талай сырды құяды  
Бір тетігін түртіп қойсаң,  
Заматта сөйлегенін тияды.

*(телевизор)*

Жұп-жұмыр –  
Айнала сызық  
Әлемді көрсетеді –  
Қызық!

*(глобус)*



**ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВТЫҢ ӨМІРІНІҢ  
ӘР КЕЗДЕРІНДЕ ҚАҒАЗ БЕТІНЕ  
ТҮСІП, ЖАРЫҚ КӨРМЕГЕН,  
КЕЙБІРЕУЛЕРІ БІТПЕЙ ҚАЛҒАН  
ӨЛЕҢ ЖОЛДАРЫН ҰСЫНЫП  
ОТЫРМЫЗ. ӨЗІНІҢ ӨМІР  
ЖОЛЫНДАҒЫ КЕЗДЕСКЕН  
ҚУАНЫШЫ, ҚАЙҒЫСЫ, ӨМІР  
ТОЛҒАМЫ СУРЕТТЕЛГЕН. ЕЛ  
ТАҒДЫРЫ, ЖЕР ТАҒДЫРЫ  
ОҚЫҒАН ОҚЫРМАНДАРЫН  
БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛДЫРМАЙДЫ.**

